

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы

Шакаримова Г.М.

Тақырыбы: Тергеушінің адам өлтіруді тергеп-тексеру кезіндегі  
ұйымдастырушылық қызметі

Ғылыми жетекші:  
Қылмыстық процесс  
кафедрасының профессоры  
полиция полковнигі з.ғ.к:

А.Қ. Қалиев

Қарағанды 2020

## Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу барысында адам өлтіру қылмысын тергеудің қылмыстық құқықтық және процессуалдық сипаттамасы.....	11
1.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы адам өлтіру қылмысын тергеудің түсінігі мен мәні.....	11
1.2 Адам өлтіру қылмысына байланысты тергеушінің сотқа дейінгі тергеуді ұйымдастыру ерекшелігі.....	24
2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында адам өлтіруге байланысты қылмысты дәлелдеуге жататын мән-жайлар.....	42
2.1 Адам өлтіру қылмысын ашуға бағытталған тергеудің бастапқы және кейінгі кезеңдері.....	42
2.2 Адам өлтіру қылмысын ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуі.....	63
Қорытынды.....	81
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	83

## Кіріспе

**Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі** «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауында «Құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі. Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет ету – әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады...» деп атап көрсеткен [1].

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібінде - негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды және олардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен ақтауға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен карауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген.

Осыған орай, бүгінгі таңда елімізде құқықтық, демократиялық мемлекет орнату жоланды бірқатар игі шаралар жүзеге асырылуда және бұл шаралар елдің, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени, сондай-ақ, құқықтық жағдайларын жақсартуға бағытталған. Алайда, жалпы құқық бұзушылықтардың ізгі мақсаттардың даму барысына кері әсерін тигізіп отырғаны рас.

Қоғамдағы қылмыстар саны азайғанымен, адамдарға тікелей зардап келтіруші адам өлтіру, зорлау, тапсырыспен адам өлтіру және қарақшылық, шабуыл жасап тонау сияқты қылмыстың ауыр түрлері кең етек алып отыр. Жеке адамға қарсы қылмыстардың ішіндегі адам өлтіру өте қауіпті қылмыс түрі болып табылады. Негізінен ол адамдарға орны толмас, қайта қалпына келмес үлкен қайғы келтіреді және қоғамға кері әсерін тигізеді. Адам өлтіру қылмысы айтарлықтай қиындықтармен, аса үлкен жұмыстың нәтижесінде ғана ашылатындығы белгілі. Сонымен қатар, қылмыскелер жасаған қылмысы бойынша жауаптылықтан құтылу үшін барлық жағдайды алдын ала ойластырып, тергеуге қарсы әсерін тигізеді. Олар қылмысты жасауға ұтымды сәтті уақытты таңдап, қылмыстық ойын жүзеге асырғаннан кейін, артында барынша аз дәлелдер мен айғақтар қалдыруды ойластырады. Тіпті қолға түскеннің өзінде құтылу үшін қылмыс орнынан тез арада кету немесе басқа да кері әсерін тигізуді жоспарлы түрде жүзеге асырғысы келеді. Осыған орай дұрыс және жеткілікті негізде ұйымдастырылған алдын ала тергеу, анықтама жүргізу қызметтерінің нәтижесінде олардың барлығы әшкерленіп, қылмыскерлер өздеріне тиісті жазаларын алуы керек.

Әрбір болған адам өлтіру фактілері анықталғанда қылмыстық істер тіркеледі, бірақ қылмыс құрамдарының әртүрлілігі нақты қылмыстық істерді тергеу әдістемесінде белгілі ерекшеліктерді туындап, көптеген болжамдар қарастырылады. Осы орайда тергеушінің міндеті – кісі өлімінің себебін және кінәлі тұлғаларды анықтау, қылмысты кім жасады, неше адам, және олардың

әрбіреуінің нақты әрекеті және әдейі немесе абайсыздықта өлтіргендігі, сонымен қатар адам өлтіруді тергеуге бағытталған басқа да сұрақтарды анықтай отырып қылмысты ашуға бағытталған шаралар жасау.

**Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты** ретінде оның тақырыбына байланысты мәселе жөніндегі ғылыми жетістіктер мен тәлімді тәжірибелерді оқып үйрену. Сонымен қатар, адам өлтірудің мақсаты мен ниеті, оның салдарынан пайда болған басқа да қылмыстық әрекеттерді тексеріп қарастыру маңыздылығын ашу, тәжірибеде және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын зерттей отырып диссертациялық жұмыста оны сипаттау болып табылады. Адам өлтірудің жалпы себебін анықтай отырып, оған дейінгі болған жағдайды көз алдына елестету, адам өлтірудің бұл жердегі жағдайын білу, оның дәл уақытын және себептерін анықтау.

Зерттеудің мақсаты ретінде сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адам өлтіру қылмысын тергеуге бағытталған кешенді шараларды зерттеу, олардың тәжірибеде жиі кездесетін жағдайларды қарастыра отырып, негізгі мәселелерін зерттеу, қылмыстық іс жүргізудегі сотқа дейінгі тергеп тексерудің бінғай жүйесін құру, сондай-ақ оны жүзеге асырудағы тиімдірек маңызы бар әдістемелік ұсынымдарын қарастырып зерттеу болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қарастырылған:

– сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адам өлтіру қылмысын тергеудің мәні мен мағынасын айқындау, маңызын сипаттай келе кездесетін мәселелерге теориялық тұрғыда талдап шығу;

– сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адам өлтіру қылмысын тергеудегі тергеушінің, тергеу бөлімі бастығының әрекетін анықтау;

– тергеушінің тергеп тексеру барысында адам өлтіру қылмысын тергеуге қатысты іс жүргізуде сараптаманың маңыздылығын ашу және басқа да тергеулік әрекеттерге көңіл бөлу;

– қылмыстық іс жүргізу мен криминалистикалық әдістер тарапынан ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

**Диссертациялық жұмыстың міндеттері.** Жоғарыда келтірілген мәселелердің дұрыс жүзеге асыру мақсатында келесідей міндеттер ұсынылып, олардың шешілу жолдарын қарастырады:

- қылмыстық іс бойынша адам өлтіруді тергеудің нақты нормаларын ғылыми тұрғыда қалыптасуын зерттеу;

- адам өлтіру қылмысын тергеуге бағытталған қылмыстардың құқықтық сипаттамасы мен ерекшеліктерін қарастыру;

- алдын ала тергеу барысындағы адам өлтіру қылмысын тергеуге бағытталған тергеушінің процессуалдық әрекетін анықтау;

- қылмыскерді іздестіру және қылмыстардың ашылуы мен тергелуінің жалпы жағдайын талдау арқылы адам өлтірген қылмыскерді ұстауға бағытталған нақты шараларды анықтау;

- адам өлтірген қылмыскердің қылмысын әшкерелейтін процессуалдық шараларын жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасау;

- адам өлтіру қылмысында жүргізілетін тергеу әрекеттердің нақты түрлері ерекшеліктерін айқындау;

- қылмыскердің жеке басына нақты сипаттама беру;

- адам өлтіру қылмысына байланысты жүргізілетін сараптаманың түрленінін айқындап сипаттау және салыстыру.

**Диссертациялық жұмыстың нормативтік негізі** халықаралық, шетел және Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидалары, зерттеудегі мәселелерге қатысты республикамыздың заңдары, ведомствалық нормативтік актілері, Жоғарғы Сот Пленумдарының қаулысы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Прокуратураның, Әділет министрлігінің нұсқаулық құжаттары және басқа да нормативті материалдары құрайды. Жұмысты жазу барысында Халықаралық, Конституциялық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық құқық бойынша Қазақстандық және шетел әдебиеттері қолданылды.

**Магистрлік диссертацияның әдістемелік негізі.** Магистрлік диссертация жазуда тарихи, таным теориясының әдістері, сондай-ақ кейбір мәселелерді шешуде салыстырмалы-құқықтық, статистикалық зерттеу тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық негізін азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық істер жүргізу, криминалистика, жедел іздестіру қызметінің теориялық еңбектер, сондай-ақ, басқа да ғылымының арнайы әдістері қолданылып, жан-жақты теориялық және тәжірибелік тұрғыда зерттеу жүргізілді.

**Диссертациялық жұмыстың пәні** болып Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық құқықтың қайнар көздері, құқық қорғау органдарының заңға тәуелді нормативтік актілері, қылмыстық сот өндірісіндегі адам өлтіру қылмысына байланысты нақты тергеулік әрекеттер мен соттық тергеу тәжірибесі саналады. Сонымен қатар, қылмыскерді іздестіруге бағытталған тергеушінің әрекеттерін зерттейтін заңдылықтар, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізудегі кісі өлтірген қылмыскерді ұстауға және оның қылмысын әшкерлеуге және қылмысты ашуға қатысты құқық қорғау органдарының қызметінде көрінетін ұйымдық - тактикалық мазмұндағы заңдылықтар жатады.

**Зерттеу объектісі** қылмыстық іс жүргізу барысындағы адам өлтіру қылмысы бойынша тергеудің тиімділігі арттыруға бағытталған нақты шараларды жүзеге асыруға байланысты барлық құқықтық және процессуалдық қатынастар болып табылады.

**Диссертациялық жұмыстың зерттеудің теориялық негізін** және процессуалдық жақтарын жан-жақты қарастырған және ғылыми түрде зерттеген М.Ч.Когамов., А.Н. Ахпанов., И.Ш. Борчашвили., Еркенов С.Е., Сұлтанов С.И. Е. Ғ. Жәкішев, А.М.Ларин., Г.Н.Мудьюгин. Қалаев С. Д.А. Корецкий. Звирбуль А.К., Попов В. И. Гинзбург А.Я., Кончанов А.Я., Кабанов В.Н., Коротних Н.И., Мартынюк В.И., Комиссаров Р.И., Зудин В.Ф., және тағы басқа да ғалымдардың еңбектері құрады.

Автор адам өлтіру қылмысын тергеудің тиімді жақтарын жетілдіру мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңын қарастыра отырып зерделеу арқылы осы қылмысты жан-жақты саралап, ұғымы мен негіздеріне сипаттама беру. Сонымен қатар осы қылмысты жүргізу барысында құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесу қатынастарын анықтап, тиімді жақтарын айқын көрсету.

**Зерттеудің эмпирикалық қоры.** Зерттеу нәтижесі 2017-2020 жылдары арасындағы сотқа дейінгі тергеп тексеру істері бойынша қылмыстық істердің 35 жинақталған таңдамалы материалдарымен негізделген. Берілген құқықтық статистиканың мәліметтерін талдай келе тергеу бөлімшелерінің 25 қызметкерлерінен, соның ішінде Б.Бейсенов атындағы ҚР ПМ академиясының біліктілікті арттыру факультетінде, магистратура мен докторантурада білім алушылар, прокуратура және адвокаттармен осы тақырыпта пікір алмасу нәтижелерінен құралған.

Диссертацияның теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Диссертация алғаш рет мемлекеттік тілде сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізудің процессуалдық - криминалистикалық мәселелер алғаш рет жан-жақты қарастырылып отыр десе де болады. Сонымен қатар, зерттеудің жаңалығы тергеу барысындағы ғылыми-тәжірибелік маңызы бар шешілмеген және пікір таластыруға болатын мәселелерді қарастыратын, бірқатар жаңалығымен ерекшеленетін тұжырымдар мен ұсыныстар және оларды дәлелдеуге әрекет жасауы болып табылады. Осылайша, заңдарды, сот тәжірибесін және арнайы әдебиеттерді талдау негізінде автор төмендегідей теориялық және практикалық тұрғысынан елеулі мәселелерді қарастырады:

– сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адам өлтіру қылмысын тергеудің, мәселесі қарастырылып, оның ерекшеліктері жөнінде сұрақтар қарастырылды;

– сотқа дейінгі жеделдетілген тәртіппен іс жүргізуге байланысты заң қағидаларына сәйкес және процессуалдық ілім шеңберінде қылмыстық істер мен тергеулік әрекеттер түсінігінің мазмұны ғылымға негізделіп дәлірек қарастырылды;

– бастапқы тергеу әрекеттеріндегі жоспар құру, оқиға болған жерді қарау, алу, сараптамалар жүргізу, түсініктемелер алудың ерекшеліктері анықталды.

Магистрлік диссертацияда автордың көтерген мәселелері ғылыми тұжырымдамалар мен теориялық ережелерді одан әрі дамыту мен жетілдіру мәселесіне себін тигізуге бағытталған. Сонымен бірге, ол көтерген мәселелер іс жүзінде қылмысты тергеу барысында пайдаланылуы және жоғары оқу орындарында қолданылуы мүмкін.

**Жұмыстың эмпирикалық базасын** автордың әр жылдары зерттеген, Қарағанды облыстарынан алынған қылмыстық істер, сондай-ақ, кісі өлтіруге бағытталған мәселеге байланысты жүргізіп отырған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында жүргізілген сауалнамалары толықтырады.

**Зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу.** Магистрлік диссертацияның негізгі теориялық тұжырымдамалары мен ұсыныстары, ғылыми көзқарасы мен

ережелері автордың халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда хабарланып, республикалық ғылыми-практикалық жинақтарда жарияланды:

**Жүргізілген зерттеудің теориялық және тәжірибелік тұжырымдары, ұсыныстар мен қорытындылар** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында, соның ішінде Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Қылмыстық процесс кафедрасында талқыланады. Магистрлік диссертацияны зерттеу барысында «Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы адам өлтіру қылмысын тергеудің ерекшелігі» деген әдістемелік нұсқаулары Қарағанды облыстық ішкі істер Бас басқармасының тергеу және анықтау бөлімдерінде іс жүзінде игеріледі.

**Қорғауға мынадай негізгі қағидалар мен ұсынылады.**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы адам өлтіру қылмысын тергеу ерекшелігін анықтау және оның маңыздылығын сипаттау.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы адам өлтіру қылмысын тергеу жүргізуге байланысты қолданатын жекелеген тергеулік әдістемелері мен қылмысты тергеудің қалыптастыру.

3. Адам өлтіру қылмысына байланысты тергеушінің істі жүргізуге бағытталған сараптаманың кешенді шараларын анықтау.

4. Тергеу барысындағы материалдық адам өлтіру қылмысына қатысты зиянның орнын толтыру сұрақтарын қарастыру.

5. Адам өлтіру қылмысын ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуін жетілдіру жөнінде мәселелерді шешу.

**Диссертациялық жұмысы** кіріспеден, екі бөлімнен, төрт бөлімшеден, қорытынды мен қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу барысында адам өлтіру қылмысын тергеудің қылмыстық құқықтық және процессуалдық сипаттамасы

1.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы адам өлтіру қылмысын тергеудің түсінігі мен мәні

Қылмыстардың нақты түрін тергеу әдістемесі бұл қылмыстардың түрінің тергеудегі жалпылығын көрсетеді. Бірақта нақты берілген қылмыс түрін тергеу үшін ұсыныстарды бере алмайды, текқана қылмыстарды тергеп жатқан тұлғаларға байланысты қылмысты тергеу методикасы тиімді пайдалану ғылыми негізделген әдіспен тергеу жүргізіп жатқан тұлғаға интенсивті және бағыттамалы істеуге көмектеседі. Бірақ істің мінездемесін және қылмыстарды тергеу әдістері мен құрал дарын шығармашылық түрде таңдау және қолдану босатпайды.

Бұл әрекеттердің барлығы Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының ҚК-да, Қазақстан Республикасы қылмыстық процесілік кодексінің -де анықталады. Соның ішінде қылмыстық іс бойынша жеке түрде шешімдер қабылдау, анықтау органдарына тапсырма беру және ол тапсырмаларды орындауды талап ету, бүкіл тергеу әрекеттерін жүргізу және аталған ережелермен сәйкес әр қылмысты тергеу әдістемесі, соның ішінде қасақана адам өлтіру келесі талаптарға сай болуы тиіс:

1) Заңдылықты қатаң сақтау және іс бойынша дәлелдеуге қажетті барлық жағдайды толық және объективті анықтау, зерттеу.

2) Криминалистика жетістіктеріне және тергеу жұмыс тәжірибесіне негізделу

3) Қылмысты тергеу және алдын алу үшін тергеушілермен полиция қызметкерлерінің әрекеттестілі тәжірибесін көрсету, тергеушінің көмегін пайдалану нысандарын көрсету [2, 32].

Адам өлтірудің қай түрінің болмасын объективтік белгілерін толық түсіну үшін, адам өлтірудің жалпы түсінігін, оның объективтік және субъективтік белгілерінің мазмұнын білуіміз керек. Адам өлтіру – жеке адамға қарсы қылмыстардың ең ауыры. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 99 – бабының 1 бөлігі, адам өлтіру дегеніміз – басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру деп анықтама береді. Бұрынғы заманнан өзгешілігі абайсызда адам өлтіру – адам өлтіру деп танылмайды, яғни абайсызда адам өлтіру деген құрам бұл бапта көрсетілмеген, тек 104 бапта абайсызда қазаға ұшырату деп көрсетілген.

Диссертацияның тақырыбына сәйкес зерттей келе “өмірінен айыру” ұғымын түсіну үшін, алдымен, өмірдің басталуы мен аяқталу сәттерін, “өмір” және “өлім” ұғымдарының мәнін білуге тиіспіз деп көптеген әдебиеттерде көрсетіледі. Адамның өмірі табиғат берген маңызды әлеуметтік құндылық, ал оны туғаннан иемденеді.

Адам өлтірудің түрлері жайында нақты білуіміз керек:



- адам өлтірудің қарапайым түрі, яғни жеңілдететін және ауырлататын мән - жайларсыз (Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігі);

- ауырлататын мән – жайлардағы адам өлтіру (Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігі);

- жеңілдететін мән – жайлардағы адам өлтіру (Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 97, 98, 99, 100 б.б).

Адам өлтірудің түрлерінің қандай да болсын белгілерін түсіну үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының 1994 жылғы 23 желтоқсандағы «Азаматтардың өмірі мен денсаулығына жасалған қастандық үшін жауаптылықты реттейтін заңдарды соттардың қолдануы туралы» қаулысын (кейінгі енгізілген өзгерістерімен) игеру керек. Алайда, бұл қаулыда адам өлтірудің кейбір саралау белгілері көрсетілмеген, өйткені олар заңнамада новелла болып табылады, ал басқалары заңшығарушымен саралау белгілері қатарынан алынып тасталынған, олар тек тарихи аспектіде ғана маңызға ие болып қалған.

Қазақстан Республикасының ҚК 99-бабының 2-бөлігіне сай, он үш түрі бар ауырлататын мән - жайларда жасалған адам өлтіруді игеруді жеңілдету үшін, оларды, әр қайсысы осы іс - әрекеттің құрамының элементтерін сипаттайтын төрт топқа бөлу қажет:

1. Қылмыстың объектісін сипаттайтын ауырлататын мән-жайлар:

а) екі немесе одан көп адам өлтіру;

б) адамның қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды және оның жақындарын өлтіру;

в) дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен не адамды кепілге алумен ұштасқан адам өлтіру;

г) жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелді өлтіру.

2. Қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын ауырлататын мән-жайлар:

а) аса қатыгездікпен жасалған адам өлтіру;

б) көптеген адамдырдың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған адам өлтіру;

в) адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған адам өлтіру.

3. Қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын ауырлататын мән-жайлар:

а) пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен не бандитизммен ұштасқан адам өлтіру;

б) бұзақылық ниетпен жасалған адам өлтіру;

в) басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру;

и) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық, не қанды кек себебі бойынша жасалған адам өлтіру;

к) жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатымен жасалған адам өлтіру.

4. Қылмыстың субъектісін сипаттайтын бір ғана ауырлататын мән-жай:

а) Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 99-105-баптарында көзделген әрекеттерді қоспағанда, бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру.

Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысында екі немесе одан көп адамдарды қасақана өлтірген жағдай, егер қылмыс бір немесе бірнеше әрекет арқылы қысқа уақыт аралығында орындалса және кінәлінің бірнеше адам өлтіруге тікелей немесе жанама ниетінің болғандығы анықталса, оған екі немесе одан көп адамдарды қасақана өлтіру деп түсінік берілген. Кінәлінің ниеті бірнеше адамдарды өлтіруге бағытталып, бірақ ол бір адамды өлтіріп, екінші адамға қастандақ жасаса, бұл аяқталған қылмыс ретінде — екі немесе одан көп адамдарды өлтіргендік деп қарастырылмайды, себебі қылмыстың субъектісінің еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша оның бірнеше адамды өлтіру ойы жүзеге аспай қалды. Бұл жағдайда кінәлінің әрекетін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 24-бабының 3-бөлігі мен 99-бабының 2-бөлігінің «а» тармағы бойынша саралау керек. Кінәлінің бір адамды өлтіру және екінші адамға қастандық жасау әрекеттерінің қандай кезекпен орындалғандығы қылмыстың Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 24-бабының 3-бөлігі мен 99-бабының 2-бөлігінің «а» тармағы бойынша саралауына әсерін тигізбейді.

Егер, қылмысты бірнеше адам орындайтын болып, олар бірнеше адам алдын-ала жобалап және өзара атқаратын міндеттерін бөлісіп, әрқайсысы басқа адамды қатыстырмай бір адамнан ғана өлтірсе, олардың әрекеттері тек бірігіп істеу ниеті болғаны анықталған жағдайда ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен саралауға жатады (қаулының 13-тармағы).

ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «б» тармағымен адам өлтіруді саралауда заң кінәлінің қызметтік міндеті немесе қоғамдық, не кәсіби борышты орындаушы тұлғаға қарсы іс-әрекет жасап және тап осыған байланысты оның өміріне қол сұғатынын сезінуін қарастырады. Сондықтан, жәбірленушінің қызметтік іс-әрекетін жүзеге асырумен не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты қандай заңды іс-әрекеттері кінәліні қылмыс жасауға итермелегенін міндетті түрде анықтау қажет.

Қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыру деп тұлғаның өз міндетіне жататын әрекеттерді орындауын: оның қызметтік міндеттерін сипаттайтын қандай да болсын іс-әрекеттерді жасауы арқылы қызметтік борышын орындауын, қоғамдық борышын, яғни кез келген адамның өзіне жүктелген әлеуметтік міндеті, сондай-ақ қоғам немесе жеке адамдар мүдделерін көздейтін кез келген басқа әрекеттерді орындауын (құқықбұзушылықтың алдын алу, мемлекеттік органдарға жасалған немесе орындалуға дайындалып жатқан қылмыстар жайлы хабарлау, т.б.) айтамыз (қаулының 7-тармағы).

ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «г» тармағымен адам өлтіруді саралауда, кінәлі қылмысты орындау сәтінде жәбірленушінің жүкті екендігінен хабардар болғанын анықтау қажет және де бұл жерде жүктілік мерзімі, ұрықтың өміршеңдігі, әйелдің жүкті екендігі жөнінде тиісті емдеу мекемелерінде есепте тұрған-тұрмағандығы ешқандай маңыздылыққа ие болмайды (қаулының 12-тармағы).

Аса қатыгездікпен жасалған қасақана адам өлтіруді сипаттайтын жағдайларды бағалағанда, аса қатыгездік кінәлінің объективтікх іс-әрекетінен ғана емес, өзінің іс-әрекетіне деген психикалық қатынасынан да көрінетінін есте ұстаған жөн болады. Аса қатыгездіктің белгілері, көбінесе, кінәлі жәбірленушінің бітірер алдында немесе өлтіріп жатқан кезде қинауында, жанын күйзелтуінде не жәбірленушіге аса ауыр қиналыстар әкелуінен (жәбірленушінің денесіне көптеген жарақат салу, ұзақ уақыт қинайтын у беру, тірідей жағып жіберу, ұзақ уақытқа тамақсыз, сусыз ұстау және т.б.), Аса қатыгездік адам өлтіруді жәбірленушінің жақын адамдарына ерекше күйзеліс пен қайғы-қасырет әкеле тұрып, жүзеге асырғанынан да көрінеді. Мұндай жағдайларда кінә жәбірленушіні өмірінен айыруға ғана емес, оны өлтіру процессінің куәсі болған жақын адамдарының ерекше күйзеліс пен қайғы-қасыретке түсуіне бағытталған тікелей ниетпен сипатталады. Жақын адамдар қатарына тек туыстық қатынастағы адамдар ғана емес, басқа да қарым-қатынастар арқылы жақындасқан адамдар да жатады (заңды некеге тұрмаған ерлі-зайыптылар, қалыңдық пен күйеу жігіт, асырап алғандар, қамқорына алғандар және т.б.). Мұндайда соттар жәбірленушіні өлтірген кезде оның жақындарының болған-болмағандығын анықтаумен қатар, кінәлінің ол адамның жәбірленушіге жақын екендігін білгендігі фактісін де анықтаулары тиіс [3, 15].

Өзара жақын қатынастағы бірнеше адамды, олардың көздерінше кезекпен өлтіру де аса қатыгездікпен өлтіру деп қаралады, себебі жақын адамының өлімін көргенде, жәбірленушілердің әрқайсысы жан күйзелісіне ұшырайды. Өлі денені қорлау және жойып жіберу (қылмыстың ізін жасыру үшін жасалған жағдайдан басқа) қылмыстың субъектісінің аса қатыгездігін көрсетеді және бұл қылмыс ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «д» тармағы бойынша саралауға негіз болады (қаулының 8-тармағы).

Қасақана адам өлтіруді көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасаған адам өлтіру ретінде саралау үшін, кінәлінің ниеті нақты бір адамды өлтіруге бағытталғанын, оны өлтіру үшін көп адамның өміріне қауіпті тәсіл қолданып отырғанын, нәтижесінде басқа тұлғалардың өмірі мен денсаулығына нақты зиян келтірілетінін ұғынатынын анықтау қажет. Сонымен қатар, ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «е» тармағы бойынша саралау үшін нақты бір кісіні өлтіруге қолданған іс-әрекеттер кезінде жәбірленушінің жанында болып, қауіпті жағдайда қалған басқа адамдардың денесіне, бетіне нақты зиян келген-келмегені маңыздылыққа ие болмайды.

Кінәлі, нақты адамды өлтіруге бағытталған іс-әрекеттер арқасында, басқа адамның денсаулығына зиян келтіру қаупіне қатынасы - жанама ниет болып

саналады, сондықтан, егер бір адамды өлтіру көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен және көптеген адамдардың өліміне немесе оларға әртүрлі ауырлықтағы зиян әкелсе, бұл әрекет ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «е» және «а» тармақтарымен немесе ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «е» тармағымен және Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің денсаулыққа қасақана зиян келтіруіне жауаптылықты көздейтін баптарымен саралауды қажет етеді (қаулының 9-тармағы).

Адам өлтіруді адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топтың жүзеге асыруы (ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «ж» тармағы).

Егер қылмысты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады. (Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 31-бабының 1-бөлігі).

Егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан екі немесе одан да көп адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады. Адам өлтіру қылмысының басқа қатысушылары ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесушілердің іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабымен, 99-бабының 2-бөлігінің «ж» тармағы бойынша сараланады.

Қазақстан Республикасы ҚК 31-бабының 3-бөлігіне сәйкес, қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ болып саналады. Егер осы топтың ұйымдасқан топқа тән нышандары бар болса (тұрақтылық және адам өлтіру мақсатымен бірігу), оны ұйымдасқан топ жасаған адам өлтіру ретінде саралау қажет.

ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «з» тармағына сәйкес, пайда табу мақсатымен жасалған қылмыс деп кінәлінің өзі үшін немесе басқа адамдар үшін материалдық пайда алу мақсатында (ақша, мүлік, мүлікке құқық алу, тұрғын үйге құқық алу, үшінші адамнан сыйақы алу және с.с.) жасаған немесе материалдық шығыннан құтылу мақсатында (мүлікті қайтарудан, қарызды өтеуден, мүліктік міндеттерін орындау қызметіне ақы төлеуден, алимент төлеуден т.б. босау) жасалған адам өлтіру деп саралау қажет. Жалдану бойынша, яғни ақы алу мақсатымен жасалған адам өлтіру Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «з» тармағымен сараланады. (қаулының 5-тармағы). Жалданып адам өлтірудің ерекше және міндетті белгісі болып қылмысқа қатысушылардың өзара роль бөлісуі табылады. «Тапсырушы» қылмысты ұйымдастырушы немесе қылмысқа айдап салушы болады. Бұл жерде қылмыс жасағанда тек пайдакүнемдік мақсат қана емес, саяси себептер де ұйытқы болуы мүмкін. Және бәсекелестің көзін жоюмен және т.б. себептермен байланысты болуы мүмкін.

Қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен немесе бандитизммен ұштасқан адам өлтіру қылмыстардың жиынтығы ретінде сараланады. Мұндай саралау Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының түсіндірмесімен байланысты қажет (қаулының 3-тармағы).

Қоғамды сыйламау, моральдық нормаларды және адамгершілікті дөрекі түрде бұзу, кінәлінің мінез-құлқымен қоғамдық тәртіпке қарсы шығу және өзін төңірегіндегілерге қарсы қою, соларға өзінің артықшылығын, менмендігін ашықтан-ашық көрсету мақсатымен бұзақылық ниетпен адам өлтіруі Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «и» тармағы бойынша сараланады. Көбінесе, бұл қылмыс себепсіз немесе болар-болмас нәрсені адам өлтіруге ілік ретінде пайдаланумен жасалады (қаулының 6-тармағы). Қоғамдық орында басқа адамдардың көзінше қызғаныш, өш алу себептерімен немесе басқадай өзара жеке қатынастардан туындайтын себептермен адам өлтіру бұзақылық ниетпен адам өлтіру ретінде қарастырылуы тиіс емес (қаулының 6-тармағы).

Егер жәбірленушіні өлтіру арқылы қылмыс субъектісінің жаңа қылмыс жасауын жеңілдетуге немесе бұрын жасаған қылмысты, не жәбірленушіге мәлім басқа адам жасаған қылмысты жасыру ниеті адам өлтіруге себеп болған жағдайларда, бұл іс-әрекет басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған адам өлтіру деп сараланады.

Бұл жағдайда жасырып қалмақшы болған қылмыстың жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты жасалғаны, ол қылмыстың қасақана немесе абайсыздықта жасалған қылмыс санатына жататын-жатпайтындығы, адам өлтіру нәтижесінде кінәлінің өз мақсатына жеткен-жетпегендігі роль атқармайды [4, 24].

Басқа қылмысты жасау мақсатында адам өлтіру — сол қылмыс жайында құқық қорғау органдарына әлі хабарланбаған, не тиісті органдар хабардар болып, ол жайында кінәлі білмеген кезде ғана емес, қылмыс жайында хабар тиісті органдарға түсіп, оларға қылмыс жасаған адам белгілі және ол жайында кінәлі білетін жағдайда орын алады. Басқа қылмысты жасыру немесе жеңілдету мақсатымен жасалған адам өлтіруді бір тұлға не әр түрлі тұлғалар алдын-ала сөз байласу арқылы бір мезгілде де, әртүрлі мезгілде де жасауы мүмкін. Қылмысты жасыру немесе жеңілдету мақсатымен жасалған адам өлтіру жеке саралауға жатады.

Зорлау процесінде немесе оны жасауға оқталу кезінде, кінәлі өзінің іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін, одан шығатын қоғамға қауіпті нәтижелер - жәбірленушінің өліміне әкеліп соғуын ұғынып және осылай болғанын қалап жасаған қылмысты зорлаумен ұштасқан қасақана адам өлтіру деп саралауымыз қажет. Кінәлінің зорлау кезіндегі жәбірленушінің өліміне психикалық қатынасы абайсыздық нысанымен сипатталса, оның әрекеттері Қазақстан Республикасы ҚК 120-бабының 3-бөлігінің «а» тармағымен ғана сараланады.

Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «н» тармағына сәйкес, бұрын Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 1 және 2-бөліктерімен қарастырылған қасақана кісі өлтірген адамның бұрынғы жасаған қылмысы бойынша сотталған-сотталмағанына қарамастан, қасақана адам өлтіру сараланады, жеңілдететін мән-жайларда жасалған қылмыстар бұның қатарына кірмейді. Адам кісі өлтірген болып саналады, егер ол:

а) Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99,167,340 б.б. көзделген қылмысты жасаса;

б) осы аталған қылмыстардың біреуін жасауға оқталса;

в) оларды жасауға қатысса.

Бұрын жасаған қылмысы үшін қудалау мерзімі өтіп кетсе немесе сотталғандығы жойылса, иә болмаса одан арылған болса, онда бұрын кісі өлтіргендік есепке алынбайды. Егер кінәлі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігіне сәйкес келетін, бұрын адам өлтіргені немесе өлтіруге оқталғаны үшін сотталмаса, онда бұл әрекет жеке саралануға жатады, ал соңғы адам өлтіруі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігінің қажетті тармақтарына сай, оның ішінде «н» тармағы бойынша да саралануы қажет.

Әр мезгілде ауырлататын мән-жайда екі рет адам өлтіруге оқталып және олардың бірде біреуі үшін сотталмаған кінәлінің әрекеттері тиісінше Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 24-бабымен, 99-бабының 2-бөлігінің «н» тармағына немесе 99-бабының 2-бөлігінің «к» тармағына сай, осылармен қатар осы қылмыстардың ауырлататын мән-жайларын белгілейтін тиісті тармақтар бойынша саралануы жатады.

Келесі мән-жайлар ауырлататын мән-жайлар қатарына алғаш рет енгізіліп отыр, сондықтан жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысында олардың мазмұны түсіндірілмеген.

Жас шамасының өте кішілігіне, кәрілігіне, аурулығына ақыл-есінен уақытша айрылуына, ақыл-есінің әлсіреуімен байланысты кінәліге қарсылық көрсете алмайтын жәбірленушіні қасақана өмірінен айыруды дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру деп саралау керек. Ұрланған немесе кепілге алынған адамдар да дәрменсіз жағдайда болады, сондықтан заң шығарушы оларды Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігінің «в» тармағына біріктірген. Адамды ұрлау қасақана өлтірумен ұштасқан жағдайда кінәлінің әрекеттері Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 125-б. мен 99-бабының 2-бөлігінің «в» тармағына сәйкес және кепілге алу қасақана өлтірумен ұштасқан жағдайда кінәлінің әрекеттері Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігінің «в» тармағына және Қылмыстық кодексінің 234-бабына сәйкес сараланады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 31-бабына сәйкес қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін, күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған адам өлтіру деп танылады.

Ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық себептері бойынша адам өлтіру деп кінәлінің өзі жек көретін ұлтқа, нәсілге, дінге жататын адамдарды қасақана өмірінен айыруды айтамыз. Бұл қылмыстың мақсаты болып басқа ұлтқа, нәсілге, дінге жататын белгілері бойынша адамдарды өлтіру жатады.

Қанды кек бойынша адам өлтіруді саралау үшін, кінәлінің қанды кек қайтару дәстүрі сақталған ұлттың өкілі екенін, осы қылмыс жасалғанға дейін адам өлтіру фактісі болды ма, ол өлген адам кінәлінің туысы ма және кінәлінің туысының өліміне жәбірленушінің немесе оның туыстарының кінәлі екендігін

ол қайдан, кімнен естіді — осы мән-жайлар анықталуға тиісті. Қанды кек бойынша адам өлтіруді жеке ара қайшылық бойынша адам өлтіруден ажырату қажет (қаулының 15-тармағы).

Жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатында адам өлтіру деп жәбірленушіні оның мүшелерін немесе тінін басқа адамға отырғызу мақсатымен өмірінен айыруды айтамыз. Сонымен қатар кінәлі адамдарды олардың мүшелерін сату мақсатымен өлтірсе, оған осы екі саралау белгілерін де қолдану керек.

Жеңілдететін мән-жайлардағы адам өлтіруге мына түрлері жатады:

а) жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі (Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 97-б.);

б) жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру (Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 98-б.);

в) қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99-б.);

г) қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 100-б.).

Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі деп анасының өзінің жаңа туған сәбиін туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейін кезеңде психикасын бұзатын жағдайда немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылу жағдайында жасаған әрекеттерін саралау қажет.

Жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан не өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) болған кенет пайда болған жан күйзелісі (аффекті) жағдайында, сонымен бірдей жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жай-күйде адамды қасақана өмірінен айыруды жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру дейміз [5, 87].

Соттарға физиологиялық жан күйзелісі болды ма, оның себебі неде және ол аяқ астынан пайда болды ма — осы мән-жайларды анықтау қажет. Сонымен қатар жан күйзелісі жағдайы өзін-өзі ұстау әрекетін сақтай отырып, сана-сезіміне басшылық жасау қабілеті жоғарылап және аффектілік реакцияның басталуына себеппен байланыста іс-әрекет жасау мүмкіндігін сипаттайтын қысқа мерзімді жағдай. Кінәлінің осындай жағдайда боған-болмағандығын, болса қанша мерзім болғандығын анықтау үшін соттық-психиатриялық сараптама өткізеді. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 98,108 б.б. бойынша жауаптылық жәбірленушінің тарапынан болған заңға қайшы күш қолдануынан немесе қорлауынан келіп туындайтын жан күйзелісі болатын жағдайларда ғана емес, сонымен бірге кінәлінің және оның жақындарының құқықтары мен заңды мүдделерін басқа да заңға қайшы немесе моральға жат іс-әрекетіне байланысты туындаған себептерге де (зорлық-зомбылық емес іс-әрекеттер нәтижесінде адамның денсаулығына зиян келтіру және өмірінен айыру, өзін-өзі өлтіруге дейін жегкізу, өзінше билік ету,

қызметін теріс пайдалану) байланысты болады, өйткені күшті жан күйзелісі жәбірленушінің бірқатар заңға қайшы әрекеттерінен келіп туындап, солардың ең соңғысы оның тікелей себебі болып табылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 32-бабының 3-бөліміне сай қажетті қорғаныс шегінен шығу деп қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеуі сай келмеуі салдарынан қол сұғушыға Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 99, 109 б.б көрсетілген анық шектен тыс зиян келтіруді айтамыз.

Қажетті қорғаныс шегінен шығудың белгілерінің бар немесе жоқтығы жайлы сұрақтарды шешкенде қол сұғушылық пен қорғанудың құралдарының бір-біріне сай келу-келмеуін ғана емес, қорғанушыға төнген қауіп-қатердің сипатын, оның қол сұғушылыққа қарсы күші мен одан қорғану мүмкіншіліктерін, сонымен қатар қол сұғушы мен қорғанушының күштеріне әсерін тигізе алатын басқа да жағдайларды (қол сұғушылар мен қорғанушылардың саны, олардың физиологиялық дамуы, жас ерекшеліктері, қару-жарақтың бар болуы, қол сұғушылықтың уақыты мен болған жері және т.б.) есте ұстау керек. Қол сұғушылық бір топ адамдардың әрекеттерімен істелінсе, қорғанушы олардың қайсысына болса да барлық топтың іс-әрекетінің қауіптілігімен сипатталатын қорғану шарасын қолдануына болады.

Бұл жерде қол сұғушылықтан туындаған жан күйзелісі кезінде қорғанушы барлық жағдайда қауіп-қатерді дұрыс ажырата алмауы мүмкін, сондықтан қол сұғушының қолындағы қару-жарақ пен басқа да заттардың қорғанушыға көшіп, қорғануға жеткілікті жағдайдан асып, қол сұғушыға көбірек зиян келтірілсе, егер қорғану мен қол сұғушылықтың қауіп-қатерінің сай келмеуі болмаса, ол қорғану шегінен шығу болып саналмайды (қаулының 22, 23, 24 б.б). Егер қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 100-бабына сай сараланады- Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 33-бабына сәйкес қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілетін зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеуі сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Қажетті қорғану шегінен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Абайсызда адам өлтіру қылмыстық менмендік салдарынан (әрекет етуші тұлға өз әрекетінің нәтижесінде жәбірленушінің өлімінің болуы мүмкін екенін алдын ала біледі, бірақ ешқандай орында дәлелсіз оны тойтаруға болады деп ойлайды) немесе қылмыстық немқұрайлықтан (кінәлі өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігін ойламайды, алайда қажетті сақтық және ұқыптылық танытса, оның болатынын білуі мүмкін еді) болады, яғни кінәлінің жәбірленушіні өлтіруге де, оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге де қасақана ниеті болмаған жағдайларда болады [6, 65].



Қылмыстық менмендіктің нәтижесінде адам өлтірудің жанама ниетпен адам өлтіруден айырмашылықтарын білуіміз керек. Бұл жерде мынаны есте ұстаған жөн:

а) менмендіктің нәтижесінде кінәлі тек адам өлімінің болуы мүмкіндігін ғана алдын-ала біледі, жанама ниетпен болған жағдайда осыған ұқсас жағдайларда ол адам өлімінің болуы мүмкіндігін болжайды;

б) менмендіктің нәтижесінде кінәлі жәбірленушінің өлімін ешқандай орынды дәлелсіз тойтаруға болады деп ойлайды, Адам өлімі жанама ниетпен болған жағдайда кінәлі жәбірленушінің өлімінің аддын алуға ешқандай шаралар қолданбай-ақ оның болмауын тілейді, алайда өз әрекетінің сондай зардабына саналы түрде жол беріп, оған немқұрайлықпен қарайды.

Немқұрайлық нәтижесінде абайсызда адам өлтіруді қылмыстық жауап көзделмейтін кездейсоқ адам өлтіруден ажырату қажет (тұлға, өз әрекетінің салдарынан кісі өлімінің болуын аддын ала білмейді және оны білуі мүмкін емес жағдайда, және кісі өлімінің болуы мүмкіндігін алдын ала біліп, оның алдын алудың барлық шараларын жасадым деп ойлап, алайда оған тәуелді емес жағдайларға байланысты кісі өлімі болған жағдайларда) (қаулының 31-тармағы).

Істелген іс-әрекетті адамды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу деп саралау үшін міндетті түрде қорқыту, қатыгездікпен қарау, жәбірленушінің адамдық қасиетін ұдайы кемсіту фактілері, кінәлінің осы әрекеттері мен жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі немесе оқталуының арасындағы себептік байланыс болу керек Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 102-бабының 2-бөлігі өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің сараланған құрамын — жәбірленушінің кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелдікте болуын қарастырады [7, 9].

Кісі өлтіру қылмысын ашу үшін, әсіресе куәгерлер болмаса, осындай қылмыстардың бұрынғы субъектілерінің типологиялық мәліметтер негізінде қылмыскерді стерио типін анықтап, қылмыскердің тұлғасын анықтау процесін жылдамдатуға болады. Сөйтіп, қылмысты туындайтын жағдайлар туралы мәліметтердің қайнар көздері болып табылады:

- қылмысты жасау және жасыру әдісін зерттеу;
- қылмыскердің тұлғасын зерттеу, бұл бойынша қылмысты ашуға уақыт алған тиімді әдістер анықталады.

Сонымен қоса дамудың қазіргі кезеңінде типологиялық мәліметтер көп қолданылмайды және кісі өлтіру әдісінің тек 60 – 70% қолданылады [8, 87].

Дегенмен де, өндірілген типологиялық мәліметтер мәліметтер алғашқы ақпарат немесе болмаған кезде жәбірленуші және қылмыскер туралы бейне құрастыруға мүмкіндік береді.

Статистика көрсетуі бойынша қасақана кісі өлтіру қылмысын жәбірленушілерінің 64,3% әйелдер құрайды. Жасы 25 – тен бастап 60 жасқа дейін, көбінесе 27 жастан 36 жасқа дейін. Сонымен қоса, 2,5 айдан 8 жасқа дейін қыздарды өлтіру де кездеседі.

Жәбірленушілердің әлеуметтік құрамы келесідей мінезделеді:

Олардың 50% қызметкерлер, 12% жұмыссыз азаматтар, 21.4% өздерінің қоғамдық немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты өлтірілген статистиканың айтуы бойынша барлық қылмыстар негізінде жәбірленуші өмір сүретін елді мекендер болған. Қылмыстардың 63% жәбірленушінің, оның туыстарының, таныстарының үйлерінде, 21.4% жәбірленушінің жұмысында болған.

Қылмыстық қылмыскердің типологиялық мәліметтері келесі белгілерден тұрады, олар: Тұлға жүйелі түрде спирттік ішімдіктерді ішеді, алкогольизм негізінде тұлғаның дегродациясы байқалады, тұрмыста бұзақылық әрекеттер жасайды, туыстарын соғады, оларды ренжітеді, қоршаған адамдарды боқтайды, өлтірем деп қорқытады, психопатиялық белгілермен ерекшелінеді, қоршағандарды мораль нормаларын сыйламайды. Қоғамға қарсы өмір салты мен өмір сүру.

Қылмыстық қылмыскердің типологиялық мәліметтері келесі белгілерден тұрады, олар: Тұлға жүйелі түрде спирттік ішімдіктерді ішеді, алкогольизм негізінде тұлғаның дегродациясы байқалады, тұрмыста бұзақылық әрекеттер жасайды, туыстарын соғады, оларды ренжітеді, қоршаған адамдарды боқтайды, өлтірем деп қорқытады, психопатиялық белгілермен ерекшелінеді, қоршағандарды мораль нормаларын сыйламайды. Қоғамға қарсы өмір салты мен өмір сүру.

Кісі өлтіретін қылмыскерлердің 92.9% еркектер болып табылады. 48.6% жұмысшылар, 14.3 жұмыссыздар. Қылмыскерлердің жасы 18- бастап 62-ге дейін. Көбінесе 30 жастан 45 - жасқа дейін. Көптеген жағдайларда қылмыскерлер туыстық қатынастарда болады. Мысалы: күйеулері, ағалары, інілері, ата-аналары, аталары және жқмыс бойынша таныстары. Тек қана 7.1 қылмыскер жәбірленуші танылады. Барлық жағдайлар қылмыскермен жәбірленуші арасында ұрыс қатынастары болған. Қылмыскермен жәбірленуші арасында тұлғалық қатынастар теріс мінезге ие. Қылмыстық алдында олаодың арасында конфликті болған. Ең бірінші күйеу мен әйел арасында конфликтілер. Бұл жағдайда қылмыскерлер болып күйеулер болып табылады (бұрынғы күйеуі мен әйелін қоса алғанда). Екіншіден басқа жақын туыстары арасында теріс қатынастар. Бұл жағдайда қылмыскерлер болып балалар, енесі және т.б. Кейде қылмыскер болып баласы немесе өгей баласы болуы мүмкін. Ал кейде, қылмысты ағалармен немерелер, бажалар, тәтелер жасайды [9, 68].

Үшіншіден, көршілер арасындағы қатынастар. Жер үшін, біреуінің қоғамға қарсы қылықтары үшін теріс қатынастар пайда болып мұндай қылмыстар жасалады. Төртіншіден, өндірістегі қызметкерлер арасындағы қатынастар. Қылмыс алдында өндірісте жүйелі түрде спирттік ішімдіктер ішу, төбелес болады. Және белгісіз адамар арасындағы конфликтілер, олар танысып бірге спирттік ішімдіктер ішіп кейін “сен мені сыйлайсыңба” деген тақырыпқа әңгіме жүргізіп төбелесі, кейін біреуі қайтыс болады.

Қылмыскерлердің ерекшелігі категориясын 14 жастан бастап 18 жасқа дейін, кәмелетке толмағандар құрайды. Мұндай стереотип қоғамға қарсы бағытталған жүріс – тұрыспен, қаталдықпен, тәрбиесіздікпен әйелдерді және

қыздарды сыйламаумен, цинизммен, бөтен қайғының түсінбеуі, спирттік ішімдіктерді жүйелі түрде ішуі, кейде өткен соттылығы бар және қоғамға қарсы өмір салтына бағыттаумен ерекшелінеді.

Бұндай адамдар тұрғылықты жері бойынша қоғамға қарсы бағыттылығымен топтарға бірігіп, қарама қарсы мінездермен құрдастарын қорқытады, үлкендерді сыйламайды, таңдап алған аумақты ( көше, парк ,пляж) қадағалайды.

Қылмыс болған жер туралы сұрақ ерекше маңызы болады, себебі бұл арқылы қылмыскер және жәбірленуші тұлғасын анықтау, қылмыстың әдісі мен ізін анықтауға болады. Бұлар, өзара байланысқан элементтер. Қылмыс болған жері бойынша статистикалық мәліметтер келесідей: кісі өлтірудің 64 пайызы үйлерде, пәтерлерде және саты алаңдарында болады; 18,5 пайызы қала, поселке, ауыл көшелерінде; 7,6 пайызы өндірісте, цехта, зауыт аумуғында; 1,2 пайызы мәдениет үйлерде, интернаттарда; 1,9 пайызы спирттік ішімдерді сату орындарында ( магазин, кафе, сыраhana және т.б.); 6,6 пайызы жолдарда, қалалық көліктерде (автобус, тралллейбус, трамвай, такси) [10, 15].

Қылмыстық жасау ниеттері келесідей:

- өш алу;
- өзіне ұнамайтын адамнан құтылу;
- құпиясы ашылып қалады деп қорқу;
- жасалған қылмысты жасыру немесе қылмыс жасауды оңайлату үшін;
- қызғаныш;
- мас болып төбелесу және т.б.

Аталып кеткен мәліметтер тергеушіге тергеудің алғашқы кезеңінде тергеудің бағытын анықтау, жедел іздестіру қызметін ұйымдастыру, куәгерлерді қылмыс қаруымен затын табуға көмектеседі.

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы жеке криминалистикалық әдістеменің құрамды бөлігі болып саналады және қылмыстардың объективтік жағдайларын, субъектілерін және іздері туралы мәліметтер жүйесі және оны қолдану қылмыстарды алдын алу және қылмыстық ізге түсуді қамтамасыз етеді. Қылмыстардың криминалистикалық мінездемесінің кез – келген түсінігі В.А.Образцовтың «Қылмысты тергеу методикасы туралы сұраққа» деген жұмысында берілген. Ол еңбекте қылмыстың криминалистикалық мінездемесі – қылмысты жасау механизмі, қарсы алу құралдары, зардап шегетін және қарсы алатын объектілер қылмыстарды ашу үшін қажетті ақпараттардың қайнар көздері және ерекшеліктері, криминалистикалық құралдар тәсілдері, әдістері қолдану және бұл мақсатты оптималдық шешу үшін қажетті ғылыми ұсыныстар бойынша мәліметтер жиынтығы [11, 75].

Қылмыстың криминалистикалық мінездеме мазмұнына қылмыстың бұл түрінің көп кездесетін жағдайлардың мінездемесі, оны жасау әдістері қылмыскермен қолданылатын техникалық құралдар, бұл құралдарды алу

қайнаркөзі қылмыстың материалдық іздер туралы мінездеме қылмыс іздерін жасыру әдістері, қылмыс байланыстығы туралы мінездеме кіреді.

Көптеген авторлар бойынша криминалистикалық мінездеме элементтерінің жүйесі келесідей болады:

- қылмысты жасыру және оны жасау, дайындау әдістері;
- криминалистикалық жағдайлардың белгілері, яғни, қылмыс жасау орны, уақыты;
- қылмыс іздері және оларды табу орындағы және іздердің пайда болуы оларды жою және жасыру;
- қылмыскер тұлғасын, жәбірленушінің куәгерлердің ерекшеліктері, оларды алдын ала тергеудегі жүріс – тұрысы, олардың жауаптарына ықпал ететін факторлар;
- қылмыстың мақсаттары және ниеттері;
- зардаптың мінездемесі және саласы [12, 56].

Қылмыстарды тергеу әдістемесі криминалистикалық қажетті негізгі бөлімі болып криминалистика ғылымы, техника тактика жеңістерін қосып қылмыстардың жеке түрлерін тергеу мақсаттарымен ерекшеліктері қолданылады. Сонымен қоса өндірілген қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу әдістері заңды қатаң сақтауға негізделген және криминалистикалық техника әдістері мен құралдарды тиімді қолдануды, жеке тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын көздейді. Сондықтан әр түрлі қылмысты тергеу әдістемесінің мақсаты болып тергеушіні қылмысты ашу және тергеуге бағытталған методикалық әдістермен ұсыныстармен қамту. Бұның бәрі қорытындыда адам мен азамат құқықтарымен бостандықтарын, меншігін қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының Конституциясы құрылысын, қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстық алдын алу мақсатында шешуге себебін тигізеді [13, 25].

Ғылыми негізделген бұрыс қарастырылған криминалистиканың қазіргі жетістіктеріне және тергеу жұмысының алдыңғы тәжірибесіне негізделген қылмыстың тергеу әдістемесін тергеушіге қылмысты тез арада, тергеуді рационалды ұйымдастыруға бостан бос уақыт кетіруге және істің толық және жан-жақты зерттеуіне жеңілдік тигізеді. Сонымен қоса тергеу әдістемесін қолдана отырып тергеуші қылмыстың бір түрінің жалпы белгілерін қоса, сол қылмыс түрінің әр қылмыстың жекелігін ұмытпау керек. Сондықтан, тергеуші тергеу әдістемесінен бүкіл туындайтын сұрақтарды шеше алады деп ойлау дұрыс емес.

Адам өлтіруді тергеу әдістемесі – ол біреу өлтірді ме, өзі өлді ме, өзін өзі өлтірді ме, аяқ астынан болған (несчастного случая) екендігін анықтауға жататын көптеген жүйелі жұмыстарды орындауға бағытталған әрекеттер.

Кісі өлімінің криминалистикалық жіктелуі:

- а) қылмыстың жасалуына байланысты:
  - дайындалған;
  - дайындалмаған;
- б) оқ қаруды қолдануына байланысты:

- қаруды қолданып жасауына байланысты;
  - басқа да құралдар қолданып қылмыс жасауына байланысты;
- в) қылмысты жасыру әдісіне байланысты:
- қылмысты жасыру жақтарын алдын ала дайындалып жоспарлау арқылы;
  - жеткіліксіз тәсілдер арқылы қылмыстың ізін жасыру (абайсыздықта болған, қаттық қызбалықпен немесе аффекті күймен жасалған кезде);
- Кісі өлімі болған кезде анықтауға жататын мән жайлар:
- а) кісі өлімі болды ма; оны біреу өлтірді ме, өзі өлді ме, аяқ астынан болған әлде өзін-өзі өлтірді ме;
  - б) кім өлген (жәбірленушінің жеке басы), қандай мәліметтер мен сипатталынады, оның өлтірген адамнан қарым қатынасы; кінәсін жеңілдететін немесе ауырлататын жақтармен адам өлтіру болды ма;
  - в) адам өлтіру қашан жасалынған. Бұл жағдай толығымен анықталуы нақты уақыты және минутықа дейін анықталады, егер ондай мүмкіндік болмаған жағдайда сот медициналық зерттеулер жүргізіледі;
  - г) адам өлтіру қай жерде жасалынған: мәйіт табылған жер сол қылмыс оқиғасы болған жер деп айтуға болады ма; мәйіт басқа жерде өлтіріліп осы жерге тастап кетті деп айтуға айғақтар бар ма;
  - д) өлтірген әдісі қандай: белгілі бір құрал мен заттарды пайдалана отырып, қылмыстың ізін жасыру мақсатында алдын ала дайындалу арқылы;
  - е) кісіні кім өлтірді; егер кісіні өлтіруге бірнеше адам қатысса оған қанша адам қатысты, әрқайсысының атқарған рөлі, кім жәбірленушіге ауыр жарақат келтірді;
  - ж) адам өлтіру себептермен мақсаттары қандай: (кек алу, қызғаныш, бұзақылық жағдайлармен және т.б.), абайсыздықта немесе әдейі өлтірген азамат кінәлі ме, оның кінәсін жеңілдететін және ауырлататын қандай жағдайлар бар, қорғану шегінен асып кетіп немесе бірден пайда болған қатты күйзеліспен жасалған қылмыс емес пе;
- з) Адам өлтіру барысындағы зиянның көлемі қандай (егер жәбірленуші семьядағы жалғыз асыраушы болса, тонау жасау арқылы кісі өлтірсе және т.б.)

## 1.2 Адам өлтіру қылмысына байланысты тергеушінің сотқа дейінгі тергеуді ұйымдастыру ерекшелігі

Адам өлтіру қылмысы бойынша қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуге дейінгі әрекеттің бірі ол оқиға болған жерді қарау болып табылады. Кез келген қылмыс қаншалықты жоспарланып, ойластырылып жасалғанымен қылмысты жасау сәтіндегі жағдайлар, яғни қысқа, әрі шектелген уақыт, түрлі нашар көріністер, қараңғылық, сондай-ақ қылмыскерлердің іштей толқуы секілді, т.б. ойда жоқ жағдайлар мен өзге себептер қылмыс орнында әркез іздер мен заттай дәлелдердің қалып отыруына мүмкіндік тудырады.

Осы қалдырылған іздер мен заттарды мұқият тесеріп, оларды жойып алмай, таба білу және алу, бұл тергеу әрекет – оқиға болған жерді қараудың негізгі міндеттері мен мақсаты болып табылады. Оқиға болған жерді қарау кейінге қалдыруға болмайтын, кешіктірілмей жүргізілуі тиіс шұғыл тергеу әрекеті болып табылады. Сондықтан да, бұл тергеу әрекетінің басқа тергеу әрекеттерінен ерекшеліктері бар.

Әдетте, оқиға болған жерді қарау әрекетін өз уақытысынан кешіктіріп жүргізу дәлелдерді жоғалту, оларды бұзу осының салдарынан тергеудің күрделінуі секілді келіңсіз жайттарға алып келеді. Бұл келіңсіздіктер қылмыстың ашылмауына қылмыскердің жазасыз қалуына соқтырады. Адам өлтіру бойынша оқиға болған жерді қараудың алғашқы және ең негізгі ерекшелігі, оның басқа тергеулік қараулар түрінен өзгешелігі болып табылады. Бұл негізінен адам өлтіру бойынша оқиға болған жерден кісі мәйітінің, сондай-ақ оның бөліктерінің және осыларға қатысты жағдайлардың болуымен қорытындыланады. Қысқаша айтқанда оқиға болған жерді қараудың кейінге қалдырылмауы болып табылады.

Қылмыс болған жерді қарау кезінде табылған кісі мәйітін шебер, кәсіби түрде қараудың маңызы зор. Көп жағдайда оқиға болған жердегі кісі мәйітінің орналасу кейіпінің негізінде және оның айналасындағы заттардың орналасу тәртібіне көңіл аударып, қарау жүргізе отырып, ол мәйітін қасақана өлтірілгенін, не өзіне - өзі қол жұмсағанын немесе қандай да бір бақытсыз жағдайдың салдары деген жорамалдар жасалады.

Алайда, кей реттерде аталған жорамалдарды жасауға мүмкіндік болмайды. Себебі, қылмыскер мәйітті өзін - өзі өлтіргендей немесе бақытсыз жағдайдың нәтижесі секілді көрсетіп, қылмыстық бүркемелейді. Сондықтан, қылмыс болған жерге хабар бойынша жеткен тергеу қызметкерлері оқиғаның анық – қанығына жетік түсінбей тұрып, қателіке бой алдырмауға тиіс. Әдетте, оқиға болған жерде қарау жүргізуге тиісті қызметкерлерден осы процесс барысында өлген кісінің, яғни жәбірленушінің жеке басын анықтау талап етілмейді [13, 81].

Адам өлтіру бойынша оқиға болған жерді қараудың екінші ерекшелігі бұл оқиға болған жер, яғни, кісі мәйіті табылған жер осы оқиғаның орын алған немесе қылмыстың тікелей орын алған жерін екендігін анықтаумен қорытындыланады. Себебі, көптеген реттерде кісі мәйітінің табылған жері сол қылмыстың тікелей орын алған жері болып табылмайды.

Тиісті хабарлама бойынша оқиға болған жерге келген тергеуші және өзге қызметкерлерге кей жағдайларда мына жайттарды анықтауға мүмкіндіктер болмайды. Мысалы, оқиға болған жерде не нәрсеге қарау жүргізетінің белгілеу (яғни, кісі мәйіті табылған орынға, әлде қылмыстың тікелей орындалған жеріне ме?) бұл сұрақтарға жауап көп жағдайда оқиға болған жерді қарау әрекеттерін жүргізу барысында беріледі. Осындай мәселелерді толық шешу үшін кісі мәйіті табылған жерді де қылмыстың тікелей жасалған орны ретінде мұқият және арнайы мамандардың көмегімен қарау керек.

Адам өлтіру бойынша оқиға болған жерді қараудың үшінші бір ерекшелігі оның қайталанбастығы, яғни, қайта орнына келтіру мүмкіндігінің болмауы болып табылады. Алайда, осыған қарамастан адам өлтіру бойынша оқиға болған жерді қайта қарауылар жүргізіледі. Мұнда қайта қарауылар кезінде барлық оқиға жағдайлары күрделі өзгеріске түскен жағдайларда ұсынылады. Сондықтан, қайта қарауылар нәтижесімен бастапқы қарау нәтижелерін теңестіруге болмайды. Оқиға болған жердің күрделі өзгеруі бұл оқиға болған уақыт пен қайта қарау жүргізілген уақыт аралығының ұзақтығына қарай күшее береді. Осылайша үшінші ерекшелік оқиға болған жерді қарау барысында қылмыстың орын алған жері жағдайының тергеу қызметкерлерімен оқиға болған жерді қарау процессіне қатысушы өзге де тұлғалар тарапынан біршама өзгерістерге ұшырау себебімен қорытындыланады. Мысалы, оқиға болған жердегі ауыр жарақат алған кісіге, яғни жәбірленушіге алғашқы дәрігерлік көмек көрсету мұқтажы туындап, ауруханаға жеткізу.

Бұл шаралар көбіне тергеу қызметкерлері оқиға болған жерге келгенге дейін жүзеге асырылады. Осындай жайттар нәтижесінде оқиға болған жерде жаңа іздер пайда болып, оларға дейінгі түскен іздерге зақымдар келіп, тіпті жойылып кетуі мүмкін. Бұл тергеуді қиындатып күрделендіреді. Сондықтан, әрбір тергеу қызметкері оқиға болған жерге келіп, қарау жүргізу кезінде қылмыскер ізімен кейін пайда болған іздерге түсіп, қателіктерге бой алдырып алмауы керек [14, 25].

Оқиға болған жердің қараудың негізгі қағидаларына тоқталар болсақ, олар төмендегідей. Адам өлтіру бойынша оқиға болған жерді қараудың негізгі қағидаларының арасынан жоғарғы мүмкіндіктегі мәліметтері мен дәлелдер алуды қамтамасыз ететін жоғарғы деңгейдегі толықтылық, яғни, жеткіліктілік қағидасын атауға болады. Өз уақытысында кешіктірілмей дұрыс, жан-жақты және объективті түрде жүргізілген оқиға болған жерді қарау келесі жайларды анықтауға мүмкіндік береді:

- болған оқиғаның мәнін, жалпы сипатын (қылмыс туралы);
- аталған оқиғаның орын алған нақты уақыты мен болған жерін;
- нақты оқиғаға қатысқан адамдар санын;
- болған қылмыстың нақты мақсаты мен ниетін;
- қылмыстың жасалу әдісін;
- оқиға бойынша қылмыскерлердің қылмыс орында жасаған әрекеттері мен қозғалу бағытын және келу мен кету жолдарын;
- қылмыскерлердің әрекеттерінің нақты не нәрсеге бағытталаған;
- оқиға болған жердегі табылған кісі мәйіттің физиономиялық және психикалық ерекшеліктерін;
- оқиға болған жерден табылған кісі мәйітінің өлім алдындағы жанталасу әрекеттерін;
- оқиға болған жердегі кісі мәйітін сыртқы қарау кезіндегі мәйіт денесіндегі жарақаттар мен олардың сипаты және механизімін.

Жоғарыда көрсетілгендей адам өлтіру бойынша оқиға болған жерге келген тергеу қызметкерлері көптеген мәселердің шешімін осы аталған

ерекшеліктер мен қағидаларды негізге алып жұмыс жасау нәтижесінде таба алады. Осындай жан-жақты толық жұмыстар жүргізу нәтижелерін оқиға болған жерді ақарау барысында алынған нақты дәлелдер мен есептер негізінде қылмыс жағдайы, қылмыскерлер туралы алғашқы жорамалдар, қылмыскерлерді ұстау мен іздестіру, сондай – ақ қылмысты ашуға қажеттілігі бар өзге де жедел іздестіру шараларын ұйымдастырып, қарау барысында алынған айғақтарды арнайы хаттамамен алғашқы жазбалар қатарына түсіріп, бекітіп отырады.

Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін аталаған шаралар мен барлық ергеу әрекеттері өте мұқият және шебер жүргізілуі керек. Адам өлтіру бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізуді өз уақытысынан кешіктіріп өткізу оқиға орындағы маңызды жағдайлардың өзгеруіне, сондай-ақ заттардың орналасу тәртібінің бұзылуына соқтырып қалдырылған іздердің өз мәнін жоғалтуы мен жойылу қауіпін тудырады. Осындай жайттар нәтижесінде тергеу барысы мен қылмысты ашу қиындай түседі [15, 37].

Оқиға болған жерге келген арнайы маман мен тергеу қызметкерлерінің қарау барысында жіберіп алған қателіктері, сондай-ақ өзге де жедел іздестіру мен тергеу әрекеттері кезіндегі бой алдырған қателіктердің орнын алдағы уақытта толтыру өте қиын. Тіпті, кей кездерде мүмкін емес. Алайда, біршама уақыт өтіп кетсе де оқиға болған жерді қарауды жүргізуден бас тартудың қажеті жоқ. Оқиға орнын қанша өзгерісте ұшырағанымен аса шеберлікпен жүргізілген қараулар нәтижесінде өт маңызды айғақты заттар мен дәлелдер алу мүмкіндігі жойылмайды [16, 26]

Оқиға болған жерді қарау ең негізгі, ал кей жағдайларда дәлелдемелерді табу мақсатында жалғыз қайнар көз болып табылады. Тергеуші қарау барысында қылмыстың мінезін ғана емес, оның ниетін, уақытын, неше қылмыскер болғанын, олардың әрекетін және қылмысты шешуге бағытталған басқа да сұрақтарды шеше алады. Басқа сөзбен айтқанда оқиға болған жерді қарау қылмыс және қылмыскер туралы тергеуге алғашқы объективті мәліметтер береді. Қарау жүргізгенде тергеушінің алдында екі мақсат қойылады. Бірінші, ол оқиға болған жерді дұрыс анықтап қарап және қылмыскер туралы алғашқы мәліметтерді табуға тырысу; екіншісі, ол қылмыскерді іздеу үшін заттай дәлелдемелерді, іздеді табу.

Оқиға болған жерді қарау барысында ең алдымен тергеуші мәйіттен қарау жүргізеді. Мәйітті қарау кезінде тергеуші оны жан-жақты, ештеңені қалдырмай барын ескеру керек. Кейде мынандай да жағдайлар болады. Тергеу қызметкерлердің келуінің алдында жәбірленушіге көмек болғандықтан жедел жәрдем алып кетеді. Сондықтан да оқиға болған жерде жаңа іздер пайда болады. Тергеуші міндетті түрде ескеру, яғни жаңа пайда болған іздерді қылмыскер қалдырып кеткен іздермен шатастырмауы. Оқиға болған жердің қараудың дұрыстығы ол тек қана жедел топтың оқиғаға тез келуінен ғана емес, сонымен қатар қарау жүргізетін қызметкердің сапалығына, мамандылығына байланысты.

Бұл тергеулік әрекет келесі сұрақтарды шешуге көмектеседі: қандай жағдай болды және ол қылмыс болып табыла ма; мәйітті табылған жер қылмыс



жері болып табыла ма және табылмаса, онда қандай белгілерінен қылмыс болған жерін анықтауға болады; кім өлді; қашан өлді; киімінде, аяқ киімінде, қылмыс құралында, көлік құралында қандай іздер қалып қойды; қылмыс жерінде болып жатқанды қай жерде есту немесе көру мүмкін болды [17, 88].

Оқиға болған жерді қарау жүргізгенде қылмыскерлер туралы өте көп мәлімет алуға болады яғни, оның жеке басы мен қанша қылмыскерлер болған екенін: яғни, темекі қалдықтары, қылмыс құралының іздерінен; кей кезде қылмыскерлердің кейбір әрекеттері мен мамандырылған қызметі туралы мәліметтер алуға болады.

Күдікті денесінде, киімінде және аяқ киімінде, оның өзімен жүрген заттарында, қылмыс жерінен қалған іздер қалуы мүмкін: жәбірленушінің қан іздері, топырақ бөліктері, бояғыш, ағаш, мата, шаш бөліктері және басқа да микрообъектілер болуы мүмкін. Мұндай іздер сонымен қатар қылмыс құралында, көлік құралында болуы мүмкін.

Оқиға болған жерді қарауда тергеуші әр уақытта болған оқиғаның мінездемесі мен кінәліні анықтау әр уақытта мүмкін емес. Бірақ осы жағдайлар тергеушінің оқиға болған жерді қарауда негізге алған жөн.

Криминалистика әдебиетінде белгіленгендей, оқиға болған жер қарау-ауысуға болмайтын және қайталанбалы тергеу әрекеті. Осы ереже дұрыс. Оқиға болған жерді қайта қарау мүмкін емес, өйткені бірінші рет қарау жүргізгеннен кейін оқиға жері өзгеріске ұшырайды.

Осыдан шыға оқиға болған жерді қайта қарау жүргізуді шектелуге болмайды. Мысалы, Мырқынбаевті өлтіру ісі бойынша оқиға болған жерді қарауды полиция болімінің аға тергеушісімен жүргізілді, содан кейін ауданының прокуроры мен тергеушісімен жүргізіледі. Қайта қарау кезінде қан ізі табылған, газет парағы мен қанға батырылған бір уыс мақта қоқыс ішінен табылды. Ал Кузьминді өлтіру ісі бойынша оқиға болған жерді қарауды Алматы қаласының прокуратурасының тергеушісі жүргізді. Кейін Алматы қаласы прокуроры оқиға болған жерді қайта қарау жүргізген кезде алдыңғы тергеуші таппаған бет-қол шұғышта қан іздері мен қан-қан ізі қалдырылған, және қан іздері бар қап тапты.

Оқиға болған жерді қайта қарау жүргізу осы жағдайда қажетті болды, өйткені бірінші рет қарау толықсыз жүргізілген. Оқиға болған жерді қарау жүргізу алдында тергеуші алдын ала қарау жүргізуі керек. Яғни, тергеуші оқиға болған жердің аумағын анықтайды, мәйіттің жату позасын ескереді, оны қылмыскерлер қалай өлтіруі мүмкін, өлтіргеннен кейін қай жолмен шықты және бұл алдын ала қарау келесі детальді қарауға дайындалуға көмектеседі. Алдын ала қарау санаты ол статикалық болып табылады. Яғни, әрбір қаралаған зат қолға алынбайды, өз орнынан қозғалмайды. Алдын ала қарау суретке түсуімен аяқталады. Оқиға болған жердің жалпы түрі және мәйіттің жатқан жері [18, 15].

Оқиға болған жердің ең маңызды санаты болып ол детальды қарау болады. Бұл қараудың мақсаты болып – ол оқиға болған жерден қылмысты ашуға көмектесетін заттай дәлелдемелер мен іздерді тауып оны зерттеу. Бұл

қарауда тергеуші міндетті түрде қылмыстың механизімін және өлгеннің тұлғасын анықтау керек. Детальды қарауды бастар алдында ең алдымен тергеуші не ортадан немесе перифериядан бастау керек екенін анықтау керек. Детальды қарауда егер де өз қол іздерін қалдырмай-ақ заттарды қолға алуға және оларды орнынан қозғауға болады. Оқиға болған жердің ең басты объектісі болып – ол әрине мәйіт болады. Егер де мәйітте денесінде белгілі бір жарақат болса, жарақатқа сай қылмыс құралын оқиға болған жерде іздеу керек. Тағы бір ескеретін жағдай ол детальды қарау жүргізгенде негативті жағдайларға аса назар аударып жақсылап қарау керек. Ол сұраққа біз кейінірек тоқталатын боламыз.

Оқиға болған жердің аяғы болып ол қарау жүргізген тұлға оқиға болған жерді хаттамасын толтыру. Қорытынды бөлімінде табылған заттай дәлелдемелерді суретке түсіріп, оларды жақсы қаптайды. Оқиға болған жерді қарау өте жақсы, жан-жақты және толық жазылса да мұндай хаттамада бір жетпеушілік бар, ол оқиға болған жердің жоспары.

Оқиға болған жердің жоспары әдетте криминалистік чемоданда бар компас, транспортир, тергеу сызғышпен және т.б. құралдарымен салынуы керек. Жоспарды тергеуші және екі куәгер өз қолдарын қою керек. Бұл жерде аумақтың үлкендігіне, кішілігіне сай жоспарлар жалпы және жеке деп екіге бөлінеді.

Жалпы жоспар дегеніміз ол оқиға болған жер мен оны қоршаған аумақтың схематикалық көрінісі. Мұндай жоспар оқиға болған жердің аумағына жақын заттай дәлелдемелер жатқан немесе қылмыс бір жерден басталып екінші жерде аяқталған кезде сызылады. Сонымен қатар жоспарда қылмыскердің келу және кету іздері көрсетіледі. Жалпы жоспар топографиялық съемкалардың әдістемесі бойынша сызылады. Сызуда әдетте схематикалық немесе көздік съемкаларды қолданылады. Егер де схематикалық съемкада жоспар масштабсыз бірақ объектілер мен олардың ара қашықтығы нақты емес көрсетілсе, көздік съемкада масштаб өте анық, объектілер мен олардың ара қашықтығын нақты көрсетеді. Жоспарда ара қашықтық метрмен өлшенеді.

Өлшеу кадаммен ( 2 кадам=1,5 метр) немесе автокөліктің спидометрдің көрсетуінше өлшенеді. Жалпы жоспарда керексіз объектілермен қоршау керексіз болады, бірақта қылмысқа қатысты объектілерді де ұмытпай көрсету керек. Қарау барысында табылған заттай дәлелдемелерді және іздерді, яғни әріптермен, сандармен және т.б. белгілермен өз қарауынша белгілеуге болады. Көздік съемканы бастар алдында аумақтың шекарасын, объектілердің орналасуын, жоспардың масштабын көзбен алдын ала белгілеу керек. Әдетте масштаб 1/200-ден 1/2500 дейін алынады, яғни 1 см жоспарда 2-25 метрге тең болады. Содан кейін қағазға компас арқылы “солтүстік-оңтүстік” белгілері қойылады. Сосын жоспарға тұрақты нүкте қйылады, бұл нүктеден көздеу арқылы объектілер: жолдар, құрылымдар, ауыл және т.б. салынады. Жалпы жоспарды сызу үшін әдетте үлкен масштабты топографиялық карта қолданылады. Содан кейін қағазға компас арқылы “солтүстік-оңтүстік”

белгілері қойылады. Сосын жоспарға тұрақты нүкте қйылады, бұл нүктеден көздеу арқылы объектілер: жолдар, құрылымдар, ауыл және т.б. салынады.

Жалпы жоспарды сызу үшін әдетте үлкен масштабты топографиялық карта қолданылады. Ерекше жағдайларда екі жалпы жоспар сызуға болады. Яғни бір жалпы жоспар бүкіл аумақты қамтиды да, ал екінші жалпы жоспар бірінші жалпы жоспардың белгілі бір аумақты суреттейді.

Тәжірибеде жалпы жоспарды нақтыландыру үшін жеке жоспар өте жиі кездеседі. Жеке жоспарда мәйіт, іздер мен дәлелдеме заттар жатқан жерді суреттейді. Жоспарда үй қабырғалары мен есіктер көрсетіледі. Мәйіт силуэтпен суреттеледі. Іздер мен дәлелдеме заттар тергеушінің қалауы бойынша белгілі белгілермен суреттеледі.

Жеке жоспарға тек мәйіт орналасқан жер емес, сонымен қатар коридор, асхана және т.б. суреттеледі. Жеке жоспар жалпы жоспар секілді компас арқылы сызылады. Бүкіл заттай дәлелдеме мен іздер қабырғада мен полда нақты қалай жатқанын дұрыс көрсетілуі керек.

Кей жағдайларға тергеушіге суретке түсіру арқылы бүкіл іздерді мен объектілерді қамтып түсіруге мүмкін болмаған жағдайда, тергеуші жоспарға сызу арқылы көрсету мүмкін.

Адам өлтіру фактісіне байланысты салынған сурет пен схемаларды яғни жоспарлар секілді бір масштабта көрсетілуі керек. Егер де әр масштабта көрсетілсе онда тергеуші объектілердің арасындағы өлшемдерін өлшем көрсету керек.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде мәйітті қарау тергеу әрекеті төмендегідей жүргізіледі. Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің 224-бабына сәйкес оқиға болған жерде мәйіт табылған кезде тергеуші куәгердің және сот медицина саласында маман-дәрігердің міндетті қатысуымен сырттай қарау жүргізеді. Кей жағдайда, яғни маманның қатысуы мүмкін еместігі және қарауды қалдыруға болмайтындығын ескере отырып, қарауға басқа маман, яғни хирург, терапевт, патолоанолог қатыстырылады.

Мәйітті қарауға сонымен басқа да мамандар, яғни, мысалы, криминалистр, биологтар, антрополог және т.б. қатыстырылады. Мәйітті қосымша немесе қайта қарауда, ол оқиға болған жерінде, сонымен бірге мәйіт оқиға жерінен алынып апарылған жерінде, сот-медицина саласында маман-дәріген қатысуы міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі.

Тергеу барысында мәйітті қарау кезінде келесілер зерттеледі:

1. Оқиға жерінде мәйіттің жатысы жалпы қарауда мәйітті бекітуден тұрады, оқиға жерінде қоршаған заттарға қатысты жалпы орналасуы, мәйіттің бөліктерінің жатысы. Мәйітті қарау кезінде оның жатыс жерінен объектіге-шығыс, терезе, жар, темір жолына, ағашқа және т.б. жақын орналасқанына бекітіледі. Мәйіттің оқиға жерінде алдыңғы жатыс жері өзгеруі мәйіттің іздерінен ауысқандығын білуге болады. Қарау мен белгілі болғандай, мәйіт іздері мәйіттің жақын жерінен өзгерген кезінде өлім келгеннен кейін алғашқы 6-8 сағат өзгеріске ұшырайды. Ал кей жағдайда 10-12 сағат өткеннен кейін мәйіт іздері өзгеріске ұшырамайды. Мәйіт жатқан затта мәйіттің үстінде ашық

іздер туады, яғни жатқан уақытта қан тамырларының қысылуы қан жүруіне кедергі келтіріп қан ұйылуы пайда болады. Осындай мәйіт іздері болмайды. Мәйітті қарауда, мәйіт жатысын зерттеуге қажет, яғни еден, тас басқа да заттарда жатқанын қарап осы заттармен салыстыру қажет. Егер де мәйіттен табылған жатыс іздері тері іздері арасында сәйкестік болмаған кезде, мәйіттің орнын ауыстырғаның екенін анық көреміз.

2. Сотқа дейінгі тергеу барысында мәйіттің киімін сыртқы көрінісі келесі белгілермен байқалады. Киімнің сыртқы көрінісі мәйітті жалпы қараумен анықталады. Мәйіттің сыртқы көрінісі болған оқиғаның механизімін анықтауда қажетті рөл атқарады. Белгілі болғандай, мысалы, жәбірленушінің киімінің көрінісі дәлелдеуде зорлау одан кейін өлтіру ісі бойынша маңызы зор.

3. Тергеу барысында мәйітте табылған іздермен оның өлімнің келу жағдайын төмендегі жағдайлармен анықталуы мүмкін. Мәйітті қарау процесінде өлім келу себептері қаралады, егер де ол мәйіт табылған кезде көрінуі мүмкін, мысалы мәйіт мойындағы құрық, қасынан табылған қылмыстың қаруы, ішілген удың ыдысы және тағы басқа өлімге себепті заттар табылуы мүмкін. Егер жәбірленушіге келтірілген құрал, мәйіттен алысырақ жатқан болса, тергеуші кейінгі қарау жүргізуде қаралады. Сонымен, өлім келу құралы мәйітпен бірге болған кезде (мәйіттегі тартылған құрық, мәйіттің кеудесінде салынып тұрған пышақ, және т.б.) ол мәйіттің киімін қарап және оны шешкенше, құралдың тұру жағдайы бұзылмауына әрекет етеді. Сонымен бірге мәйітте тартылған құрықты тиіспей, мәйітті түсіріп, құрықты байланған жерінен тыс жерде кесіп, одан кейін кесілген жерін қосады. Мұндайда құрық байланысын бұзылмауына әрекет жасалады.

4. Тергеу барысында мәйіт жатысына ерекше көңіл бөлінеді. Мәйіттің киімін сыртқы көрінісін қараудан кейін, мәйіттің жатысын қарап, оны бекіту қажет. Осындай кезде мәйітті көтеріп, басқа орынға апару керек. Мәйітті аудару немесе айналдыруға болмайды, яғни мәйіт астындағы заттар орын ауыстыру мүмкін. Мәйіт астындағы заттар орын ауыстыру мүмкін. Мәйіт астындағы заттар іс бойынша қажетті болуы және айтылып кеткендей мәйіт іздері негізінде мәйіттің жату жерінің ауысқандығы туралы шешім шығаруға болады.

5. Тергеу барысындағы ерекше қараудың біріне мәйіттегі киімдері болып табылады. Мәйітті сырттай қараған соң оны шешіндіреді. Әр киім бөлігі бөлек қаралып басқа киім бөлігімен сәйкес келеді ме екенін қарайды. Киімді қарау кезінде келесілер анықталады: мәйіт өлшеміне сәйкес келеді ме, киімнің барлық бөлігі бар ма, мәйіттің киімінің қалтасы және басқа да бөліктерінде заттар бар ма, оның үстінде қандай іздер мен зақымдар бар (осы іздердің өлшемдері мен болу ізі, матаға сіну деңгейі, із түсі, ылғалдығы), киім үстінде қандай зақым бар (зақым мінездемесі, олардың мөлшері, нысаны, яғни пайда болуы, орны мен арақатынасы) киімде қандай, белгілер бар, киімде иіс бар ма, жоғарғы және төменгі киім сәйкестігі.

6. Мәйіт денесі мен оның үстіндегі зақымдарға ерекше көңіл бөлу. Мәйіт денесі бөлек қаралады. Жыныс, жасы, бойы, шаш түсі, өлгеннің көзі

анықталады; мінездемесі, деңгейі мен мәйіт зақымның пайда болуы (бұл мәйіттің сот-медициналық зерттеуде анықталады); тіс аппаратының жағдайы, бөліну болуы және т.б. Мәйіттің үстіндегі зақымды киім үстіндегі зақыммен сәйкестіндеруде, олардың мөлшері мен орналасқан жері.

7. Мәйіттің киіміндегі қалтасы мен басқа да бөліктерінде табылған заттар. Ол заттар киімді қарау процесінде қаралуы мүмкін, сонымен мәйіт денесінде қаралуы да жүргізіледі, яғни оның мінездемесі, орналасу жағдайы бекітіледі. Ерекше жағдайда жәбірленушінің жеке басы анықталмаған, мәйіт киімі мен сыртқы белгілері бекітіледі [19, 34].

1. Мәйіттің жеке басы белгілі болған жағдайда.

- кісі өлтірген жерді анықтау;
- оқиға болған жерде қандай сол болған жерде қандай өзгерістер болды;

- қылмыстың құрбанын анықтау;
- неліктен өлтіргендігін анықтау;
- қай уақытта өлгенін анықтау (келген жарақаттар өлген уақытына сәйкес келеме);

- қылмыстың жасалу механизімін анықтау немесе қылмыстың қалай болғандығы, қылмыскердің дайындалғандығы және жасаған қылмысты жасыру әрекетін анықтау;

- сол қылмыс болған жерде немесе соған жақын жерде басқа біреу болуы мүмкін бе, кім болды;

- қылмыскердің субъективтік жағын анықтау;
- кім өлтіргендігін анықтау;

2. Мәйіттің кім екендігі белгісіз, өйткені бет әлпеті танымастай болып өте бұзылып кеткен немесе сондай жағдайда қылмыс жасалынған.

- сот-медициналық зерттеулер арқылы мәйітті қарай отырып оның жеке белгілерін толықтырып жазылады;

- киімдері, аяқ киімі және барлық заттары қаралып соттық-зерттеулерге жіберіледі;

- осы танылмаған мәйіт жөнінде картотека толтырылып, із түссіз жоғалғандардың тіркеуіне жіберіліп, қай жерлерде қандай адамдар жоғалғандары жөнінде анықталады;

- бұл белгісіз адам осы ауданға қашан келген кімдер көрген кімдермен сөйлескен, өзін қалай ұстаған, кімдер біледі және басқа да сұрақтар анықталады;

- бұқаралық ақпарат құралдарынан осы белгісіз адамды анықтау жөнінде және ол жөнінде қандай мәліметтерді кім біледі сол туралы хабарлап көмектер сұрау;

- мәйіттің түрін немесе бет әлпетін (ұсақ бөлшектері арқылы) қайта бұрынғы қалыпқа келтіру жақтарын қарастыру;

3. Мәйіттің дене бөлшектері табылған жағдайда:

- мәйіттің қалған басқа бөлшектерін табуды қарастыру;
- тіркеуге алынбай жоғалған адамдарды қарастыру;

- жаңадан табылған мәйіттің әрбір бөлшектеріне байланысты оқиға болған жерді қарау және мәйіт бөлшектерін қарау әрекеттерін жүргізіп, оны зерттеуге және консервациялауға (сақтап қоюға) сот-медициналық мекемелеріне жіберіледі;

Мәйіттің сот-медициналық сараптамасы. Іс бойынша өлім неден болды екенін анықтау үшін тергеуші міндетті түрде мәйітке қатынасты сараптама тағайындайды. Осы сараптама арқылы өлім келу уақыты, мәйітке қатысты ішкі және сыртқы зақымдар мен олардың механизмі мен олардың пайда болуы, зақым келген құралдың кейінгісі мен оларды келтіру уақыты, мәйітте күрес немесе өзін-өзі қорғау белгілері бар ма, өлгеннің қан тобы мен белгісін білуге, жәбірленуші өлгенге дейін алкоголь ішімдіктерін ішті ме және басқа да мәліметтерді анықтауға көмек көрсетеді.

Адам өлтіру қылмыстарын тексергенде, көбінесе келесі сараптама түрлері тағайындалады:

- өлікті сот-медициналық сараптау;
- заттық дәлелдемелерді сот-медициналық сараптау;
- сот-химиялық, биологиялық сараптама;
- сот-психологиялық сараптама;
- сот-психотраиялық сараптама;
- криминалистикалық сараптама (тросслогиялық, биллистикалық, жазутанымдық және т.б.)
- микрообъектілерді зертеу сараптамасы.

Әйел мәйіті табылған уақытта сараптама өлген әйел адам екі қабат болды ма, болса, екі қабат мерзімі қандай; өлгенге дейін аборт жасауға әрекет жасады ма немесе өлгенге дейін қарым-қатынасқа түсті ме екен белгілерін анықтауға; жәбірленуші қыз бе не бұрын қарым-қатынаста тұрды ма екенін анықтауға; жұқпалы аурулар белгілері бар ма екенін анықтайды.

Сараптама тағайындау кезінде алдына қоятын сұрақтары мәйіттің іс бойынша нақты жағдайда байланысты, сонымен бірінші орында өлім келу әдісіне байланысты қойылады.

Сонымен қылқындыру туралы шарасын шығару кезінде, тергеуші сараптама көмегімен, тыныс алу жолдарын соның ішінде қайсысын механикалық әсер етуде өлім келді ме; өлім жәбірленуші бетіне жұмсақ затты немесе жастық қоюдан келді ме және т.б. сұрақтарды шешуге шешеді [20, 47].

Өлгеннің денесінен сараптама жүргізуде мәйіттен оқ, картель алынуы мүмкін. Осылардың арқасында заттар қолданылған қару және қолданғанның жеке басын анықтау мақсатында қолданылады.

Сот-медициналық сараптама көмегімен тергеуші өлгеннің асқазанында бар затты анықтайды. Осымен өлім келуі тамақ ішкеннен кейін қандай уақыттан кейін келді. Бұл куәлардың жауаптарын тексеруге, сонымен жәбірленуші өлім келген күні әрекетіне қатысты жаңа мәліметтер анықтауға көмек келтіреді.

Сойылған мәйіт және оның бөліктері, сонымен жаңа туған мәйіттің табуда сараптама тағайындау кезінде өзіндік ерекшелігі бар. Тергеуші табылған

дене бөліктері адамға немесе жануарға жататын анықтауда сараптама тағайындау көмегімен ғана шешіледі; табылған бөліктер бір адамға ма немесе бірнеше адамға қатысты ма; мәйіт бөлектеу әдісі қандай және зерттелуге берілген құралмен бөлектенді ме. Сарапшы-маман жәбірленушінің бойын, жасын, жынысын анықтауда; оған хирургиялық операция жасалды ма, қандай аурумен ауырды; жәбірленушінің әдеті мен жұмыспен айналасқаны көрсетілетін, жәбірленушінің жеке ерекшеліктер мен белгілер бар ма. Сот дәрігері патологоанатоммен бірге, қажет болған кезде-криминалист-трасологпен бірге, мәйітті бөлектеген тұлға, анатомияда көрсетілген өнері болды ма (хирург-дәрігер, ет сатушысы және т.б.).

Жаңа туған баланың мәйітін зерттеуде сараптама келесі сұрақтарды шешеді, сәби тірі немесе өлі кезінде туды ма, ол өмір ынтасы болды ма, туғаннан кейін ол қанша уақыт өмір сүрді, оның өлу белгісі қандай.

Тергеуші сарапшыға қылмыстық істің қажетті құжаттарымен бірге, мәйіттің өзін береді. Сарапшыға қажет болған кезде өлгеннің қатысты бұрынғы, ауыру тарихы, әртүрлі медициналық мәліметтер және т.б. көшірмесі беріледі. Өлім туралы ісі бойынша мәйітті сот-медициналық зерттеуде тергеушінің қатысуы қажеттілігі зор болады [21, 29].

Сот-медициналық сараптама келесі сұрақтарды шешеді: өлім келген уақыты мен оның келу белгілері; мәйіттің денесінде табылған жарақаттар өмірінде қайсысы болғаны және өлтіру кезінде қайсылары болды және қандай ретте; қандай құралмен жарақаттар салынды, сарапшыға берілген құрал болуы мүмкін бе, жәбірленушіге келтірілген жарақат кезінде қандай жағдайда болды; жәбірленуші өлу алдында алкоголь ішімдіктерін немесе есірткі заттарын қолданды ма, қолданса қандай зат, қандай мөлшерде, өлім келу алдында қанша уақыт бұрын болған. Сарапшыға бұдан басқа сұрақтар да қойылуы мүмкін.

Дәлелдемелік заттардың сот-медициналық сараптама тергеудің бастапқы және келесі сатысында тағайындалады - адам организмінің бөлінетін заттар мен бөліктер, яғни өлтіру құралы мен басқа заттарда, күдікті денесінде және киімінде, оқиға болған жерде қарау кезінде және мәйіттің үстінен табылған заттар жатады. Осы сараптама тағайындауда адамның заттардағы қанды қандай топқа жатқызылуы, жыныстық белгілері, қан іздерінің пайда болуы табылады. Шашты зерттеуде ол адамға не жануарға жататындығын анықтайды, ол дененің қай бөлігінде өскенің, оның топтық жатқызылуы қандай, олар жұлынған ба, кесілген немесе түскен бе, олар жәбірленуші немесе өлім күдіктісі шашына ұқсастығын анықтайды, кейде сараптама шаштың ластануына байланысты, оның маманына байланысы қарай анықтау мүмкін.

Сот-медициналық сараптамасы сонымен бірге денедегі немесе заттың үстіндегі кіші дәрет, түкірік, тері және осы дене бөлімдерінің топтық жатқызылуы туралы сұрақтарды шешеді.

Өлтіру ісі бойынша криминалистикалық сараптамада сот-баллистикалық, трассологилық, оның бөліктерінің бір бүтіндігі туралы, жазулық, қаруды зерттеу кең тараған болып табылады. Атыс қаруын қолданып кісі өлтірілсе оған тергеуші міндетті түрде баллистикалық сараптама тағайындау керек.

Баллистикалық сараптама: зерттелуге берілген атыс қаруы адам өлтіруде оқиға болған жерден не мәйіттен алынған оқ па, осы атыс қаруынан атылған ба; қараумен табылған гильза, берілген қарудан атылған ба; осы қарудың өзіндік атыс (крючокке баспай) мүмкін бе; мәйітте, тірі адамдарда немесе басқа да объектілерде жақын жерден атыс жүргізілген іздері бар ма; атыс қандай қашықтықта, қай жерден жүргізілді және т.б сұрақтарды шешеді.

Сотқа дейінгі тергеу барысында адам өліру фактісіне бойынша сот-медициналық сараптамаға тапсырмалар беру;

- барлық табылған мәйіт бөлшектері бір адамдыкіне жатады ма, мәйіттің қандай бөлшектері жетіспейді;

- қайтыс болған адамның жасы, жынысы, ұлты немесе нәсілі кім екендігін анықтау;

- мәйіт неден және қашан өлгендігін анықтау;

- адамның тірі кезінде болған қандай жарақаттар бар, олардың сипаттамасы және қай жерде орналасқандығы;

- қаны қай топқа жатады;

- қандай құралмен мәйіттің денесін бұзып бөлшектеген, осы дене бұзуынан ол адамға осы әрекетті жасауынан қандай адам деп баға беруге болады;

- өлер алдында қандай тамақтар ішкен, олардың арасында спирт ішімдіктері, есірткі немесе улы заттар бар ма;

мәйітті қалай өлтіргендігі жөнінде анықталып, сол адамның мәйіт табылған жерге келуі мүмкін деген болжамдар құру;

- қылмыскердің жеке басы жөніндегі болжамдар құрылады;

Мәйітке келтірілген жарақат, белгілі бір адамнан алынған пышақ пен немесе басқа да сұқпалы-кесу не ұрулы-сындыру әрекеті арқылы келген бе екенін комплексті сараптама (трасологиялық және сот-медициналық) тағайындау арқылы анықтауға болады.

Адам өлтіру ісі бойынша трассологиялық сараптама ішінен дактилоскопиялық, сындыру қаруы, көлік құралы және аяқ киім іздері сараптамасы маңызды болып табылады. Солай дактилоскопиялық сараптама өлтіру жерінде, мәйітті табу немесе оны бөлектеуде, өлгеннің киімі ұрланып күдіктіде (күдіктіде), өлгеннің өзінде, басқа да тұлғаларда табылған қол іздері қалдырылғандығын анықтайды. Осы жағдайды дәлелдеуде өлтірген адамның белгіленген жерде болу фактісін, маңызды куәгерлерді, сонымен өлтіру куәларын анықтауға мүмкіндік береді. Адам өлтіруде күдікті мәйіттегі немесе тамақ азықтарындағы табылған тіс іздеріне жатады ма екендігін комплексті (трасологиялық және сот-медициналық) сараптама тағайындау дұрыс болады. Осындай жолмен жәбірленушінің күдіктіге қарсылық білдіру кезінде тіс іздері күдіктіде қалған деген шараны тексеруге болады [22, 26].

Іс бойынша тез арада жоқ болып кету, өзін-өзі өлтіруді түсіндірудегі өлер алдындағы хаттар, басқа да құжаттар табылған кезде, күдікті немесе басқа адамның өлген адамның атынан осы жазуларды орындады ма екенін жазулық сараптаманы тағайындау арқылы анықтауға болады.



Құжаттар мен басқа да ситуациялық жағдайда бояғыш краскасымен күйылған немесе боялғанын, өртенген, жыртылғанның анықтауда, өлген адамның жеке басын куәландыратын құжат қолдан жасалғандығын, өлтірген адамның машина арқылы жазуды қолданғанын анықтау үшін құжаттар технико-криминалистикалық зерттеу жүргізіледі.

Адам өлтіру қылмыстарын тергеуде сот- химиялық, сот-физикалық, ботаникалық сараптама тағайындау қажеттілігі кей кезде туады. Көлік құралдары, өлтіру құралында, өлгеннің немесе күдікті аяқ киімі, киімінде, денесінде табылған, микробөліктер - іздерін зерттеуде көбінесе комплексті зерттеуге шалдығады. Осындай жолмен тергеуші келесілерді анықтауға міндетті, мысалы, адам өлтіру кезінде күдікті мен өлген адам бір-бірімен физикалық қарым-қатынаста болды ма, өлтіру орнын немесе онымен байланысты әрекеттерді анықтайды. Сараптама тағайындауда келесі сұрақтар қойылады, микробөліктер табылған заттардың құрамын, олардың шығу қайнар көзін, әрбір жерде табылған, заттардың бір топтығын және т.б. сұрақтар қойылады. Жәбірленуші мен күдікті киімінде өлтіру құралы микро іздерді табу, белгілі металмен киімнің қарым-қатынаста болған фактісін дәлелдеуге, құрал қандай нысанда болған немесе қандай металдан жасалғанын анықтайды.

Күдіктінің психикалық жағдайы туралы және адам өлтірудегі оның кінәлігін анықтауда сот-психиатриялық сараптама тағайындалады. Оның тағайындау негізі болып: аса қатыгездік және қылмыскердің ниетсіз әрекет жасау, оның тіркеуде тұрғаны немесе психиатриялық ауруханада емдеуде, тергеу кезінде жан күйзелісінің белгілері пайда болғанда, өзін-өзі өлтіру үшін әрекет жасаған кезде тағайындалады [23, 31].

Оқиға болған жерді қараудан кейін мәйіт пен заттай дәлелдемелерге сот-медициналық сараптама тағайындалады. Мұндай сараптаманы тағайындаған кезде сарапшы: өлімнің келу негіздері, келу уақыты, мінездемесі, ауырлық дәрежесі, механизмі, дене жарақатының кейінгілігі, қару немесе заттың түрі туралы жәбірленушінің дене жарақатын алу кезіндегі және т.б. тергеуші қойылған сұрақтарға жауап береді

Негізгі сұрақтар мазмұны оқиға болған жерді қарау кезде, сот дәрігері немесе басқа дәрігерді келісіліп анықтау дұрыс болады. Сарапшы өзіндік зерттеуді толық жүргізеді, бірақ тергеуді ауытқымау керек, яғни қараудың негізінде жүргізеді сонымен бірге тергеушінің берілген сұрақ шегін анықтауға міндетті. Тергеуші сот-медициналық қарау және мәйітті сою кезінде қатысуға құқылы, қосымша сұрақтар қоюға, сою кезінде табылған заттарды алуға (күру бөліктері, қылмыс құралы), тері, тіс, шаш бөліктерін алуға, асқазан бөлігін және дәлелдемелік заттарды сараптама, тағайындау немесе басқа да сараптама тағайындайды.

Тергеуші шешімі немесе сарапшы талабы бойынша: ауырғаны туралы тарихы, ренген түсулері, қылмыстық іс архив құжаттары және т.б. қосымша құжаттарды берілуі мүмкін. Егер мәйіт қандай да жағдайда сарапшыға берілмейтін болса, сот - медициналық сараптама іс құжаттары бойынша тағайындалады. Сараптамаға мәйітті қарау мен оқиға болған жерді қарау

хаттамалары, сурет түсулері, күдіктіні куәландыру туралы хаттамасы, криминалистикалық және басқа да сараптама құжаттары, жауап алу хаттамасы, медициналық карточкалар беріледі.

Сот-медициналық сараптама объектісі болып, сонымен бірге: қан іздері, түкірік, жыныс бөлінімі және т.б. беріледі. Оларды топтық жақтарын анықтау мен қанның басқа да белгілерін зерттеуде анықталады. Шашты зерттеуде ол - адамға немесе жануарға, еркек немесе әйел, дененің қай бөлігінен алынған, кесілген бе, оларды жекелей белгілерін (өрілім, ластығы, ауру іздерін) зерттеуде қажетті мәліметтер алынады.

Адам өлтіру қылмыстары бойынша криминалистикалық сараптама келесіні анықтайды: ату ізі бойынша қарау (баллистикалық), күдіктінің жазуы бойынша (жазулық), қол ізі бойынша (дактилоскопиялық), дауысы бойынша (фоноскопиялық), тіс ізі бойынша (трасологиялық), сурет бойынша (портреттік), аяқ киім және киімі, қылмыс құралы, заттардың бөліктері, көлік құралдарының іздері бойынша (трассологиялық). Криминалистикалық сараптама өлтіру ісі бойынша басқа да сұрақтарды шешеді: атыс жерін және жағдайын анықтау, атыс қаруының қолдануға болатындығын, қарудың құрылымдық жиналысы, оқ-дәрігердің біртаптығы, зат суық қаруға жата ма; қол, аяқ киім іздері құрылу механизімі, және басқа да криминалист өкілеттігіне қатысты сұрақтарды шешеді.

Химиялық және физико-химиялық сараптама объектісі болып әр түрлі заттар табылады, сонымен бірге микрообъектілер, яғни күдікті киімі мен денесінде, қылмыс құралы, мәйітте, оның киімінде, оқиға болған жерде табылған заттар болып табылады. Құжаттар мен заттардың микробөліктерін зерттеуде оның түрін, құрамын, бір топтығын және басқа да сұрақтарды шешеді. Осының арқасында, күдікті оқиға жерінде болды ма, ол сондағы заттарға қол тигізді ме, ол жәбірленушімен қарым-қатынасқа түсті ме, күдіктідегі киімі мен денесіндегі іздердің пайда болу механизімі.

Адам жоғалуына байланысты ол адамды өлтіріп кетті деген жорамалдар мен оның жеке басын анықтауда;

- а) жоғалып кеткен адам жөнінде мәліметтер жинау
  - сырт келбеттерінің ерекшеліктері қандай;
  - қандай тұрмыс жағдайда өмір сүрді;
  - таныстары мен туыстарының арасында қандай қарым-қатынаста болды;
  - жақыны мен келешегінде қандай жоспарлары болды;
  - семьядағы болған басты дау-дамайлар қандай болды;
  - үйден бір жаққа кету немесе алыс жаққа бару жоспарлары жөнінде;
  - сырлас таныстары жөнінде;
  - таныстары мен туыстарының мекен жайын анықтау;
  - соңғы кезде болған іссапарлары мен демалыс орындарын анықтау;
  - қандай ауыр аурулармен ауырды, есі ауысу (потере память), сол аймақта өзін қалай ұстайды;

- оның фотосуретін алу, қолжазбаларының үлгісін, егер болса қол іздерінің үлгісін алу;

б) Жоғалған уақытын анықтау;

- жоғалған адамды кім қандай жағдайларда және қай жерде соңғы рет көрді;

- осындай жағдайға семьяда ма жұмыс па немесе жеке бір мәселелер ме басқа қандай жағдайлар мен оқиғалар осындайға әсер етті;

- қандай киімдер мен құжаттары өзінде болды, қандай маңызды заттар мен құндылықтар жұмыста немесе үйде қалған;

в) іздеу әрекеттерін жүргізу;

- табылған мәйіттерге байланысты тіркеулерді қарастыру және сол тіркеулерге осы жоғалған адамды тіркеу;

- осы жоғалған адамды моргтен, емханалардан, тергеу изоляторларынан, қарастырып іздеу;

- жұмысынан шығып кеткен жоқ па, демалыс алған жоқ па, тұрғылықты жерін ауыстырып тіркеуден шығып кеткен жоқ па анықтау;

- сол адам жоғалған уақыттарда белгілі бір катастрофалар, су тасқындары немесе жаппай қатты төбелестер сияқты адам жоғалуына әкеп соқтыратын жағдайлар болған жоқ па;

- ол адамның жоғалғандығы туралы барлық туыстары мен таныстары біледі ме соны анықтау;

- жоғалған жерлерден қылмыстың немесе қылмыскердің ізін қарау әрекеті мен тінту әрекеттері арқылы тексеру;

Танылмаған мәйітке байланысты оның жеке басын анықтауға бағытталатын шаралар:

а) бастапқы шаралар:

- мәйітті табылған бетте және қарау барысында тану фото суретіне түсіру;

- мәйіттің қол іздерін алу;

- оқиға орнынан және басқа жерлерден табылған киімдерін аяқ киімін және басқа да заттарын әр түрлі зерттеуге жіберу үшін алу;

- мәйітті қарау барысында ауызша портрет ережесі бойынша өлген адамның сыртқы келбетін хаттамаға түсіру;

- мәйітті тауып алған адамнан, сол төңірекетегі ол адам жөнінде басқа да мәліметтер беретін адамдардан жауап алу;

- мәйітті егер оқиға болған жерде суретке түсіруге келмесе оны моргте ол мәйіт тазалаудан өткен кезде суретке түсіріледі;

- оқиға болған жерде де немесе морг те де белгісіз болған мәйіттің бет әлпетіннің гипспелген күйін (гипс маскасы) жасалынып алынады;

- ол мәйітке байланысты оның қашан өлгендігі неден өлгендігі жөніндегі сот - медициналық сараптамадан басқа да оның кім екендігін анықтауға бағытталған мәліметтер алуға міндеттер қойылады;

б) келесі:

- белгісіз адамды анықтауға 5 тәуліктің ішінде (бірақ 10 –тәуліктен аспайтын уақытта) ішкі істер органының бастығының рұқсатымен татылмаған адамға қаулы шығарылып іс қозғалады;

- белгісіз адамға байланысты жеке-басын анықтауға бағытталған жоспарлар құрылады;

Қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеу ерекшелігі. Адам өлтіру қылмыстары бойынша әдетте екі ситуация өте жиі кездеседі: а) мәйіт зорлау белгілерімен табылғанда (не оның бөліктерін); б) не адам хабар ошарсыз жоғалып кеткенде ол адамды өлтіру мүмкіндігі болса [24, 83]

Адам өлтіруің алғашқы мәліметтері әдетте, телефон немесе ауызша хабарлама ретінде түседі. Мұндай хабарламалар қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға себеп бола алмайды (Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің 113 бабы). Мұндай жағдайларда қылмыстық процессуалдық себеп болып, ол оқиға болған жерді және мәйітті қарау бойынша немесе сот-медициналық сараптаманың қорытындысына және де азаматтардан түсініктеме алған да және басқа да құжаттарға сүйене отырып тергеуші қорытынды беріп қылмыстық іс қозғайды.

Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің сай 179 бабында көзделгендей қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға себеп болып:

1. азаматтардың арыздары;
2. кінәсін мойындап келу;
3. мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы;
4. бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар;
5. лауазымды адамдардың және қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы [25, 36]

Адам өлтіру істерінің өзі мойындап келу себебімен қозғалған қылмыстық істер өте сирек кездеседі.

Қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға негіз болып ол - қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болмай, қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы [26, 93].

Мәйіт табылған кезде келесі шаралар өткізіледі: алдымен бұл мәйіттің тұлғасын анықтау; өлімді көрген куәгерлер, туыстары не көршілерінен анықтағаннан кейін олардан сұрау жүргізу. Тексеру әрекеттері барысында өлген адамның тірі кезіндегі ауырғандығы жөніндегі кітабшасын сұрау қажет және жұмыс орнын сұрау жүргізу жатады. Қылмыстың нақты белгілерін анықтауында ең маңызды әдіс болып ол оқиға болған жерді қарау, мәйіттің нақты өлген жерін не оның бөліктері қарау болып келеді. Өлтірудің нақты белгілері болып ол өлгеннің денесінде жарақаттар, зорлау немесе мәйітті тығу әрекеттерге байланысты белгілер болса. Осындай белгілер болса онда қылмыстық іс қозғалуы міндетті түрде болуы керек.

Кей жағдайларда, бірақ өте сирек мұндай оқиға болған жердің жағдайына, табылған мәйіттің жарақатардың орналасуына және өзгешілігіне байланысты адам өлтіру болжамымен сай өзі-өзін өлтіру болжамы да теңеледі. Мысалы, оқиға болған жерде мәйіт оқ жарақаттарымен табылған дейік, ал мәйіттің жанында ату жарағы жатсын. Осындай жағдайда бізде қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуда бізде саралаумен алымызда сұрақ туады. Тергеуші қылмыстық іс қозғамай алдымен мәйітке сай сот-медициналық сараптама тағайындау керек. Тек қана сот-медициналық сараптаманың қорытындысынан шыға отырып, тергеуші белгілі бір шешім қабылдау керек.

Қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеудағы ең қиын сұрақ ол адам жоғалып кеткен кезде, өлімнің себебі анықталмай – ақ өлім фактісі жоқ болса. Қиындық тудырып отырғаны ол бір жағынан адам жоғалған кезде қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеу және әр факті бойынша алдын ала тергеу жұмысын жүргізу бойынша тергеу аппаратын керексіз жұмыс жүктеу (кейде адам өзінің ой – пікірі бойынша басқа жерге кеткенде өзі қайда кеткенін өз туысқандарына айтпай кететін де жиі жағдайлар болады). Бірақ басқа жағынан, бұл жерде адам өлтіру де мүмкін болады. Қылмыскерлер мәйітті жойып не оны жасырын көміп тастауға да мүмкін сосын бұл адамды жоғалып кетті деген хабарлама беруі мүмкін. Өте көп жағдайларда хабар ошарсыз жоғалып кеткен адам туыстарымен не достарымен араласпау үшін кетеді. Сондықтан да хабар ошарсыз кеткен адам бойынша қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеу алдында бұл жоғалған адамға қатысты заңмен көрсетілген қысқа мерзімде тексеру жұмыстары жүргізіледі. Егер де тексеріс жұмыстарының нәтижесінде хабар ошарсыз кеткен адамды ешкім көрмесе, ол адам ешкімге қайда екенін хабар бермесе, оның жеке киімдері мен документтері онымен бірге емес үйде болса, бір жерге кетуіне оның ешқандай себебі болмаса онда мұндай жағдайларда тергеуші заң нормаларына сай қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға міндетті.

Тексеріс жұмыстары алдымен арыз түскен адамдардан басталады. Яғни жоғалған адам бір жаққа кетуі мүмкін бе, мүмкін болса кімге және қай жерге кетуі мүмкін; ауруханаларға, психиатриялық мекемелерге және моргқа анықтама беру арқылы тексереді. Ішкі істер органдарында тіркеуде тұрғанын тексеріледі. Қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға ең тиімді және ең маңызды шара болып ол жоғалған адамның тұрған үйін және жұмыстеген жерін қарау.

Бұл жағдайда өлтірудің белгілері болып ол:

- жоғалған адамның тұрған пәтерінде не соңғы рет қай жерде болғанда қан іздері табылса;
- сол жерде жоғалған адам егер басқа жерге кетсе өзінің жеке киімдері мен құжаттарын міндетті түрде алуы керек болса, бірақ бұл заттар табылса;

- бұл адамның жоғалудың алдында оған қатысты жан-ұяның, туыстары, жолдастары не көршілері жаман ниетпен қарағандар болса;
- жоғалған адамның өзімен бірге бағалы зат не көп ақша болса;
- жоғалған адамның өліміне біреу мүдделі болса;
- жоғалған адамның жоғалуы мүмкін еместігі болса [27, 82].

Белгілі бір спецификамен қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеу сұрағы егер де хабарлама түссе күдіктеніп балалар өлтіру болса. Мысалы, жан-жақты адамдарға баланың өмірі белгісіз, яғни жүкті әйелде бала туы керек.

Мұндай қылмыстық істерді қозғаудың алдында тексеріс жұмыстары жүргізілуі керек: белгілі әйел жүкті болды ма, жүкті болса бала туды ма, бала туса тірі не өлді туды ма, егер де әйел бала тірі деп айтса, онда бала қайда және т.б.

Осындай сұрақтар арқылы немесе тергеуші күдіктенген әйелден, оның достарынан туыстарынан сонымен бірге егер де әйел жүкті болған кезде қай медициналық мекемеде тіркеуде болды, баланы қайда туды, бала туған кезде баланы тіркеу және баланы үйге ұйымдастыру және т.б. тексеріс әрекеттері жүргізіледі. Сонымен қатар балалар мәйіттері табылды ма, деген жағдайларды ескеру қажет.

Егер де тексеріс нәтижесінде балалар өлтіруі қылмысы нақтыланбаса онда қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеудан бас тарту шешімі шығарылуы қажет. Ал егер де тексеріс нәтижелері нақты қылмыс белгілері анықталса, онда қажетті түрде қылмыстық істі қозғап алдын ала тергеуге көшу қажет [28, 56]

Жаңа туған баланың мәйітін тапқан жағдайдағы тергеу әрекеттеріне;

а) мәйіттің өлу механизімін анықтау;

б) сот-медициналық сараптама тағайындау; Сараптама арқылы ол жас сәбидің неден өлгендігі, қашан туғандығы, қанша уақыт өмір сүрген, қандай жағдайда өмірге келген және т.б. сұрақтарды анықтауға болады;

в) өлген орынды немесе жерді анықтау;

г) ол сәбидің анасының кім екендігін анықтау;

- медициналық мекемелерде босануға уақыты келгендерді немесе ертеректе аборт жасатуға келген тіркеуде тұрған әйелдерді анықтау;

2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында адам өлтіруге байланысты қылмысты дәлелдеуге жататын мән-жайлар

2.1 Адам өлтіру қылмысын ашуға бағытталған тергеудің бастапқы және кейінгі кезеңдері

Адам өлтіру туралы істерді тергеу мақсаты болып, ол дәлелдеу болып табылады. Осы алғашқы тергеулік және жедел әрекеттер қылмыстық сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуге дейін адам өлтіру қылмысын толық, жан-жақты жіне объективті зерттеу керек. Тек қана сонда адам өлтіру қылмысы ашылды деуге айтуға болады. Қылмыскердің жеке басын мінездейтін мәліметтер, ниеті мен мақсаты, ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар дәлелдеуде қажет етеді.

Тергеуші сонымен адам өлтіруде келтірілген зиянның мөлшерін мен нысанын анықтауға міндетті. Материалдық зиянның мөлшері келесідей дәлелденеді, мысалы, жан ұяда жалғыс асыраушының өлтіруі, тонауда адам өлтіру, адам өлтіруге оқталу кезінде, жәбірленуші тірі қалу, бірақ мүгедек болып қалу да анықталады.

Тергеу тәжірибесі көрсеткендей адам өлтіру қылмысын ашуда тергеу қаншалықты уақытылы басталғанынан шығады. Адам өлтіру қылмысының ашылу негізі болып: ол оқиға болған жерді қарау, сот-медициналық сараптама, куәларды сұрау жүргізу және т.б алғашқы тергеулік және жедел әрекеттер. Тергеулік және іздеу қызметін жұмыстарының бірге жасауына байланысты адам өлтірудің тез арада ашылуына әкеледі. Солай тергеуші оқиға болған жерді қарау, сараптама тағайындау, мәйітті сот-медицинада зерттелуіне қатысу жүргізу кезінде, жедел уәкіл тергеушінің тапсырмасы бойынша куәларды, қылмыскерді іздестіру, қалдыруға болмайтын жауап алуды жүргізеді [29, 48].

Өлтіруге итермелеген және дәлелденуге тиіс жағдайлар анықталып, және оның жолын кесуде қажетті шаралар қолдану қажет. Мұндай кезде ұйымдарда өзі жасау қарулары, суық қару мен қару-жарақты иемденіп алу, беру, тіркеу тәртібін бұзылуына ерекше көңіл бөлген жөн, сонымен сыртқы ортаға әсер ететін психикалық аурумен ауыратындарға қажетті бақылау жасамау.

Тергеуді жоспарлау. Бастапқы сатысында жоспар тек қана тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларынан тұрады. Олардың арасынан тек қана қажетті жалпы шаралар алынады.

Бастапқы тергеу сатысының басты міндеті болып – ол қылмыстың толық элементтері туралы мәлімет алу: қылмыскердің жеке тұлғасын, жәбірленушінің жеке тұлғасын, қылмыскердің ниеті мен мақсаты, қоса орындаушылар болды ма, және т.б. қылмыскерді іздеу.

Алғашқы тергеу әрекеттеріне:

- оқиға болған жерді қарау;
- сот-медициналық сараптама;

- куәгерлердің және өлген адамның туыстарынан, көршілерінен жауап алу;
- мәйітті тануға ұсынуды дайындау;
- қылмыскердің ізіне түсу және оны іздеу;
- күдіктіні ұстау, жеке тінту, куәландыру және одан жауап алу;
- күдіктіні тануға ұсынуға дайындау;
- күдіктінің тұрған жерін және жұмыс орын тінту;
- тінту кезінде табылған заттай дәлелдемелердің криминалистикалық сараптамасы жатады [30, 24].

Олармен бірге мынадай жедел іздестіру шаралары қолданылуы мүмкін, пәтерлік немесе үйлерді тексеру жүргізу, яғни жедел іздестіру қызметкерлері - бұл кезде жаңа күдіктенген қылмыскердің жолына түсу, аумақты тексеріс кезінде қажетті объектілерді табуда, жедел мәлімет қайнар көзі ретінде қолданылады.

Әдетте, тергеу оқиға болған жерді қараумен және мәйітті қараудан басталады. Оқиға болған жерді қарау және мәйітті қарау бойынша сұрағына біз әлі кейінірек көңіл аударамыз.

Осы сатыда біріншіден күдіктінің пайда болумен, ал содан кейін өлтіру бойынша күдіктінің пайда болуымен байланысты. Кейінгі сатының тергеу аяқталуы негізгі мазмұны осындай адамның кінәлігін тексерумен, іс бойынша дәлелдеу затына кірмейтін; тез арада ізін суытпай жиналған дәлелдемелерді зерттеу; іс бойынша қайшылықтарды жою. Егер адам өлтіру қылмысын тез арада ашу мүмкін болмаса, кейінгі қажетті тергеу әрекеті болып кінәлі адамды табу болып табылады.

Адам өлтіру бойынша кейінгі тергеу әрекеті болып куәларды, күдіктіні, күдіктілерден жауап алу, сараптама тағайындау, тергеу эксперименті, оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында алғашқы жауап алулар барысында кейбір мәселелер анықталады. Адам өлтіруге оқталу болған кезде ең алдымен жәбірленушіден жауап алынуы тиіс. Жауап алғанда жәбірленушінің өміріне кім оқталуы тиіс және қандай адамдармен ол жаман қарым-қатынаста еді деген сұрақтар қойылуы тиіс.

Жәбірленушіден жауап алу келесі жағдайларда мүмкін яғни, зорлау әрекеттерінен өлім бірнеше сағаттан кейін келуі (ал кейде бірнеше күннен кейін). Мұндай жауап алу тек емдеп жатқан дәрігердің келісімімен ғана жүгізілуі керек. Егер де жәбірленушіні тапқан кезде жауап алу мүмкін болмаса онда тергеуші мұндай жағдайда емханаға барып жәбірленушінің жағдайы жақсарған кезде жауап алуына болады. Қатты жарақат алған жәбірленушіні дыбыс жазу немесе бейне таспа құралдарның көмегін пайдалана отырып жауап алынуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудегі жауап алу барысында куәгерлер аумағы ерекше орын алады. Адам өлтіру қылмысының тағы ең қажеттігі ол куәгерлерді анықтап олардан жауап алу:



- а) қылмысты өз көзімен көрген адамдар;
- б) қылмыс болған орында күдіктенген адамдарды көргендер;
- в) жәбірленушінің қандай адамдармен соңғы кезде дауласқан, оның өмір жағдайы туралы хабары бар туысқандары, достары, көршілері;
- г) жәбірленушіні соңғы рет көргендер;
- д) мәйітті не жәбірленушіні тапқан адамдар.

Тергеу барысындағы куәгерлерді анықтау көбінесе жедел іздестіру әрекеттері арқылы анықталады. Жалпы жауап алу көп уақытты қамтасыз етеді және оған ерекше дайындықты және мұқияттылықты талап етеді. Сондықтан да ең алдымен жауап алудың негізгі сипаты бар барлық сұрақтарды қарастыру қажет. Әдетте қысқа формальды емес әңгіме болуы тиіс. Егер де іздеу қызметкері сұрау кезінде адам өлтіруге қатысты мәлімет беретін адамдарды тапса, онда іздеу қызметкері тергеушіге ол адам туралы хабарлама береді. Содан кейін тергеуші сол адамнан жауап ала отырып қылмысқа қатыстылығын анықтайды. Ең алдымен оқиға болған жерде адамдардан сұрау жүргізіледі. Ал егер де адам өлтіру қылмысы көшеде жасалса, онда іздеу қызметкерлері куәгерлерді анықтап оларды табады. Яғни осы көшеде жұмыс бойынша, дала жинаушы, киосктағы дүкеншілер, почтальондар, көшеде үй қасында отыратын кәрі адамдар, әйел кісілер балалармен, көшеде жөндеу жұмыстарын жүргізетіндер бірінші болып сұралуы мүмкін. Егер де адам өлтіру қылмысы кешке не жұмыстың басталу яғни таңертең жасалса, онда көшедегі жұмыс ұйымдарының қызметкерлерінен де күдікті ретінде адамдарды ізделінуі мүмкін.

Егер де адам өлтіру қылмысы көп қабатты тұрғын үйде жасалса, онда қылмыскерді тек қана подъезд алаңында, лифте не сатыда көруі мүмкін. Сондықтан да осы үйдегі бүкіл қабаттағы тұрғындардан сұрау жүргізу жауап алынуы қажет. Ал егер адам өлтіру қылмысы орманда немесе далада жасалса, онда полиция қызметкерлері сол орманның не қасында қандай жұмыстар жүргізілді. Олардан жәбірленушіні не қылмыс жасаған яғни күдікті деген адамды көрді ме деген сұрақтар сұрау арқылы шешіледі.

Егер адам өлтіру қылмысы ұйымда жасалса, онда полиция қызметкерлері жәбірленуші ұйымда жұмыс істей ма, жұмыс істесе қандай адамдармен жаман қарым-қатынаста болды, жәбірленушінің жұмыс міндеттерге не жатады, кім жәбірленушінің қасында жұмыс барысымен не жұмыс барыссыз болды, жәбірленуші жұмыс істемесе бұл ұйымға неге және кімге келді. Мұндай сұрақтар ұйымының бастығына, жұмыскерлерге қойылуға тиіс. Мәйіт табылған жерде цех жұмыскерлердің тізімін талап етуге керек.

Тергеу барысында полиция қызметкері жәбірленушінің жақындарын анықтауға тиісті. Тек қана жәбірленушінің туысқандарын, достарын және көршілерімен қанағаттандырылмай, сонымен бірге жәбірленушінің дала достарымен, сырлас қарым- қатынастары бар болса, оларды анықтау, жәбірленушінің жеке күнделігі болса, сол арқылы оның соңғы мінез – құлқын, соңғы кезде қандай адамдармен жаман қарым – қатынаста болғанын білуге болады.

Кейінгі тергеу әрекеттері. Осы сатыда куәлардан жауап алу, күдіктіні ұстау, күдіктіні жеке тінту, оны куәландыру және одан жауап алу, күдіктіні тануға ұсыну, күдіктінің тұрған жерін және жұмыс орын тінту, тінту кезінде табылған заттай дәлелдемелердің криминалистикалық сараптаманы тағайындау және болған жерді тінту. Сонымен қатар тергеу эксперименті, қамау және хабарды жол-жөнекей ашу жүргізілуі мүмкін.

Куәлар аумағы жәбірленуші жеке басына қарау және өлтіру әдісі, қылмыскер жеке басына қарай анықталады. Егер де қылмыс қасақана түрде болса, тергеуші өлгеннің туыстары және достары арасынан, жәбірленушіде болған құнды заттар, қандай заттар, оның сақталу орны мен қанша екенін кім білді, кіммен және қандай жағдайда мүлікті қарым-қатынастарда өлген адам болды, мұрагерлік туралы сөз болды ма, кімнің үлесінде екені айтты ма, кім мұрагерлікке болуы мүмкін және т.с.с. Сонымен бірге, жәбірленушіне өліміне дейін оның пәтерінде немесе үйінде қандай жұмыстар жүргізілді, өлгенге кім келді, ол адамдармен қандай қарым-қатынаста (сөйлескіш пе не сөйлеспейді ме, сақ болды ма, сенімді ме). Егер де өлтіру ниеті анық болмаған кезде, жәбірленуші өліміне кім қатысуы мүмкін, кіммен ол ұрыста немесе қақтығыс жағдайында болды деген сұрақтар жауап алу қажет [31, 22].

Адам өлтіруге оқталу болған кезде ең алдымен жәбірленушіден жауап алынуы тиіс. Жауап алғанда жәбірленушінің өміріне кім оқталуы тиіс және қандай адамдармен ол жаман қарым-қатынаста еді деген сұрақтар қойылуы тиіс.

Жәбірленушіден жауап алу келесі жағдайларда мүмкін яғни, зорлау әрекеттерінен өлім бірнеше сағаттан кейін келуі (ал кейде бірнеше күннен кейін). Мұндай жауап алу тек емдеп жатқан дәрігердің келісімімен ғана жүргізілуі керек. Егер де жәбірленушіні тапқан кезде жауап алу мүмкін болмаса онда тергеуші мұндай жағдайда емханаға барып жәбірленушінің жағдайы жақсарған кезде жауап алуына болады. Қатты жарақат алған жәбірленушінің төсегінің қасында дыбысжазу магнитофон қоюға болады.

Куәгерлер аумағы. Адам өлтіру қылмысының тағы ең қажеттігі ол куәгерлерді анықтап олардан жауап алу:

- а) қылмысты өз көзімен көрген адамдар;
- б) қылмыс болған орында күдіктенген адамдарды көргендер;
- в) жәбірленушінің қандай адамдармен соңғы кезде дауласқан, оның өмір жағдайы туралы хабары бар туысқандары, достары, көршілері;
- г) жәбірленушіні соңғы рет көргендер;
- д) мәйітті не жәбірленушіні тапқан адамдар.

Куәгерлер алаң жинаушы, автобус жүргізушілер, орман қорғау жұмыскерлері және т.б. болып табылады. Куәгерлерді анықтауда пәтерлік (алаңды) жүруде оқиға болған жер ауданындағы халықтан сұрау тергеулік анықтау әдісі болып табылады.

Жедел іздестіру әрекеттері арқылы куәгерлерді анықтау. Барлық адамдардан жауап алу керексіз және көпұақытты қамтамасыз етеді. Сондықтан да ең алдымен іздеу мінезі бар сұрау салу. Әдетте қысқа формальды емес әңгіе.

Егер де іздеу қызметкері сұрау кезінде адам өлтіруге қатысты мәлімет беретін адамдарды тапса, онда іздеу қызметкері тергеушіге ол адам туралы хабарлама береді. Содан кейін тергеуші сол адамнан толық жауап алады. Ең алдымен оқиға болған жерде адамдардан сұрау жүргізіледі. Ал егер де адам өлтіру қылмысы көшеде жасалса, онда іздеу қызметкерлері куәгерлерді анықтап оларды табады. Яғни осы көшеде жұмыс бойынша, дала жинаушы, киосктағы дүкеншілер, почтальондар, көшеде үй қасында отыратын кәрі адамдар, әйел кісілер балалармен, көшеде жөндеу жұмыстарын жүргізетіндер. Егер де адам өлтіру қылмысы кешке не жұмыстың басталу яғни таңертең жасалса, онда көшедегі жұмыс ұйымдарының қызметкерлерінен іздеуге болады.

Егер де адам өлтіру қылмысы көп қабатты тұрғын үйде жасалса, онда қылмыскерді тек қана подъезд алаңында, лифте не сатыда көруі мүмкін. Сондықтан да осы үйдегі бүкіл қабаттағы тұрғындардан сұрау жүргізу керек.

Ал егер адам өлтіру қылмысы орманда немесе далада жасалса, онда полиция қызметкерлері сол орманның не қасында қандай жұмыстар жүргізілді екенін совхоздардан білуге болады. Яғни малшылар, аңшылар, ағаш кесушілер, туристер, саңырауқұлақтар және жидек жинаушылар. Олардан жәбірленушіні не қылмыс жасаған яғни күдіктенген адамды көрді ме деген сұрақтар сұрау арқылы шешіледі.

Егер адам өлтіру қылмысы ұйымда жасалса, онда полиция қызметкерлері жәбірленуші ұйымда жұмыс істей ма, жұмыс істесе қандай адамдармен жаман қарым-қатынаста болды, жәбірленушінің жұмыс міндеттерге не жатады, кім жәбірленушінің қасында жұмыс барысымен не жұмыс барыссыз болды, жәбірленуші жұмыс істемесе бұл ұйымға неге және кімге келді. Мұндай сұрақтар ұйымының бастығына, жұмыскерлепке қойылуға тиіс. Мәйіт табылған жерде цех жұмыскерлердің тізімін талап етуге керек.

Полиция қызметкері жәбірленушінің жақындарын анықтауға тиісті. Тек қана жәбірленушінің туысқандарын, достарын және көршілерімен, сонымен бірге жәбірленушінің басқа да алыс-жақын достарымен, сырлас қарым-қатынастары бар болса, оларды анықтау, жәбірленушінің жеке күнделігі болса, сол арқылы оның соңғы мінез – құлқын, соңғы кезде қандай адамдармен жаман қарым – қатынаста болғанын білуге болады.

Қылмыскер қылмыс істегенде қылмыстық жауапкершіліктен жіне жазадан жалтару үшін қоғамға қауіпті іс-әреекттің белгілерін толықтай немесе жартылай жасыру мақсатын көздейді.

Қылмыскердің қылмысқа дайындығы, оны жасау және жасыру әрекеттері өзара тығыз байланыста болады және тұтастай алғанда нақты қылмыстың тәсілін құрайды. Қасақан адам өлтіру қылмысы кезінде қылмысты жасыру ойы қылмыскерде қылмысты жасауға дейін туындайды және әртүрлі дәрежеде көрініс табады.

Абайсыз қылмыстарда қылмысты жасыруға бағытталған әрекеттер қылмыс жасалғаннан кейін жүзеге асырылады және басқа кездерде мүмкін емес [32, 81].

Қасақана адам өлтіру қылмысын жүзеге асыру үшін қылмыскер, не қылмысқа қатысушылар ең алдымен қылмысты істеу жоспарын, қылмыс құралдарын, көлік құралдарын дайындайды, қылмысты жасыру үшін шараларды әзірлейді, кінәсіздіктің дәлелдемесі ретінде алиби дайындайды.

А. Г Гельманов қылмысқа дайындалу, оны орындау және жасыру басты мақсатқа — қылмыстық нәтижеге жетуге бағыну мүмкіндігін беретіндігін айтады. Өзінің көзқарасын түсіндіре отырып, кейде қылмысты жасау жасыру шараларынсыз тіпті мүмкін емес екенін көрсетеді. Белгілі бір тәсілмен қылмысты жасау оны жасырудың құралы болуы мүмкін, себебі қылмыскерге қоршаған ортада өте аз іздерді қалдыруға мүмкіндік береді [33, 94]

Қылмыскер қоршаған ортада өте аз іздерді қалдыру ниетімен қылмысқа дайындалу және оны орындау бойынша әрекеттерін, әрі қылмысты жасыру әрекеті болатындай етіп ойластырады. Мәселен, биік үйдің жоғарғы кабаттарындағы пәтердің терезесі жанында, балконның үстінде тұрған жәбірленушіні төменге қарай итеріп жіберу, нашақордың қан тамырына есірткіні көп мөлшерде енгізу, жәбірленушіні есінен тандырып теміржол рельстеріне жатқызу. Бірақ, бұл әрекеттердің әртүрлі мақсатқа бағытталуы жаңа іздердің пайда болуына әкеп соғады және олардың анықталу мүмкіндігін туындатады.

Қылмысты жасағанға дейін кінәлі тұлға әртүрлі себептерге байланысты қылмыстың инсценировкасын бірінші орынға қоймайды. Қылмыс жасалғаннан кейін ғана оның барлық ойы қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан жалтаруға көшеді. Сол кезден бастап, бұл мақсат қылмыскердің қылмысты жасыруға бағытталған барлық кейінгі әрекеттерін және жүріс-тұрысын айқындайды. Ендігі жерде, жауапкершіліктен құтылу ең бірінші орынға қойылып, қылмыскердің бар арманына, ниетіне айналады. Осыдан оның келесі әрекеттері туындайды: қоршаған ортаға өзгерістерді енгізу, қылмыстың іздерін жасыру, жаңа іздерді жасау, жалған көрсетулерді беру, жасалған қылмысты жасыру ниетімен жаңадан қылмыс жасау.

Сонымен бірге, көп жағдайларда инсценировканы орындаған адамның немесе адамдардың жалған жүріс-тұрысы, хабарламалары, көрсетулері орын алады. Бұл адамдардың тарапынан жасалатын іс-әрекеттер негізінен тергеушіге қатысты орындалып, қылмыстың материалдық іздерінің әсерін күшейту мақсатын көздейді. Инсценировка жасаушы адамның жалған жүріс-тұрысы, жалған көрсетулері әрқашанда инсценировканың материалдық іздерін жасауға қатысты қосымша сипатта болады. Қылмыскер инсценировканы жасау нәтижесінде тергеушіні өзіне қолайлы бағыт бойынша, жалған жол бойынша жүргізгісі келеді.

Біздің пікірімізше, инсценировка ақиқатты жасыру және тергеуді жаңылыстыру мақсатымен инсценировка жасаушымен қасақана түрде өзіне қажетті оқиғаға сай қоршаған органы, дәлелдемелерді жасанды жолмен құрастыру, шынайы болған оқиғаны жасыру үшін тергеушіге жалған көрсетулерді беру болып табылады.

Инсценировканы жасаған кезде қылмыскер оқиға болған жерге өзгерістер енгізеді; шынайы іздерді жояды, жалған іздерді жасайды, кейде өліктің орнын ауыстырады, позасын өзгертеді, заттарды тасымалдайды.

Алдын-ала тергеу органдарының тергеу тәжірибесінде өзін-өзі өлтіру инсценировкасын жасау көп кездеседі. Бұл мынамен түсіндіріледі: өзін-өзі өлтіру куәларсыз жасалады, сондықтан қылмыскер оқиға болған кезде жәбірленушінің жанында болмағандығын айтады, өз-өзіне қиянат жасау инсценировкасында өлікті оқиға болған жерден тасымалдаудың қажеті жоқ, қылмыскер оқиға болған жердің қоршаған ортасын өзгерте алады. Қылмыскер әртүрлі себептермен өзін-өзі өлтіру инсценировкасына жүгіне алмаса, инсценировкалардың басқа түрлерін былай келтіреді: тұрмыстағы, құрылыстағы немесе көліктегі жазатайым оқиғалар.

Инсценировкалардың түрлерін білу оларды куәландыратын белгілерді табуға және оларды әшкерелеуге қажет.

Адам өлтіру қылмыстық істері бойынша инсценировкалардың келесі түрлері болуы мүмкін:

1. Адам өлтіру қылмысын жасыру.
2. Қылмыстық емес сипаттағы оқиғаны жасыру.

Өз жағынан адам өлтіру қылмысын жасыру инсценировкаларының келесі түрлері былай болуы мүмкін:

1. Өзін-өзі өлтіру инсценировкасы.
2. Жазатайым оқиғаның инсценировкасы.
3. Өз өлімімен өлу инсценировкасы.
4. Кісі өлтіру қылмысын жасау инсценировкасы.

Инсценировкаларды әшкерелеу үшін қарау кезінде анықталатын негативті мән-жайлардың орны ерекше. Негативті мән-жайлардың түсінігіне байланысты криминалист ғалымдардың әртүрлі пікірлері бар. Кейбір ғалымдар негативті мән-жайлар де - бұл оқиға кезінде болуы тиіс іздердің, заттардың, фактілердің болмауын түсінеді [34, 51]

Біздің пікірімізше, бұл анықпаманың кемшіліктері бар. Өйткені, оқиға болған жерде, жәбірленушінің денесінде кейде осы оқиғаға сәйкес келмейтін іздер табылады. Мәселен, тұзақта ілулі тұрған мәйітті көрген тергеуші күрестің белгілері жоқ екенін анықтап, асылу жолымен өзін-өзі өлтіру оқиғасы болды деген пікірге келеді. Бірақ, мәйіттің денесінде өліктік дақтар қарынның төңірегінде өте анық көрінеді. Асылу оқиғасында бұл дақтар қарынның төңірегінде болмауы тиіс.

Басқа процессуалистер мен криминалистер осы жағдайға тән заттардың барысы тергеушінің ойындағы көзқарасына қарама-қайшы келетін мән-жайларды негативті дейді [35, 57].

Негативті мән-жайлар қылмысты жасау кезінде емес, ал тергеушінің қылмысты ашу бойынша танымдық қызметінің барысында оқиға болған жерді қарау немесе басқа тергеу әрекеттерін жүргізу барысында белгілі бір анықталған жеке фактілердің арасындағы қарама-қайшылықты ұғыну ретінде пайда болады.

Профессор Е.Ғ.Жәкішевтің пікірінше: "Негативті жағдайлар - бұл қылмыстың белгілі бір жағдайда, я белгілі бір әдіспен жасалғанда міндетті түрде пайда болатын іздердің, заттардың болмауы, не керісінше жалпы жағдайға жат, осы жерге бөгде іздердің, заттардың оқпа болған жерде болуы" [36, 23]

Бұл жағдайлар біздің пікірімізше, фактілер, іздер әрқашанда объективті құбылыстар. Фактілердің, іздердің тергеушінің алғашқы болжамына қайшы келетіндігінен негативті деп айтамыз. Тергеушінің алғашқы болжамы объективті шындыққа сәйкес емес, ал негативті мән-жай керісінше ақиқатқа жетуге негіз береді. Мәселен, тергеуші биіктегі тұзақта асылған адамның өлігін көргенде, объективтік шындыққа сәйкес келмейтін өзін-өзі өлтіру болжауын құрады. Бірақ жәбірленушінің аяқтары еденге тимей тұрғанын, ілмектің жоғарыда екенін ескеріп, өзін-өзі өлтіру механизмі қалай жүзеге асырылатынын көз алдына елестетеді. Жәбірленуші асылу үшін орындыққа шығып, арқанды тіреуге бекітіп, тұзақты мойнына киеді. Орындықтың үстінде жәбірленуші аяқ киімінің іздері, еденде орындықтың іздері қалуы тиіс. Орындықтың, іздердің болмауы өзін-өзі өлтіруге қайшы келеді.

Негативті мән-жайлар оқиға болған жерді мұқият қарау кезінде бірден анықталады. Бірқатар жағдайларда, оқиға болған жерде негативті мән-жайлардың табылуы тергеудің және қылмыстың ашылуын шешеді. Себебі, бұл кезде тергеуші әлі де болса инсценировкамен жасырылған қылмыстың, не басқа оқиғаның болғанын білмейді. Бұл тергеу әрекеті осы мәселені тексеру бағытында жүреді. Оқиға болған жерді қарау барысында алынған фактілі берілгендер жиі жағдайларда жазатайым оқиғаның, өзін-өзі өлтірудің, кенеттен қаза болудың инсценировкасын әшкерелеуге мүмкінді береді.

Қылмысты инсценировка жолымен жасыру ойы қылмыс жасалғаннан кейін туындаса, инсценировканы жасау әрекеті қолдағы бар құралдарды, заттарды асығыстай пайдалану арқылы жүреді. Негізінен, бұл абайсыз кінәмен жасалған қылмыстарға тән. Мұндай кезде фактілі берілгендерді талдау арқылы инсценировканы әшкерелеу қиынға соқпайды.

Қасақана қылмыстардың көпшілігінде қылмыскерлер қылмыс істеуге дайындалады, жоспар құрып барлық әрекеттердің тізбегін белгілейді және қылмысты жасыруды егжей-тегжейлі ойластырады. Мұндай кезде, барлық әрекеттерді ойластыру көп қателерді жасаудан сақтандырады.

Оқиға болған жерді қарауға қатысатын сот-медицина маманы, криминалист, өргтехник және басқа да мамандар арнаулы білімдерін пайдаланып, оқиғаға сәйкес келмейтін белгілерді көрсетіп инсценировкаларды әшкерелеуге мүмкіндік береді

Тергеуші өлім неден туындағанын білмегендіктен, қараудың бірінші мақсаты болып хабарлаған адамның, жәбірленуші туыскандары түсініктемелерінің шындыққа сәйкестігін тексеру саналады. Сондықтан да қараудан бұрын тергеуші бұл адамдардан түсініктеме алады. Қараудың екінші мақсаты инсценировканың белгілерін тауып, қасақана кісі өлтіргендікті анықтау. Қылмыскерлер адам өлтірудің шынайы іздерін жоюға, өзгертуге

тырысады, сондықтан да шынайы іздерді жалған іздерден ажыратудың мәні зор.

Оқиға болған жерді қарау адам өлтіру және инсценировка жасау іздерінің белсенді ізденісіне бағытталу керек. Бұл үшін оқиға болған жерді жәй ғана қараумен, сипаттаумен шектелмей, мұқият түрде зерттеу, зерделеу қажет.

Шынайы қылмысты жасау кезіндегі іздердің және басқа белгілердің пайда болу механизмі өзінің объективті және субъективті белгілері бойынша осы қылмыстың инсценировкасы кезіндегі іздердің және белгілердің пайда болу механизмімен бірдей бола алмайды. Мәселенің барлығы бұл қарама-қашылықтарды анықтаудың қиындығында [37, 72].

Арнаулы әдебиетті, сондай-ақ тергеу тәжірибесін талдау адам өлтіру қылмысы тұрғын-жайды өртеу арқылы жасырылғанына дәлелдер мыналар болатынын көрсетеді:

- 1) тұрғын-жайдың ішінде кесу, шабу, шаншу жарақаттары бар адам мәйітінің болуы;
- 2) өздігінен өртену, өздігінен тұтану мүмкін емес жерде өрттің шығуы;
- 3) оқиға болған жерде өртеу заттының және өрт ошақтарының табылуы;
- 4) өрт ошағының үйдің ішінде болып, үйдің сырт жағынан жабық тұруы;
- 5) өрттің пайда болуын жеңілдететін және оны сөндіруді қиындататын арнаулы дайындық әрекеттердің болуы

Егер адам өлтіру қылмысы ату қаруымен өзін-өзі өлтірумен, абайсыз оқиға инсценировкасымен жасырылса келесі негативті мән-жайлар инсценировканың болғандығын куәландырады: а) өзін-өзі өлтіру мүмкіндігін жоққа шығаратындай етіп қару - жарақтың өлген адамның қолынан және денесінен алып жерде жатуы; ә) оқиға болған жерде табылған қару-жарақтың предохранительге қойылуы; б) автоматты емес қарудың оқтығында бүтін оқтың табылуы, ал жәбірленуші жарақатының сипаты белсенді әрекеттер жасауға мүмкіндік бермейді; в) ату дистанциясы және қарудың ұзындығы сәйкессіз, яғни қарудың ұзындығы үлкен, ал ату дистанциясы кіші; д) қару оқпаны ішінде ату продуктілерінің болмауы және керісінше маймен майланған болуы; г) өліктен алынған оқ, өзін-өзі өлтіру қаруы ретінде табылған қарудан атылмаған; д) өлген адамның қолында ату продуктілері табылмаған.

Өзін-өзі өлтіру инсценировкаларының ішінде асылу жолымен өзін-өзі өлтіру жиі кездеседі. Шынайы өзін-өзі өлтіру оқиғаларының көпшілігі осы тәсілмен орындалады, сол себептен қылмыскерге бұл тәсіл жеңіл көрінеді. Адамның асылуы туралы болжамға қатысты негативті мән-жайлар мыналар саналады: 1) бір тұзаққа асулы тұрған мәйіттің мойнында екі және одан да көп странгуляциялық сайлардың болуы. Мәселен, мәйіттің мойнында арқанның және сымның странгуляциялық сайларының орналасуы; 2) странгуляциялық сай және тұзақ енінің сәйкес келмеуі; 3) мәйіт мойнындағы тұзақтың өте кішкентай болуы; 4) странгуляциялық сай түбінің рельефі тұзақ материалының

рельефіне сәйкес келмеуі; 5) өліктік дақтардың орналасуы мәйіт тұрысына сәйкес келмеуі; 6) мәйіт асулы тұрған жердегі еден лай, былғанған болса, ал мәйіт аяқ-киімі тап-таза, былғанған жері болмаса; 6) асулы тұрған мәйіттің жанында орындықтың болмауы, ал арқан байланған тіреудің тіпті биіктікте орналасуы; 7) мәйіт салмағы арқан байланған тіреудің мықтылығына сәйкес келмесе. Мәселен, оқиға болған жерге бірінші болып келген куә мәйіттің тұзақта асулы тұрғанын көріп, оны тұзақтан түсіріп жерге жатқызғанын айтады. Куә тергеушіге арқанның бір ұшы шегеге байланғанын ескертеді. Бірақ, тергеуші шегенің қалыңдығына қарап, оның жәбірленушіні көтере алмайтынына көзі жетеді.

Тергеу тәжірибесі көрсеткендей өзін-өзі өлтірушілер жараларды ашық денеге келтіреді. Мойынның кесілген жаралары кезінде киімнің жағасын шешу және сұғу жаралары кезінде кеудені ашу өзін-өзі өлтіруге тән. Сұғу жараларын киімнің сыртынан өз қолымен жүрек, қарын төңірегіне салуды негативті мән-жай ретінде қарастыруға болады, бұл жағдайда қаза болған адамның бұрын психикалық аурулармен ауырғанын, не ауырмағандығын тексереміз.

Өзін-өзі өлтіру жағдайларында кесу, шаншу, шабу жаралардың жанында сондай-ақ бірнеше кішкентай беткейлі жарақаттар — тілімдер, шаншылған, шабылған жаралар табылады. Олардың болуы негізгі жараны салғанға дейін жәбірленуші осы жараны келтіру үшін әрекеттер жасағандығын куәландырады.

Өлімге алып келген жаралардың жәбірленушінің өз қолымен келтіру мүмкін емес жерлерінде - арқасында немесе желкесінде табылуы адам өлтіру қылмысы болғандығын көрсетеді.

Өз қолымен кесілген жараларды салу әдетте мойынның төңірегінде, кеңірдек тұсында, қолдың ірі қан тамырлары бар жерде кездеседі.

Өткір құралдармен кесу жараларын салушылардың қолдары қанға былғанады. Себебі, ірі қан тамырлары кесілгенде қан қысыммен жан-жаққа атқылайды. Сондықтан осындай жаралармен табылған мәйіт қолдарының қанмен былғанбауын негативті мән-жай ретінде қарастыруға болады.

Оқиға болған жерде қарауды жүргізетін тергеушілер кейбір жағдайларда қажетті деңгейде негативті мән-жайларға көңіл аудармайды. Соның салдарынан, қылмыстардың тез және толық ашылуы төмендейді. Біздің пікірімізше, тергеу тәжірибесінде жоғарыда көрсетілген мән-жайларға назар аудару қылмыстардың ашылу деңгейін жоғарылатады

Бастапқы тергеу әрекеттері мен күдіктіні іздеу әрекеттері.

- мәйітті және оқиға болған жерді қарау;
- сот-медициналық сараптама тағайындау;
- өлген адамның туыстарын, таныстарын, көршілерін және басқа да куәгерлерден жауап алу;
- мәйітті тануға ұсынуға дайындау;
- қылмыскерді іздеуге және анықтауға әрекеттер жасау;
- күдіктіні анықтап ұстау әрекеттерін жүргізу және куәләндіру тергеулік әрекетін жүргізу;
- күдіктінің үй жайы мен жұмыс орындарына тінтулер жүргізу;



- тексеру және тінту барысында алынған дәлелдемелерге криминалистикалық сараптамалар тағайындау;

Күдікті алдын-ала тергеу сатысында қысқа мерзімді және міндетті емес қатысушысы. Айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы немесе ұстау қолданылмаса, күдікті процеске нақты түрде қатыспайды. Күдіктіні ұстау мерзімі былай шектеледі: ұстау жетпіс екі сағаттан аспауы керек, ал бұлтартпау шарасын таңдау – он тәуліктен. Осы уақыт ішінде тұлғаға айып тағуға немесе бұлтартпау шарасының күшін жоюға міндетті.

Күдікті ұсталған немесе оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шаралары қолданылған жағдайда ұсталған немесе бұлтартпау шаралары қолданылған кезден жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен жауап алуға дейін оңаша және құпия жолығу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуы тиіс. Ұсталған күдікті алғашқы жауап алу аяқталғаннан кейін телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу өзінің тұрған жеріне немес жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы хабарлауға құқылы. Қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын әс жүргізушілік мәжбүрлеу шарасы.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексінің 128 бабына сәйкес күдіктіні ұстауға негіз:

1. Қылмыс жасады деп адамды ұстау- оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатындағы қолданылатын іс жәбірленушілік шарасы.

2. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган мына негіздердің бірі болған жағдайда:

1) ол адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталғанда:

2) көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетсе не ол адам осы Кодекстің 131-бабына көзделген тәртіппен ұсталса;

3) ол адамда немесе оның киімінде, өзінде немесе оның тұратын үйінде қылмыстың анық іздері табылған кезде;

4) жедел-іздігі қызметінің заңға сәйкес алынған материалдарында ол адамға қатысты ол жасаған немесе дайындалып жатқан ауыр немесе аса ауыр қылмыс туралы анық деректер болған кезде бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолдануы мүмкін болатын қылмыс жасағандығына күдік келтірген адамды ұстауға құқылы.

Адамның қылмыс жасағандығына күдіктенуге негіз беретін өзге де деректер болған кезде ол адам жасырынуына әрекет жасаған не оның тұрғылықты тұрған жері болмаған немесе күдіктінің жеке басы анықталмаған жағдайларда ғана ұсталады.

Күдіктіден жауап алу барысында мына сұрақтар қойылуы мүмкін:

- оның күдіктіленіті жөнінде қандай мәліметтер береді (егер күдікті өзінің кінәсін мойындап, адам өлтіруге қатысқандығы немесе өзі өлтіргендігі жөнінде дұрыс жауап берген жағдайда);

- жәбірленушімен қашаннан бері таныс, онымен қандай қарым-қатынаста;

- мәйіт өлген күні қандай жағдайлармен кездесті, қай жерде және олар уақытты қалай өткізді;

- екеуінің арасында ұрсыстар болған жоқ па, егер болған жағдайда қандай себептер мен болды;

- жәбірленушіге қандай жарақаттар келтірді және қандай затпен келтірді;

- ауыр жарақат келтірген бетте жәбірленуші күдіктіге қарағанда қандай жағдайда (поза) тұрды;

- адам өлтірудегі нақтылы жағдайлар;

- кісі өлтіргеннен кейін ол қай жаққа қарай бағыттады, кімді кездестірді;

- ол өзінің киімін тазалады ма, немен тазалады;

- осы уақытта оның сол киімдері, қылмыстың құралы қайда;

- қылмысты жасыруға бағытталған қандай әрекеттер жасады;

- қылмыс жөнінде ол кімдерге айтты;

Берген жауабының жалғандығын әшкерелеуге бағытталған тактикалық тәсілдер:

а) әрбір жауабын нақтылау;

б) жауаптарының жалғандығын әшкерелеу;

- денесіндегі, киіміндегі қан дақтарынан және басқа да жарақаттарынан;

- күдіктіден қылмыстың құралының табылуынан және жәбірленуші заттарының табылуы және т.б.

в) күдіктіге адам өлтіру барысындағы жиналған дәлелдемелерді ұсыну арқылы;

- кәлардың жауабы арқылы;

- күдіктінің заттарының оқиға болған жерден табылғандығын ұсыну арқылы;

- күдіктіге қарсы оқиға болған жерді қарау хаттамасында көрсетілген деректерді көрсете арқылы;

- күдіктінің оқиға болған жерде қалтырған іздерін растайтын сарапшының қортындысын ұсыну арқылы;

г) жауап алу барысын, ырғағын өзгерту арқылы;

кенеттен тұтқиылдау факторын қолдану арқылы және т.б. заң төңірегіндегі тәсілдер қолданылады.

Күдікті ретінде жауапқа тарту актісі мынадай процессуалдық салдарға әкеліп соғады: 1) күдікті өзінің не үшін кінәлі екендігін біліп, өзінің заңды мүддесін қорғап жүзеге асыру үшін құқықтарды иеленеді; 2) күдіктіге белгілі міндеттер жүктеледі; 3) процесті жүргізуші орган және лауазымды тұлғалар іс

өндірісінің барысында күдіктіға құқықтарын және қалай жүзеге асыруды қамтамасыз етуді түсіндіруге міндетті; 4) процессті жүргізуші орган және тұлға күдіктіға қатысты заңмен белгіленген күштеу процессуалдық шарасын қолдануға құқылы – бұлтартпау шарасы, тінту, мүлікке тиым салу (Қазақстан Республикасы қылмыстық процесстік кодексінің 140, 161, 230 б.).

Жауап алу басталар алдында тергеуші күдіктіға оның айғақ беруден бас тарту құқығын түсіндіреді және күдіктіның айтқандары оның өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін хабарлайды. Күдікті айғақ беруден бас тартқан жағдайда одан жауап алу хаттамасында белгі қойылады.

Күдіктідан жауап алуды тергеуші айып тағылғаннан кейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей, ал күдікті келуден жалтарған жағдайда немесе оған іздеу салынған жағдайда ол айдап әкелінгеннен немесе ұсталынғаннан кейін дереу жүргізеді.

Бір іс бойынша шақырылған күдіктідан жеке-жеке жауап алынады, бұл орайда тергеуші олар өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданылады. Жауап алудың басында тергеуші оған тағылған айыптың мәнісін түсіндіре отырып, ол тағылған айып бойынша өзінің толық немесе ішінара кінәлі екенін мойындайтынын не өз кінәсін теріске шығаратынын анықтайды. Егер күдікті жауап бермесе, онда ол өзінің кінәлі екендігін мойындамады деп есептеледі. Күдіктіның тағылған айыпқа көзқарасын анықтағаннан кейін оған тергеуші айып пен іс үшін маңызы болуы мүмкін жағдайлар бойынша айғақтар беруді ұсынады.

Қылмыс жасады деп айыптау үшін негіз беретін жеткілікті дәлелдемелер болған кезде тергеуші адамды күдікті ретінде жауапқа тарту туралы дәлелді қаулы шығарады. Тергеуші күдіктіға айып тағылған күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушыны шақыру не тергеушіден қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну құқығы түсіндіріледі.

Қылмыстық кодекстің ережелеріне сәйкес айып тағы кезінде қорғаушының қатысуы міндетті болып табылатын істер бойынша тергеуші, егер қорғаушыны күдіктіның өзі, оның өкілі не оның тапсырмасы немесе келісімі бойынша басқа адамдар шақырмаса, қорғаушының келуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылады.

Күдікті ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда мыналар көрсетілуі тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кім жасаған; күдікті ретінде жауапқа тартылған адамның тегі, аты мен әкесінің аты, оның туған күні, айы, жылы мен туған жері;

2) күдікті айыпталып отырған қылмыстың жасалған уақыты, орны көрсетілген сипаттамасы, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу кодексінің 113-бабына сәйкес дәлелдеуге тиісті өзге де жағдайлар сипаттамасы;

3) аталған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлім, тармақ).

Бірнеше қылмыс бойынша айыпталған кездегі күдікті ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда қылмыстық заңның әрбір бабы (бөліктері, тармақтары) бойынша күдіктіға қандай нақты іс-әрекеттер танылатыны көрсетілуі тиіс.

Қаулыда адамды тергеліп отырған іс бойынша күдікті ретінде жауапқа тарту туралы шешім болуға тиісті.

Күдікті ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 208 - бабына байланысты күдікті шақыру қағазын алғаннан кейін келуге міндетті.

Өлтірген адам анықталып оған айып тағу барысындағы тергеудің мақсаттары: (кісі өлтірген адамды анықтау және нақты сол адамның осы қылмысты жасағандығын және қаншалықты кінәлілігін дәлелдеу мақсатында)

а) күдіктінің жауабын оқиға болған жерде тексеру;

б) кісі өлтірген адамды анықтау:

- куәлер көрген білген (очевичы) мен жауаптары арқылы;
- осы куәлерге айыпкерді тануға ұсыну арқылы;
- беттестірулер жүргізу арқылы;
- күдіктінің үйіне, жұмыс орындарына тінтулер жүргізу арқылы;
- айыпкерге куәләндірулер жүргізу арқылы, оның киіміне және басқа да заттарына қараулар жүргізу, осы заттармен заттай дәлелдеме ретінде алынған ұсақ объектілермен салыстырулар жүргізу;

Осы барыста міндетті түрде дәлелденуі тиіс:

- адам өлтіру барысындағы кісі өлтірген жерде сол айыпкер болды;
- қылмыскердің осы кісіні өлтіруге қандай жағдайлары болған (уақыт жеткілікті, дене бітімі күші көп, белгілі бір қаруды қолдануға оның икемділігі бар);

- қандай әрекеттер қылмыс барысында жасады;

в) қылмыскердің жеке басын анықтау ;

г) өлтіру себеп салдарын анықтау барысында келесі мән- жайларды анықтау:

- ол кісі өлтірілетінін алдын-ала білдіме, қандай мақсатпен ол осы әрекетті жасауға ұмтылды;

- күдіктімен жәбірленушінің арасында бұрыннан қалыптасқан қарым-қатынастары қандай болды (ұрыс керісте, бір біріне қорқытулар жасау, жәбірленушінің өлуін қалаған және тағы басқа да мән жайлар);

- жәбірленушінің өлгенге дейінгі және өлтіру барысындағы мінез құлқы қандай болды (айыпкерге шантаж, қорқытулар, балағаттау және т.б. сөздер болды ма);

Көрсетпені немесе берген жауабын анықтау мақсатында (күдіктінің немесе жауапкердің) оқиға болған жерде тексеруде;

- кісі өлтірген жерді нақтылау;
- қылмыс болған жерді және қылмысты жасыру жолдарын анықтау;
- қылмыстың ізі мен қылмыстың құралын табу мақсатында;
- адам өлтіру әдісін нақтылау мақсатында;
- егер ол тергеу барысында болған қылмысты өз мойнына жалған түрде алған жағдайда, өтірігін әшкерелеу мақсатымен;
- оқиғаға қатысты басқа да мән жайларды нақтылау мақсатында;

- Адам өлтіруге байланысты тергеу экспериментін жүргізу мақсаты;
- белгілі белгілі жылдамдықпен жүріп өтуі мүмкін бе деген сұрақтарға байланысты;
  - қылмыс болған жерге белгілі бір әрекеттермен кіріп кетуі мүмкін бе;
  - белгілі бір әрекеттермен адамды өлтіру мүмкін бе деген;
  - белгілі бір қашықтықта адамды көруі және естуі мүмкін бе деген (белгілі бір уақытта, ауа райына байланысты және т.б.);

Адам өлтіру қылмысын тергеу барысындағы анықтама органдары қызметкерлерінің міндеттері:

- тез арада және сапалы түрде жедел-іздігі шараларын жүргізу (тергеушінің тапсырмасын орындауға байланысты);
- ішкі істер органдарының криминалистикалық, жедел-анықтамалық және басқа да тіркеулері байынша тексерулер жүргізу;
- жедел-тергеулік топтың басшыларымен анықтамалар мен хабарламаларды уақтылы алмасып отыру;
- тергеулік әрекеттер мен бірге жедел іздігі шараларымен келісіп отыру;
- тергеу барысында жедел-іздігі әрекеттерінде бірге алып жүру.

Адам өлтіру қылмысын дәлелдеу мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңына жеке тергеу әрекеті ретінде жауапты оқиға болған жерді қарау әрекеті жатады. Бұл тергеу әрекетін жүргізгенде басқа тергеу әрекетінің кейбір элементтері, әдістері де қолданылады. Бұл тергеу әрекетін жүргізу үстінде жауап та алынады, іздерді қарау әдістері де қолданылады, қылмыскердің адамды қалай өлтіргендігі айқындалады.

Осы тергеу әрекетін тағы бір сипаттайтын тактикалық тәсіл - бұл жауабы тексерілетін адам өзінің түсініктерін алдын алып айтып отырады. Егер ол үй ішінде болған оқиғаны айтатын болса, онда ол тергеу үшін маңызды оқиға үйдің қай бөлігінде болғанын алдын ала айтып беруі керек.

Жауапты оқиға жерінде тексеру мен нақтылаудың мақсаты тек қана бар дәлелдемелерді тексеру ғана емес, сонымен жаңа дәлелдемелер табу болғандықтан осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде жарық құралдары, оптикалық құралдар, іздігі құралдары, дәлелдемелік заттарды өлшейтін, алу мен қаптау құралдары қолданылуы мүмкін [38, 87].

Жауапты оқиға жерінде тексеру мен нақтылау кезі және нәтижесі хаттамада бекітіледі. Қосымша бекіту құралдары болып мыналар табылады: суретке түсіру, тексерілетін жауаптарды магниттік таспаға жазу, жауапты тексерудің бүкіл процесін қозғалыста суреттеу үшін киноға түсіру немесе бейне жазбаларды қолдану, сонымен қатар тергеу әрекеті кезінде қатысушылардың қозғалу маршрутының схемасы мен жоспарын сызу жүргізіледі.

Адам өлтіру қылмысын тергеу барысындағы жүргізілетін жедел іздігі шаралары. Қылмыскерді анықтау үшін, жәбірленуші анықтау үшін тергеу іс-әрекетімен қатар жедел іздігі шаралары жүргізіледі.

Тергеуші мен анықтау органдары арасындағы компетенциясы Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің белгіленген. Алдын ала тергеу жүргізгенде тергеуші (прокурор санкциясы басқа) барлық тергеу жүргізіліп жатқан барлық процессуальдық шешімдерді жеке-өзі, ешкімге тәуелсіз өзі шығарады.

Тергеуші анықтау органына нақты іс бойынша тапсырмалар беруге және тергеу ісіне қатысуға тартуға мүмкіндігі бар. Бұндай тапсырмалар жазбаша түрде беріледі және анықтау органы үшін міндетті болып табылады [39, 46].

Осы арқылы тергеушінің тапсырмасымен анықтау органы басшысы тапсырмаға нақты орындаушы берін тергеу және жедел іздестіру шараларын жеделдетуге жағдай жасайды. Тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеушінің жедел қызметкерге берген тапсырмалары әр-жақты болуы мүмкін. Өйткені бұндай тапсырмалар тергеу ісінің жан-жақтылығынан көрінеді.

Тәжірибиеде өлік бойынша тергеуші мен жедел қызметкердің қатынасы оқиға болған жерде қарауға дейін немесе қарағаннан кейін пайда болады. Жедел топ оқиға болған жерді қарау кезінде қызметтік итті де өлікті ғана табу үшін емес, сонымен қатар қару-жарақты және іздерді табу үшін қолдануы мүмкін. Сонымен қатар қылмыскерді ізін суытпай ұстау үшін шаралар жүргізіледі.

Тергеуші жедел қызметкерлер арқылы іске көмегі тиетін куәгерлерді табуға, айғау заттар табуға көмегін тигізеді. Жедел қызметкерлер сонымен қатар жәбірленушінің өмір сүру жағдайын анықтап қылмыстың тез ашылуына және өлім себебін анықтауға жағдай жасайды. Сонымен қатар іске қатысты барлық шаралар тергеушінің тапсыруымен жүргізіледі.

Тергеуші тапсырмасы бойынша полиция қызметкерлері оқиға болған жерден із, айғау табу үшін жедел-іздестіру шараларын жүргізеді. Бұл іс барысында тергеуші мен жедел-іздестіру қызметкері арасында әр дайын ақпаратпен алмасу болып табылады. Алғашқы жедел-іздестіру шаралары барысында адам өлтірушіні табу үшін тұлға болған жерден табылған іздер мен заттар арқылы қылмыскерлерді анықтау. Егер қылмыскер оқиға болған жерден көлік арқылы қашып кетсе, онда сол көлікті анықтап, іздеуге беру.

Қылмыскердің дене жарауаты туралы ақпарат алысымен тергеуші жедел іздестіру қызметкері арқылы барлық дәрігерлік бөлімдерден соңғы уақытта көмек сұрап келген адамды анықтау үшін тапсырма беру. Жедел шаралар барысында жедел қызметкер Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі» туралы заңның талаптарына сай жүргізіледі.

Адам өлтіру қылмысын ашу кезіндегі жүргізілген алғашқы тергеу шараларына криминалистикалық тіркеу көп себебін тигізеді. Криминалистикалық тіркеу арқылы оқ қалай ұшты және оның басқа қылмысқа қатысы бар ма? т.б. осы сияқты сұрақтарды шешуге үлес қосады.

Сонымен қылмыстық істің толық және жан-жақты ашылуы тергеуші мен жедел қызметкердің бірлесе жұмыс істеуінің нәтижесі болып табылады. Бұл қатынас тергеудің кез келген кезінде жүргізіліп отырады. Өйткені жедел қызметкер істің дейін тергеушіге көмектеседі.

Жедел іздестіру қызметкері тергеушімен байланыса отыра іс тез ашылу үшін ақпарат жинап, жедел іздестіру шараларын жүргізеді. Жедел ақпарат тергеуші үшін жаңа дәлел болуы мүмкін немесе келешекте іске тіркеліп дәлел ретінде кетуі мүмкін. Барлық жүргізіліп жатқан жедел іздестіру шаралары іс жүргізіп жатқан тергеушімен келісіліп жүргізілуі керек. Егер қарау кезінде немесе алғашқы тергеу әрекеттері кезінде өліктің жеке басы анықталмаса, онда хаттамада өліктің портреттік әлпетін жазады. Өлікті сигнателикаға түсіріп оны дактилоскопиралайды.

Анықталмаған өлікті жергілікті тұрғындарға, үйлердің коменданттарына және өлік табылған жерді жақсы білетін адамдарғы көрсетеді.

Өлікті анықтау Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің -да көрсетілген тәртіппен жүргізіледі. Өлікті тану жарықталған жерде жүргізіледі. Танушылардың сұрауымен өлік тану үшін қозғалуы мүмкін. Өлік жерленгеннен кейін өлікті тану оның фотороботы арқылы жүргізіледі.

Қылмыскерді іздеумен қатар жедел іздестіру және тергеу әрекеттері өліктің жеке басын анықтаумен қатар жүргізіледі. Егер қылмыс жасаған тұлғаны анықтаса, оны ұстау және сұрау әрекеттері жүргізіле бастайды. Керекті жағдайда алғашқы тергеу кезінде күдіктінің үйіне және жұмыс жеріне қарау жүргізіледі.

Кісі өлтірді деп күдіктелген тұлға Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің -да көрсетілген тәртіппен, нақты, тез арада жүргізіледі. Сондықтан ұстауға барардың алдында дайындалу керек өйткені қылмыскер қарсылық көрсетуі мүмкін. Сондықтан ұстауды арнайы құрамы бар тәжірбиелі жедел қызметкерлер іске асырады.

Қылмыскерді ұстағаннан кейін оны жеке тіпту жүргізіледі және одан алынған қару-жарақ болса оны келешекте дәлел ретінде қолдана алады. Тергеу органына әкелгеннен кейін күдіктіні мұқия тексереді. Өйткені ол бұл жерде дәлел зат жойып жіберуі мүмкін немесе өзін-өзі өлтіріп жіберуі мүмкін. Анықтау жолымен күдікті денесіндегі жарақаттарда анықтау керек. Сонымен қатар оның денесіндегі татуировкалар, туғаннан бергі белгілерді анықтап шіркеледі.

Атыс қаруымен кісі өлтіруге байланысты жүргізілетін тергеулік әрекеттер мен жедел-іздестіру шаралары. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей адам өлтіру қылмысын ашуда тергеу қаншалықты уақытылы басталғанынан шығады. Адам өлтіру қылмысының ашылу негізі болып: ол оқиға болған жерді қарау, сот-медициналық сараптама, куәларды сұрау жүргізу және т.б алғашқы тергеулік және жедел әрекеттер. Тергеулік және іздеу қызметін жұмыстарының бірге жасауына байланысты адам өлтірудің тез арада ашылуына әкеледі. Солай тергеуші оқиға болған жерді қарау, сараптама тағайындау, мәйітті сот-медицинада зерттелуіне қатысу жүргізу кезінде, жедел уәкіл тергеушінің тапсырмасы бойынша куәларды, қылмыскерді іздестіру, қалдыруға болмайтын жауап алуды жүргізеді. [40, 48]

Адам өлтіру туралы істерді тергеу мақсаты болып, ол дәлелдеу болып табылады. Осы алғашқы тергеулік және жедел әрекеттер қылмыстық сотқа

дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеуға дейін адам өлтіру қылмысын толық, жан-жақты жіне объективті зерттеу керек. Тек қана сонда адам өлтіру қылмысы ашылды деуге айтуға болады.

Қылмыскердің жеке басын мінездейтін мәліметтер, ниеті мен мақсаты, ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар дәлелдеуде қажет етеді.

Тергеуші сонымен адам өлтіруде келтірілген зиянның мөлшерін мен нысанын анықтауға міндетті. Материалдық зиянның мөлшері келесідей дәлелденеді, мысалы, жан ұяда жалғыс асыраушының өлтіруі, тонауда адам өлтіру, адам өлтіруге оқталу кезінде, жәбірленуші тірі қалу, бірақ мүгедек болып қалу да анықталады.

Өлтіруге итермелеген және дәлелденуге тиіс жағдайлар анықталып, және оның жолын кесуде қажетті шаралар қолдану қажет. Мұндай кезде ұйымдарда өзі жасау қарулары, суық қару мен қару-жарақты иемденіп алу, беру, тіркеу тәртібін бұзылуына ерекше көңіл бөлген жөн, сонымен сыртқы ортаға әсер ететін психикалық аурумен ауыратындарға қажетті бақылау жасамау.

Қылмысты жасағанға дейін кінәлі тұлға әртүрлі себептерге байланысты қылмыстың инсценировкасын бірінші орынға қоймайды. Қылмыс жасалғаннан кейін ғана оның барлық ойы қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан жалтаруға көшеді. Сол кезден бастап, бұл мақсат қылмыскердің қылмысты жасыруға бағытталған барлық кейінгі әрекеттерін және жүріс-тұрысын айқындайды. Ендігі жерде, жауапкершіліктен құтылу ең бірінші орынға қойылып, қылмыскердің бар арманына, ниетіне айналады. Осыдан оның келесі әрекеттері туындайды: оқиға болған жерге өзгерістерді енгізіп қылмыстың іздерін жасыру, жалған жаңа іздерді жасау, жасалған қылмысты жасыру ниетімен жаңадан басқа әрекеттер жасап қою. Сонымен бірге, көп жағдайларда қарсы әрекет етушілікті (инсценировкуны) орындаған адамның немесе адамдардың жалған жүріс-тұрысы, хабарламалары, көрсетулері орын алады. Бұл адамдардың тарапынан жасалатын іс-әрекеттер негізінен тергеушіге қатысты орындалып, қылмыстың материалдық іздерінің әсерін күшейту мақсатын көздейді.

Қарсы әрекет ету барысында ақиқатты жасыру және тергеуді жаңылыстыру мақсатымен инсценировка жасаушы қасақана түрде өзіне қажетті оқиғаға сай қылмыс болған жер мен сол жайды, дәлелдемелерді жасанды жолмен құрастыру, шынайы болған оқиғаны жасыру үшін тергеушіге жалған көрсетулерді беру болып табылады. Сонымен қатар қылмыскер оқиға болған жерге өзгерістер енгізеді; шынайы іздерді жояды, жалған іздерді жасайды, кейде өліктің орнын ауыстырады, позасын өзгертеді, заттарды тасымалдайды.

Алдын-ала тергеу органдарының тергеу тәжірибесінде өзін-өзі өлтіру инсценировкасын жасау көп кездеседі. Бұл әрекетті мынадай жағдайлармен көруге болады: өзін-өзі өлтіру инсценировкасы куәларсыз жасалады, сондықтан қылмыскер оқиға болған кезде жәбірленушінің жанында болмағандығын айтады, өз-өзіне қиянат жасау инсценировкасында өлікті оқиға болған жерден



тасымалдаудың қажеті жоқ, қылмыскер оқиға болған жердің қоршаған ортасын өзгерте алады.

Адам өлтіру қылмыстық істері бойынша инсценировкалардың келесі түрлері болуы мүмкін:

3. Адам өлтіру қылмысын жасыру.

4. Қылмыстық емес сипаттағы оқиғаны жасыру.

Қылмысты тергеуге қарсы әрекетушілікті үшін қарау кезінде анықталатын негативті мән-жайларды анықтаудың орны ерекше. Негативті мән-жайлар оқиға болған жерді мұқият қарау кезінде бірден анықталады. Бірқатар жағдайларда, оқиға болған жерде негативті мән-жайлардың табылуы тергеудің және қылмыстың ашылуын шешеді. Себебі, бұл кезде тергеуші әлі де болса инсценировкамен жасырылған қылмыстың, не басқа оқиғаның болғанын білмейді. Бұл тергеу әрекеті осы мәселені тексеру бағытында жүреді. Оқиға болған жерді қарау барысында алынған фактілі берілгендер жиі жағдайларда жазатайым оқиғаның, өзін-өзі өлтірудің, кенеттен қаза болудың инсценировкасын әшкерелеуге мүмкінді береді.

Қылмысты инсценировка жолымен жасыру ойы қылмыс жасалғаннан кейін туындаса, инсценировканы жасау әрекеті қолдағы бар құралдарды, заттарды асығыстай пайдалану арқылы жүреді. Негізінен, бұл абайсыз кінәмен жасалған қылмыстарға тән. Мұндай кезде фактілі берілгендерді талдау арқылы инсценировканы әшкерелеу қиынға соқпайды.

Қасақана қылмыстардың көпшілігінде қылмыскерлер қылмыс істеуге дайындалады, жоспар құрып барлық әрекеттердің тізбегін белгілейді және қылмысты жасыруды егжей-тегжейлі ойластырады. Мұндай кезде, барлық әрекеттерді ойластыру көп қателерді жасаудан сақтандырады.

Оқиға болған жерді қарауға қатысатын сот-медицина маманы, криминалист, өрттехник және басқа да мамандар арнаулы білімдерін пайдаланып, оқиғаға сәйкес келмейтін белгілерді көрсету инсценировкаларды әшкерелеуге мүмкіндік береді

Тергеуші өлім неден туындағанын білмегендіктен, қараудың бірінші мақсаты болып хабарлаған адамның, жәбірленуші туыскандары түсініктемелерінің шындыққа сәйкестігін тексеру саналады. Сондықтан да қараудан бұрын тергеуші бұл адамдардан түсініктеме алады. Қараудың екінші мақсаты инсценировканың белгілерін табу, кейіннен ғана қасақана кісі өлтіргендігін анықтау болып табылады. Оқиға болған жерді қарау адам өлтіру және инсценировка жасау іздерінің белсенді ізденісіне бағытталу керек. Бұл үшін оқиға болған жерді жәй ғана қараумен, сипаттаумен шектелмей, мұқият түрде зерттеу, зерделеу қажет. Шынайы қылмысты жасау кезіндегі іздердің және басқа белгілердің пайда болу механизмі өзінің объективті және субъективті белгілері бойынша осы қылмыстың инсценировкасы кезіндегі іздердің және белгілердің пайда болу механизмімен бірдей бола алмайды. Мәселенің барлығы бұл қарама-қашылықтарды анықтаудың қиындығында болады [41, 58].

Арнаулы әдебиетті, сондай-ақ тергеу тәжірибесін талдау адам өлтіру қылмысы тұрғын-жайды өртеу арқылы жасырылғанына дәлелдер мыналар болатынын көрсетеді:

5) тұрғын-жайдың ішінде кесу, шабу, шаншу жарақаттары бар адам мәйітінің болуы;

6) өздігінен өртену, өздігінен тұтану мүмкін емес жерде өрттің шығуы;

7) оқиға болған жерде өртеу заттының және өрт ошақтарының табылуы;

8) өрт ошағының үйдің ішінде болып, үйдің сырт жағынан жабық тұруы;

5) өрттің пайда болуын жеңілдететін және оны сөндіруді қиындататын арнаулы дайындық әрекеттердің болуы

Егер адам өлтіру қылмысы ату қаруымен өзін-өзі өлтірумен, абайсыз оқиға инсценировкасымен жасырылса келесі негативті мән-жайлар инсценировканың болғандығын куәландырады: а) өзін-өзі өлтіру мүмкіндігін жоққа шығаратындай етіп қару - жарақтың өлген адамның қолынан және денесінен алып жерде жатуы; ә) оқиға болған жерде табылған қару-жарақтың предохранительге қойылуы; б) автоматты емес қарудың оқтығында бүтін оқтың табылуы, ал жәбірленуші жарақатының сипаты белсенді әрекеттер жасауға мүмкіндік бермейді; в) ату дистанциясы және қарудың ұзындығы сәйкессіз, яғни қарудың ұзындығы үлкен, ал ату дистанциясы кіші; д) қару окпаны ішінде ату продуктілерінің болмауы және керісінше маймен майланған болуы; г) өліктен алынған оқ, өзін-өзі өлтіру қаруы ретінде табылған қарудан атылмаған; д) өлген адамның қолында ату продуктілері табылмаған.

Өзін-өзі өлтіру инсценировкаларының ішінде асылу жолымен өзін-өзі өлтіру жиі кездеседі. Шынайы өзін-өзі өлтіру оқиғаларының көпшілігі осы тәсілмен орындалады, сол себептен қылмыскерге бұл тәсіл жеңіл көрінеді. Адамның асылуы туралы болжамға қатысты негативті мән-жайлар мыналар саналады: 1) бір тұзақта асулы тұрған мәйіттің мойнында екі және одан да көп странгуляциялық сайлардың болуы. Мәселен, мәйіттің мойнында арқанның және сымның странгуляциялық сайларының орналасуы; 2) странгуляциялық сай және тұзақ енінің сәйкес келмеуі; 3) мәйіт мойнындағы тұзақтың өте кішкентай болуы; 4) странгуляциялық сай түбінің рельефі тұзақ материалының рельефіне сәйкес келмеуі; 5) өліктік дақтардың орналасуы мәйіт тұрысына сәйкес келмеуі; 6) мәйіт асулы тұрған жердегі еден лай, былғанған болса, ал мәйіт аяқ-киімі тап-таза, былғанған жері болмаса; б) асулы тұрған мәйіттің жанында орындықтың болмауы, ал арқан байланған тіреудің тіпті биіктікте орналасуы; 7) мәйіт салмағы арқан байланған тіреудің мықтылығына сәйкес келмесе. Мәселен, оқиға болған жерге бірінші болып келген куә мәйіттің тұзақта асулы тұрғанын көріп, оны тұзақтан түсіріп жерге жатқызғанын айтады. Куә тергеушіге арқанның бір ұшы шегеге байланғанын ескертеді. Бірақ, тергеуші шегенің қалыңдығына қарап, оның жәбірленушіні көтере алмайтынына көзі жетеді.

Тергеу тәжірибесі көрсеткендей өзін-өзі өлтірушілер жараларды ашық денеге келтіреді. Мойынның кесілген жаралары кезінде киімнің жағасын шешу және сұғу жаралары кезінде кеудені ашу өзін-өзі өлтіруге тән. Сұғу жараларын

киімнің сыртынан өз қолымен жүрек, қарын төңірегіне салуды негативті мән-жай ретінде қарастыруға болады, бұл жағдайда қаза болған адамның бұрын психикалық аурулармен ауырғанын, не ауырмағандығын тексереміз.

Өзін-өзі өлтіру жағдайларында кесу, шаншу, шабу жаралардың жанында сондай-ақ бірнеше кішкентай беткейлі жарақаттар — тілімдер, шаншылған, шабылған жаралар табылады. Олардың болуы негізгі жараны салғанға дейін жәбірленуші осы жараны келтіру үшін әрекеттер жасағандығын куәландырады.

Өлімге алып келген жаралардың жәбірленушінің өз қолымен келтіру мүмкін емес жерлерінде - арқасында немесе желкесінде табылуы адам өлтіру қылмысы болғандығын көрсетеді. Өз қолымен кесілген жараларды салу әдетте мойынның төңірегінде, кеңірдек тұсында, қолдың ірі қан тамырлары бар жерде кездеседі. Өткір құралдармен кесу жараларын салушылардың қолдары қанға былғанады. Себебі, ірі қан тамырлары кесілгенде қан қысыммен жан-жаққа атқылайды. Сондықтан осындай жаралармен табылған мәйіт қолдарының қанмен былғанбауын негативті мән-жай ретінде қарастыруға болады.

Оқиға болған жерде қарауды жүргізетін тергеушілер кейбір жағдайларда қажетті деңгейде негативті мән-жайларға көңіл аудармайды. Соның салдарынан, қылмыстардың тез және толық ашылуы төмендейді. Біздің пікірімізше, тергеу тәжірибесінде жоғарыда көрсетілген мән-жайларға назар аудару қылмыстардың ашылу деңгейін жоғарылатады

Қоғамдағы қылмыстар саны азайғанымен, адамдарға тікелей зардап келтіруші қасақана адам өлтіру, зорлау, тапсырыспен кісі өлтір және қарақшылық шабуыл жасап тонау сияқты қылмыстың ауыр түрлеру кең етек алып отыр. Қылмыскелер де жауаптылықтан құтылу, дәлелдемелерді жою үшін барлық жағдайды алдын ала ойластырып, тергеуге қарсы әрекет етушілікті жасайды.

Қылмыскердің қылмысты жасау және жасыру әрекеттері өзара тығыз байланыста болады және тұтастай алғанда нақты қылмыстың тәсілін құрайды. Қасақан адам өлтіру қылмысы кезінде қылмысты жасыру ойы қылмыскерде қылмысты жасауға дейін туындайды және әртүрлі дәрежеде көрініс табады. Абайсыз қылмыстарда қылмысты жасыруға бағытталған әрекеттер қылмыс жасалғаннан кейін жүзеге асырылады және басқа кездерде мүмкін емес.

Қылмыскер қоршаған ортада өте аз іздерді қалдыру ниетімен қылмысқа дайындалу және оны орындау барысындағы әрекеттерін, әрі қылмысты жасыру әрекеті болатындай етіп ойластырады. Мәселен, биік үйдің жоғарғы кабаттарындағы пәтердің терезесі жанында, балконның үстінде тұрған жәбірленушіні төменге қарай итеріп жіберу, нашақордың қан тамырына есірткіні көп мөлшерде енгізу, жәбірленушіні есінен тандырып теміржол рельстеріне жатқызу. Бірақ, бұл әрекеттердің әртүрлі мақсатқа бағытталуы жаңа іздердің пайда болуына әкеп соғады және олардың анықталу мүмкіндігін туындатады.

## 2.2 Адам өлтіру қылмысын ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуі

Ғылыми әдебиеттерде «өзара әрекеттесу» терминінің өзін қарастырумен қатар, осындай әрекеттердің қағидатрін, кезеңдерін, нысандары мен түрлерін де қарастырады. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адам өлтіруді тергеуге байланысты өзара әрекеттесу мәселелері бойынша жарияланған жұмыстарды мұқият зерделеу ғылымда қазіргі уақытқа дейін өзара әрекеттің бірыңғай түсініктің жоқ екендігін растап отыр. Көп жағдайда адам өліруге қатысты қылмыстарды ашу және тергеу жүргізу барысында жедел қызметкер мен тергеушінің өзара әрекеттесу қажеттілігі кездеседі. Осындай өзара әрекеттесудің түсінігі заңнамада бекітілмесе де, аталған субъектілердің бірлескен келісілген әрекеттері ведомстволық нұсқаулықтармен бекітіледі. Тергеуші мен жедел қызметкердің өзара әрекеттесуі олардың өз құзіреттері шеңберінде әр тараптың өздеріне тиесілі құралдар мен әдістерді қолдану арқылы қылмыстарды ашу және тергеуді қамтамасыз ету бойынша келісілген әрекеттерімен айқындалады. Адам өліру қылмысын тергеуге байланысты тергеушінің жедел қызметкермен жақсы жөнге салынған және ұтымды өзара әрекеттесуі қылмыстарды тиімді ашу және тергеуді қамтамасыз ететін маңызды жағдайлардың бірі болып табылады. Адам өлітеруді тергеу және жедел-ізвестіру бөліністерінің қылмыстарды ашу бойынша спецификалық, тек өздеріне ғана тән құралдар мен әдістері болатыны әйгілі, сондықтан да осындай мүмкіндіктердің жеке-бөлек емес, керісінше кешенді түрде зерделеп бірнеше әдістемелер қолданылуы өте маңызды болып табылады.

Жалпы «өзара әрекеттесу» түсінігінің ғылыми криминалистикалық анықтамасына көзқарастар да әртүрлі. Мәселен, В.Ф.Статкус өзара әрекеттесуді кең мағынада ішкі істер органдарының әртүрлі бөліністерінің қылмыспен күресудегі іскерлік қатынасы және келісілген жұмыстары ретінде қарастырады. Тар мағынада – бұл қылмыстық-процессуалдық заңнамаға немесе ведомстволық актілермен реттелетін белгілі бір қылмыстық істі немесе жасалған қылмыс бойынша материалды қарау процесінде пайда болатын тергеуші мен анықтау органының қарым-қатынасы. [43, 100 б.].

Осы мәселеге байланысты Н.П.Яблоков пен В.В.Крыловтың ойлары бойынша, тергеушілердің жедел-ізвестіру органдарымен өзара әрекеттесуі – бұл заңмен негізделген және барлық қағидалық жағдайлармен келісілген жоғарыда аталған лауазымды тұлғалар мен органдардың қылмыстарды ашуға және олардың алдын алу мен тергеудің барлық міндеттерін шешуге бағытталған әрекеті [44, 98 б.].

Өзара әрекеттесуді Н.А.Бурнашев тергеушілердің қылмысты ізвестіру қызметкерлерімен, сондай-ақ сарапшы-криминалистикалық бөліністермен және ішкі істер органдарының басқа да қызметтерімен заңға және заңасты нормативтік актілерге негізделген қылмыстарды ашу, тергеу жүргізу және

жорлын кесу мақсатында жүзеге асырылатын бірлескен және келісілген әрекеті ретінде анықтайды [45, 94 б.].

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адам өлтіру қылмысын жан - жақты зерттей келе И.Ф.Герасимов пен Е.В.Цыпленкова өз көзқарастарын келесідей жеткізген, яғни алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекеттесуі – бұл заңға негізделген осы органдардың әрбірінің, қылмыстарды ашу, тергеу және жолын кесуге бағытталған, өздеріне тиесілі өкілеттіктері мен жұмыс әдістерін дұрыс біріктіруі және тиімді қолдануы [46, 120 б.].

Ал А.Я.Дубинский мен Ю.И.Шостак тергеуші мен анықтау органының өзара әрекеттесуін заңға негізделген, әкімшілік қатынаста бір-біріне тәуелді емес органдардың мақсаты, орны және уақыты бойынша келісілген әрекеті ретінде қарастырады, бұл осы органдардың өздеріне тән құралдар мен әдістерді ұтымды біріктірумен айқындалады және тергеушінің ұйымдастырушы рөлі кезінде қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, ашу және жанжақты, толық және объективті тергеу жүргізуіне бағытталған, оларды жүргізу тек тергеушінің құзырына ғана берілген. [47, 8 б.]

Осы мәселені кеңінен қарастырған Р.С.Белкин дәлелдеу субъектісінің өзара әрекеттесуін тергеушінің анықтау органымен негізінен заңға негізделумен айқындалатын, іс бойынша маңызы бар, мақсаты, уақыты мен орны бойынша келісілген, қылмыстық істі толық және тез ашу және бой тасалаған қылмыскерлерді, жоғалған құндылықтарды және басқа да объектілерді іздеуге бағытталған, қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру нысанының бірі ретінде анықтайды [48, 80 б.]

Жоғарыдағылар көрсетіп отырғандай, келтірілген анықтамалардың бір бірінен айырмашылықтары бар. Алайда, солардың ішінен көптеген авторлардың өзара әрекеттесудің түсінігіне келесілерді әрекеттерді бөліп қарауға болады, атап айтқанда:

- өзара әрекеттесу тек заң талаптарына, ведомстволық нормативтік актілерге сәйкес болуы қажет;
- жүргізілген әрекеттер уақыты, орны және басқа да әртүрлі жағдайлар бойынша жан жақты келісушілігі шеңберінде жүргізілуі;
- адам өлтіруге қатысты қылмыстарды ашу, тергеу және жолын кесу мақсатында бірлесе отырып жұмылдыра әрекет жасау.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында тергеуші мен анықтау органдарының өзара қарым-қатынасының мәнін ұғу және өзара әрекеттесудің тиімділігін қамтамасыз ету алдын ала тергеу органдарының әрекеттерінің маңызды аспектілерінің бірін құрайды.

Адам өліту қылмысын тергеу барысында өзара әрекеттесудің мақсаттарына тек қана жедел қызметкер мен тергеушінің бірлескен әрекеті құрылатын теорияда және тәжірибеде өңдеп шығарылған белгілі бір жағдайлар сақталған кезде ғана толық қол жеткізуге болады. Өзара әрекеттесуді ұйымдастыруда әлеуметтік басқарудың кез келген жүйесінің негізгі идеясы айқындалады – демек, жалпы мақсаттарға қол жеткізу процесінде жүйенің жекелеген элементтерінің келісілген және бірлескен түрде жұмыс атқаруы.

Өзара әрекеттесу өзара байланысқа негізделеді, аталған жүйе элементтерінің бірлескен, келісілген әрекеттерін пайымдайды. Келісушілік өзара әрекеттесудің бар екендігіне нұсқайтын негізгі белгі болып табылады. Жұмыста бұл өзара әрекеттесу субъектілері қабылдайтын шараларды тиімді біріктіру арқылы қол жеткізуге болады. Алайда, өзара әрекеттесу сондай-ақ бірлескен әрекет қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін анық бөлуді пайымдайды. Олардың әрқайсысы өз құзіреті шегінде әрекет ете отырып, өзіне тиесілі құралдар мен әдістерді қолдана отырып, соңғы нәтижесінде бір ғана мақсатқа – қылмыстарды тез және толық ашуға, кінәлі тұлғаларды әшкерелуге қол жеткізуге тырысады. Бұл жерде айта кету қажет, өзара әрекеттесудің елеулі белгісі болып сондай-ақ субъектілердің арасындағы билік пен бағыныстылық қатынастарының кейінгі жоспарға шегерілетіні және әдеттегідей екінші дәрежелі рөл атқаратындығы мәселелері табылады.

Жедел іздестіру бөліністері мен алдын ала тергеудің өзара әрекеттесуі туралы айта отырып, біз құқық қорғау органдары мен олардың нақты қызметкерлерін ойға аламыз, яғни олар өздеріне жүктелген өкілеттіктер шеңберінде қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында бір бірімен қарым-қатынастар жасайды. Р.С.Белкинның пайымдауына ерекше назар аударуға болады, яғни осыған сәйкес, тергеуші тергеу жүргізу процесінде тек қана анықтау органдарымен ғана емес, сонымен қатар, мамандармен, сарапшылармен, басқа да органдармен және ұйымдармен (мысалы, бақылау, инспекциясық және с.с.), бұхаралық ақпарат құралдарымен және басқалармен өзара әрекеттесе алады. [49, 850б.]

Тергеушінің түсінігін қарастыра отырып Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 60 бабы 1 бөлігіне назар аудару қажет, яғни соған сәйкес, тергеуші - өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: арнайы прокурор, ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі. Тергеушілердің жұмысты жақсы ұйымдастыруы үшін жүйелік құрылымдық бөліністер құрылған, оларды тергеу аппараттары деп атау ұйғарылған.

Алдын ала тергеу сондай-ақ анықтау органдарымен анықтау нысанында жүзеге асырылатынын атап өту қажет. Анықтау - анықтау органдарының осы Кодекспен белгіленген өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7 бабы 15 тармағы).

Анықтау органдарына қылмыстарды және оларды жасаған тұлғаларды анықтау мақсатында қажетті жедел-іздестіру және қылмыстық-процессуалдық заңда көзделген басқа да шараларды қабылдау жүктеледі. Алайда, ЖІҚ анықтау органының барлығы айналыса бермейді. Әрекеттің бұл түрі тек қылмыстарды ашу және жолын кесу, іздеу жүргізу және қылмысты жасаған тұлғаларды анықтау, қоғамға қауіпті әрекеттің ізін анықтау, жасалған қылмыс нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету бойынша сәйкес аппараттардың,

құралдардың және әдістердің көмегімен жүзеге асырылатын органдарға тиесілі. Анықтау органдарының барлығы жедел іздестіру қызметімен айналысуға құзырлы еместігі сияқты, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға бөліністердің барлығы құзырлы емес секілді органдардың барлығы анықтау органына жатқызыла бермейтінін есте сақтау қажет. Жедел-іздестіру әрекеттерінің мәнін дұрыс түсіну үшін олардың іс бойынша тергеу жүргізу басталмас бұрын, іспен бірге және ол аяқталғаннан кейін өткізіле алатынын назарда ұстау қажет.

Өзара әрекеттесуді қарастыра отырып А.Н.Гушин жедел-іздестіру қызметін келесідей анықтайды, яғни бұл заңда көзделген, мемлекеттік органдардың жедел бөліністері өз құзіреттері шеңберінде, адамның өмірін, денсаулығын, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, меншікті қоғам мен мемлекетке қылмыстық қиянат жасаушылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздестіру шараларын өткізу арқылы жария және құпия кепіл жүйесіне сәйкес жүзеге асырылатын заңды әрекет. Қазақстан Республикасының 15.09.1994 жылғы «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңының 1 бабына сәйкес, ЖІҚ – бұл азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-іздестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

Өзара әрекеттесу барысында жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыруға құзырлы бөліністер – бұл жедел-іздестіру (жедел-іздеу, қарсыбарлаулық және басқалар) басқармалары, қызметтері, бөлімдері, бөліктері, филиалдары және басқа да тізбелер. 13 бапта жедел-іздестіру шаралары тікелей жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың тізімі көрсетілген. Оларға жататындар: а) ішкі істер органдары; б) ұлттық қауіпсіздік органдары; в) қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары; г) қаржы полициясының органдары; д) Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі; и) әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары; к) кеден органдары. Алдын ала тергеу және жедел-іздестіру қызметі бір мақсатпен, яғни қылмыспен күресумен байланысты. Өз табиғаты бойынша олар құқықтық сипатта болады. Профессор К.Ф.Куценконың – жедел – іздестіру қызметі қосымша болып табылады және оның нәтижелері іс бойынша дәлелдеме бола алмайды, тек тергеудің әрі қарай жүргізілуіне бағыт беретін мәліметтер бола алады - деген болжауымен келісу қиындыққа соғады. Алайда, ғалымның келесі ойы шынайы ретінде байқалады, яғни ол тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру келісе отырып жүргізу тиімді түрде қылмыстарды ашуға және оларды жасаған тұлғаларды әшкерелеуге қызмет етеді. Сондықтан да күрделі және қауіпті қылмыстарды ашу және тергеу үшін тек ведомстволық қана емес, сонымен қатар құрамына тергеушілер

мен жедел қызметкерлер кіретін ведомствоаралық жедел-тергеу тобын құру тәжірибеге енгізіліп отыр. Тергеуші мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің толықтылығы мен тиімділігіне қол жеткізу тек қана осындай өзара әрекеттесудің заңда көзделген және тәжірибе жүзінде қалыптасқан белгілі бір талаптарын қатаң сақтау негізінде құрылады. Демек аталған талаптарды сақтау өзара әрекеттесудің әрбір жағдайы барысында тергеуші және жедел қызметкер үшін де міндетті болып табылады. Бұл талаптар өзара әрекеттесудің қағидатері болып табылады.

Заң әдебиетінде тергеуші мен анықтау органының өзара әрекеттесуі қағидатеріне көп назар аударылады. Көптеген заңгерлер, атап айтқанда, Р.С.Белкин, Н.А.Громов, И.М.Гуткин, А.А.Чувилев өзара әрекеттесудің әрқилы қағидатерін бөледі және олардың мағыналарын әрқилы ашып көрсетеді. Тергеуші мен анықтау органының өзара әрекеттесуінің кейбір қағидатері, біз осының алдында атап өткендей, Қазақстан Республикасы ІІМ нормативтік актілерінде бекітілген.

Ғылыми әдебиетті жалпылау ішкі істер органдарының өзара әрекеттесуінің келесідей қағидатерін құруға мүмкіндік береді:

1. Заңдылықты, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау. Тергеуші мен анықтау органының өзара әрекеттесуі заңды қатаң сақтау және оның нұсқауларын орындауға негізделуі тиіс. Бұл кезде тек ішкі істер органдарының тергеушісі мен анықтау органының өзара әрекеттесуін реттейтін ведомстволық нормаларды ғана емес, сонымен қатар, қылмыстық-процессуалдық заңның ережелерін, сондай-ақ басқа да заңдар мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен ІІМ-нің бірлескен нормативтік актілерін есте ұстаған жөн. Өзара әрекеттесу сұрақтарында заңды сақтау талаптары осы қағидатен алшақ кетушілікке, сондай-ақ «тәжірибелік қажеттілік» деген атқа ие болатын қандай да бір өзара жол берушілікке мүмкіндік бермейді.

Заңдылықты сақтау қағидатерінің басты талаптарының бірі ретінде – тергеулік және басқа да әрекеттердің араласып кетуіне жол берместен, тергеу ретін қатаң сақтау жағдайындағы тергеуші мен анықтау органының қатаң түрде өз құзіреті шегіндегі әрекеті табылады. Заң анықтаудың екі нысанын қарастырады: алдын ала тергеу міндетті және ол міндетті емес істер бойынша, яғни соңғысында анықтау органының функциясы қылмыстың ізін анықтау және бекіту, кінәлілерді анықтау және ұстау бойынша кідірілмейтін тергеу әрекеттерін өткізумен ғана шектеледі. Алдын ала тергеу және анықтау органдары функцияларының осылайша бөлінуі өзара әрекеттесудің нысандарда, сондай-ақ мазмұндарында да айқындалады.

Заңдылықтың сақталуы қатысушылардың әрекеттерінің анық құқықтық реттелуімен, тергеу және анықтау органдарының басшылары тарапынан жүргізілетін бақылаумен, прокурорлық қадағалаумен қамтамасыз етіледі.

2. Ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын кешенді түрде қолдану. Аталмыш қағида адам өлтіру қылмысына қатысты жағдайда тез және толық ашу, сондай-ақ оны жасаған кінәлі тұлғаларды әшкерелеу қажеттілігімен



негізделеді. Профессор М.А.Мельцев жасалған қылмысқа құқықтық баға беру туралы сұрақтарды шешумен байланысты барлық мән-жайларды жанжақты зерделеу және жасалған қылмыс бойынша нақты сол немесе басқа да азаматтың кінәлілігін анықтау ғана емес, іс бойынша бастапқы материалдарды жинау және қылмыскерді белсенді түрде іздестіру басқа жағдайларда жүргізіледі және басқа да тәсілдер мен нысандарды талап етеді деп көрсеткен. Біріншісі анықтаудың міндеттеріне кіреді, екіншісі алдын ала тергеудің міндеті болып табылады. Бұл кезде алдын ала тергеу жүргізу кезінде өткізілетін барлық тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру шаралары жалғасушы бір бірлерін толықтырушы бір тізбектің бөлшегі болуы тиіс. Анықтау органы тергеуші сияқты тергеу жүргізудің кез келген сәтінде іс бойынша маңызы бар жаңа дәлелдемелер алу секілді жедел-іздестіру мәліметтерін ала алады. Сондықтан да тергеуші мен анықтау органы әрқашан және үнемі өздеріне келіп түсетін ақпараттармен алмасып отырулары және келіп түскен сол ақпараттарға байланысты нақты тергеулік жағдай бойынша белгілі бір немесе басқа да мүмкіндіктерді қолданудың дұрыстығы жөніндегі сұрақтарды шешуі тиіс.

3. Қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген жағдайларды қоспағандағы тергеушінің шешім қабылдаудағы ұйымдастырушылық рөлі және процессуалдық дербестігі. Тергеушінің анықтау органымен өзара әрекеттесуінің осындай қағидаі Қазақстан Республикасы ҚПК-де тікелей бекітілген, яғни онда тергеуші тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы атқарылуы үшін толық жауапты болады деп белгіленген (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 60 бабы 5 бөлігі). Осылайша, заң тергеушіге келесідей сұрақтарды шешу міндетін жүктейді:

- қылмыстық іс бойынша анықтау органын тартудың қажеттілігі туралы;
- анықтау органын тартудың көлемі туралы;
- осы өзара әрекеттесудің нақты міндеттері туралы;
- осы өзара әрекеттесудің уақыты, орны және мерзімдері туралы;
- қажетті әрекеттерді орындаудың көлемі мен бірізділігі туралы.

Тергеушінің анықтау органымен өзара әрекеттесудің осы қағидаі Қазақстан Республикасы ҚПК-де тікелей бекітілген, яғни онда тергеуші тергеу жүргізудің барлық бағыттары, жүргізілуге тиіс тергеу әрекеттері бойынша барлық шешімдерді өзі дербес қабылдайтындығы және олардың заңдылығы мен дер кезінде жүргізілуі бойынша толық жауапкершілікте болатындығы жөнінде көрсетілген (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 60 бабы 5 бөлігі). Осылайша, заң тергеушіге келесі сұрақтарды шешуді жүктейді:

- анықтау органын қылмыстық іс бойынша өндіріске тарту қажеттілігі туралы;
- анықтау органын тартудың көлемі туралы;
- аталған өзара әрекеттесудің нақты міндеттері туралы;
- осы әрекеттесудің уақыты, орны және мерзімдері туралы;
- қажетті әрекеттерді орындаудың көлемі мен бірізділігі;

- бір және сол немесе бірнеше әрекеттерді бірлесе отырып жүргізуде әрбір органның рөлі;

- өзара әрекеттесуге қатысушылардың арасында міндеттерді бөлу және т.с.с. туралы.

4. Тергеушінің, жедел-іздістіру бөліністері басшылары мен қоғамдық қауіпсіздік полициясы басшыларының тергеу әрекеттерін және жедел іздістіру шараларын жүргізу мен нәтижелері бойынша дербес жауапкершілігі болып табыады. Осы қағидатің орындалу қажеттілігі, жоғарыда көрсетіліп кеткендей, Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен реттелген.

Анықтау органымен өзара әрекеттесу бойынша жұмысты ұйымдастыратын және сол бойынша дербес жауапкершілікте болатын тергеуші, жалпы алғанда жедел қызметкерлердің барлық әрекеттеріне жауап бере алмайды. Олар, өз кезегінде, тікелей басшылыққа бағынады және оған атқарылған жұмыстардың көлемі, сапасы және нәтижелері жөнінде есеп беруге міндетті. Егер де жедел қызметкер қылмыстық-процессуалдық нормалардың бұзылуына жол берсе, сол тек тергеуші ғана емес, сонымен қатар ішкі істер органдарының басшы құрамы да жауап береді.

5. Жедел бөліністердің қызметкерлерінің қолданыстағы заңнама шеңберінде жедел-іздістіру шаралары құралдары мен әдістерін таңдаудағы дербестілігі. Қылмыстарды ашу және тергеу процесінде көп жағдайларда процессуалдық әдістермен шешуге мүмкін болмайтын қиындықтар туындайды. Мұндай жағдайларда анықтау органына жүргізу жүктелетін жедел-іздістіру шаралары маңызды болып табылады. Осымен қатар, қылмыстық-процессуалдық заңға сәйкес (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 60 бабы 7 бөлігі), тергеуші анықтау органдарына іздістіру әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге құқылы. Бұл құқық біріншіден, тергеу бөліністеріне жедел-іздістіру функцияларының қатыстылығы жоқтығымен; екіншіден, жедел-іздістіру шаралары нәтижелерін тергеу жүргізу барысында қолдану қажеттілігімен негізделеді. Тергеушінің тапсырмалары мен нұсқауларының өзгешелігі (спецификасы) оның тек шешу үшін анықтау органдарына жүктейтін нақты міндеттерді қоя алатындығында. Бұл кезде тергеуші өзінің тапсырмалары мен нұсқаулары бойынша анықтау органдары жүргізетін жедел-іздістіру шараларына араласуға құқылы емес. Осындай тапсырмалар мен нұсқауларды орындаудың құралдарын, әдістерін, тактикалық тәсілдері мен нысандарын таңдау тек қана жедел-іздістіру қызметі жүргізетін органның құзырында болады.

6. Тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шараларын жоспарлаудың келісімділігі. Келесі бағыттарда өзара әрекеттесудің міндеттері мен мазмұны нақтыланады және толықтырылады, өзара әрекеттесуші субъектілердің шеңберін өзгерту, жаңа күштер мен құралдардың қажеттілігі туындауы мүмкін. Бірлескен жоспарлау тергеушінің бастапқыда іс бойынша бар мәліметтерді талдауынан, бірлесе әрекет етуді талап ететін міндеттерді, нақты орындаушыларды анықтауынан тұрады, осыдан кейін ғана тергеушінің жедел қызмет жұмыскерлерімен жедел ақпаратты алмасуы жүргізіледі. Келесіде өзара

әрекеттесудің қатысушыларының жұмысына және оның атқарылған нәтижелермен, тергеулік жағдайдың өзгеруімен айқындалатын міндеттеріне түзетулер енгізіледі. Негізі - өзара әрекеттесумен құрылатын келісілген жоспарда келесілер болуы тиіс:

- тергеу және іздестіру болжамдарын көрсету;
- шығарылған әрбір болжам бойынша анықтауға және нақтылауға жататын мән-жайлардың тізімі;
- қажетті әрекеттердің тізімі, яғни осы әрекеттердің көмегі арқылы аталған мән-жайлар анықталуы және зерттелуі тиіс және осындай әрекеттердің тәртібі;
- тергеуші жүргізетін іздестіру шараларының тізімі;
- жедел-іздестіру арқылы анықтауға жататын мән-жайларды көрсету (жедел-іздестіру шараларының өзі, осы мән-жайларды анықтаудың жолдары жоспарда көрсетілмейді);
- орындау мерзімдері, соның ішінде аралық: ақпаратпен алмасу, жоспарға түзетулер енгізу (қажет болған жағдайда);
- жоспардың әрбір тармағы бойынша орындаушылар.

7. Қылмыстарды ашу және тергеу бойынша өзара әректесудің үздіксіздігі. Жоғарыда көрсетілген барлық қағидатерді қолдану - тергеуші мен жедел қызметкердің өзара әрекеттесуінің үздіксіздігінен тұрады. Жасалайын деп жатқан, жасалып жатқан немесе жасалып кеткен қылмыс туралы хабарламаны алған сәттен бастап жедел қызметкер өз келесі әрекеттерін тергеушімен келіседі, олар белгілі бір немесе басқа да шараларды орындаудың ойға қонымдылығы мен құқыққа сәйкестігі жөніндегі сұрақтарды бірлесе отырып шешеді. Тергеуші анықтау органының мүмкіндіктерін қылмысты ашу және тергеу бойынша атқаратын өз жұмысының бас кезінен және алдын ала тергеу аяқталғанға дейін қолданады.

Жалпыға белгілі, яғни бұл магистрлік диссертацияның осы тарауының басында көрсетілген, демек өзара әрекеттесу жалпыфилософиялық көзқарастан қарағанда процестің үздіксіздігін сипаттайтын негізін қалаушы санаттардың бірі болып табылады. Көрсетілген осы үздіксіздік тергеуші мен жедел қызметкердің өзара әрекеттесуінен де көрінуі тиіс. Өзара әрекеттесудің деңгейі соңғы кезегінде кез келген жүйенің мәнін анықтайды және ішкі істер органдарының құқық қорғау қызметінің негізі болып табылады.

Тергеу және анықтауға басшылық етудің бір құралы ретінде бола тұра, ведомстволық бақылау процессуалдық, ұйымдастырушылық және тактикалық шешімдер қабылдаумен, тапсырмалар мен нұсқаулар берумен, қаулылар шығару және олардың орындалуы бойынша талаптар қоюмен, тергеу және басқа да әрекеттер процесімен айқындалады. Тергеу және анықтау жүргізуге осылай басшылық ету анықтау органы бастығы мен тергеу бөлінісі бастығының, тергеушілер және анықтаушылармен қатар, қылмыстарды ашу және олардың алдын алу, тергеу жүргізу мерзімдері, сапасы бойынша ғана емес, сонымен қатар, тергеу жүргізу барысында жіберілген заң бұзушылықтар бойынша да жауапкершілікте болатынын білдіреді. Ведомстволық бақылаудың

мәні осындай бұзушылықтарды болдырмайтын тергеу жүргізудің осылайша ұйымдастырылуымен айқындалады.

Заң әдебиетінде ведомстволық бақылау ретінде тек тергеу бөліністері басшыларының тергеліп отырған нақты қылмыстық істер бойынша беретін жазбаша нұсқаулары түсіндіріледі деген көзқарас та бар. Алайда, бұл көзқарас өзіне тек қана жазбаша нұсқауларды кіргізетін ведомстволық бақылауды жүргізумен байланысты оның барлық қызметін ғана емес, сонымен қатар, келесі ережелерді де қамтымайды:

– тергеушінің, анықтаушының өндірісінде бар барлық істер масштабында қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру;

– тергеушіге, анықтаушыға тергеу жүргізудің нақты жоспарын құруға, соның ішінде қылмыстық іс бойынша нұсқаулар беру арқылы, көмек көрсету;

– қабылданған шешімдер мен құрылған нұсқаулардың орындалуына процессуалдық бақылау жүргізу;

– Тергеушінің, анықтаушының жұмыс уақыты мен олардың жұмысты дұрыс ұйымдастыруын ұтымды пайдалануын бақылау және тағы басқалар.

Бақылау жүргізудің нысандары мен құралдарын таңдау, осы авторлардың пікірінше, істің сипатына, тергеушінің, анықтаушының жеке және іскерлік қасиеттеріне байланысты. Процессуалдық шешім қабылдау ешқандай қиындық тудырмайтын істерді, егер де солар бойынша тергеуді кәсіби тергеуші немесе анықтаушы жүргізген болса, тергеу жүргізу аяқталудың алдында тексерген жеткілікті. Егер де тергеуші немесе анықтаушы тиісті квалификацияға, білімге, тәжірибеге ие болмаса, онда олардың іс-әрекеттеріне бақылау жүргізу үнемі, күнделікті болуы тиіс. Қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін бақылау қажеттілігі – дәлелдемелердің сандық және сапалық күрделілігі жағдайларында (жауаптарда елеулі қарама-қайшылықтардың болуы, істің кейбір мән-жайларының белгісіздігі, іс-әрекетті саралаудың күрделілігі және тағы басқалар) пайда болады. Әдетте тергеушілердің немесе анықтаушылардың өздері мұндай жағдайларда анықтау органы немесе тергеу бөлімінің бастығының кеңесі мен көмегіне жүгінеді. Егер де бұл қандай да бір себептермен орын алмаса, онда бөлініс бастығы тергеушіні, анықтаушыны бақылауы тиіс, оны баяндау үшін шақыртады немесе нақты істі талап етеді және зерделейді, осыдан кейін заң талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған, орындау міндетті болып табылатын нұсқаулар береді [50, 77 б.].

Осыған байланысты тергеу жүргізу барысына басшылық жасай отырып, анықтау немесе тергеу органдарының басшылары тергеу жүргізудің келесідей, яғни жұмыстың ұтымды жүктемесі қағидасы мен тергеушінің немесе анықтаушының өзі жүзеге асыратын тергеу жүргізудің криминалистикалық күрделілігінің кәсіби сәйкестілігі қағидаларын сақтаулары қажет.

Тергеушілер мен анықтаушыларға шамадан тыс жүктеме салу олардың әрқайсысының тергеу жүргізуге қарым-қатынасының бірте-бірте өзгеруіне әкеп соқтырады. Мән-жайларды толық және жанжақты зерттеу төмендейді. Ұдайы жоғары психологиялық шиеленісушілік тек тергеу жүргізудің нәтижелеріне теріс ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар, көптеген тергеушілер мен

анықтаушылардың құқық қорғау органдарынан кетуінің себебі болып табылады. Тергеушінің кәсіби деңгейінің тергеу жүргізудің криминалистикалық күрделілігі сәйкестігі қағидасының бұзылуы, әсіресе, егер жаңадан бастаушы, тәжірибесі аз тергеуші күрделі тергеуді жүргізсе, сол сияқты немесе көбінесе елеулі теріс зардаптарға әкеп соқтырады. Бұл осындай тергеу жүргізу барысында тергеушінің кәсіби деңгейіне қойылатын талаптардың елеулі артуымен түсіндіріледі [51, 56 б.].

Осы сипатта мысал ретінде Еліміздің бір қалаларының бірінде қ.ШБ ТБ алты ай бойы тергеген белгілі бір азаматтың өлім фактісі бойынша қылмыстық істі келтіруге болады. Мерзімді ұзарту себептерінің бірі болып сот-биологиялық сараптаманың нәтижелерінің болмауы жөніндегі тергеудің дәлелі табылады. Қылмыстық істі зерделеу, тергеу жүргізудің бір жылға дейінгі еңбек өтілі бар тәжірибесі аз тергеушіге тапсырылғандығын көрсетті, яғни ол сараптаманы тек 18 тамыз 2019 ж. тағайындап, ал бұл жөніндегі қаулыны сот-медициналық сараптама бюросына 23 қазан 2019ж. ғана, яғни 72 күн өткеннен кейін ғана жолдаған. Бұл кезде күдіктінің қан үлгілері дер кезінде тапсырылмаған. Бұл фактілер тергеудің ұзық жүргізілуіне және тергеушінің тарапынан созбалаңға салушылыққа себеп болып табылған. Анықтау органы мен тергеу бөлімдері басшыларының құзырларына қатысты - олардың өз қарамағындағы бөліністерде жүргізілетін алдын ала тергеу мен анықтауға басшылық ету бойынша күнделікті қызметі барысында, прокурордыкі секілді процессуалдық, сондай-ақ ұйымдастыру-басқарушылық нысандарда жүзеге асырыла отырып, пайда болатынын ерекше белгілеп өткен жөн. Сондықтан да, анықтау органы бастығы мен тергеу бөлімдері басшыларының өз қарамағындағы тергеушілер және анықтаушылармен араларында пайда болатын қарым-қатынастар, жүргізу әдістері мен нысандары бойынша айырмашылықтары болса да, қылмыстық-процессуалдық секілді әкімшілік-құқықтық сипатта болады және заңда көзделген тергеуші мен анықтаушының процессуалдық дербестігіне қысым жасамауы тиіс. Осы қызметтің болуының негізі ретінде – заң талаптарын сақтамаумен байланысты бұзушылықтарды анықтаумен ғана емес, сонымен қатар тергеушілер мен анықтаушылардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша қылмыстарды тергеуді дұрыс ұйымдастырмау қызмет етеді. Бұл кезде, тергеу бөлімі бастығының жетекшісі болып табылатын анықтау органының бастығы тарапынан жүргізілетін ведомстволық бақылау тергеу бөліністерінің қызметіне де таралатынын ескеру қажет (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 62 бабының, тергеу аппараты жұмысын ұйымдастыру туралы Нұсқаулықтың 12,13,бөліктері). Негізінен бұл тергеу реті бойынша алдын ала тергеу органдарына жататын қылмыстар туралы істер бойынша ұйымдастыру-басқарушылық құзіреттер және өзіне келесідей құқықтарды кіргізеді:

– тергеу бөліністері жұмысының тәртібін белгілеу, жауынгерлік-қызметтік тәртіпті сақтау, тергеушілерді марапаттау;

– заң бойынша тергеу реттілігі өздеріне жатқызылатын қылмыстар бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізу үшін тергеушілерді жедел-тергеу

құрамында бағыттау мақсатында кідірілмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуді қамтамасыз ету және қылмыстарды ашу және тергеу үшін жедел-тергеу топтарын құру;

– заң бойынша ішкі істер органдарының тергеу ретіне жататын қылмыстар бойынша арыздар мен хабарламалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 180,181,184 баптарына сәйкес, қылмыс белгілерін анықтау үшін алдын ала тексеріс жұмыстарын жүргізу талап етілетін арыздар мен хабарламалар бойынша шешім қабылдау үшін тергеу бөліністеріне жолдау;

– прокурордың, тергеушінің, соның ішінде жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу және жәбірленушілерді, куәларды, қылмыстық сот өндірісіне қатысушы басқа да тұлғаларды қорғау шараларын қолдану жөніндегі нұсқауларын орындауды ұйымдастыру;

– соттың тапсырмаларын, мысалыға алғанда, қамауға алу немесе мерзімді ұзартуға қатысты соттық шағым берумен байланысты, орындауды ұйымдастыру;

– нақты қылмыстық істерді тергеу барысында жұмысты ұйымдастыру, басқа да қызметтермен өзара әрекеттесу сұрақтары бойынша тергеу бөліністері басшыларын және тергеушілерді тыңдау.

Бұдан басқа, сотқа дейінгі тергеп тергеп тексеру барысында анықтау органының бастығына келесідей міндеттер жүктеледі:

– әдеттегідей, кісі өлтіру, әйел зорлау, қарулы қарақшылық және заң бойынша ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылатын басқа да қылмыстар туралы хабарламалар бойынша оқиға болған жерге жеке өзі шығу, жедел-тергеу тобы және басқа да қызметтердің қылмыстарды «ізін суытпай» ашу бойынша жұмысын ұйымдастыру;

– тергеушілердің процессуалдық дербестігін, және қылмыстық-процессуалдық заңнамаға негізделген ішкі істер органдарының басқа қызметтерімен өзара әрекеттесуін, олардың жедел-іздігі қызметінің материалдарымен танысу құқығын жүзеге асыруды, заңда көзделген тәртіппен, өткізілген жедел-іздігі шараларын жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер мен материалдардың тергеушілерге дер кезінде берілуін бақылауды қамтамасыз ету;

– тергеушілерді қызметтік бөлмелермен, инвентарьмен, көлікпен, оргтехника құралдарымен, байланыс және бланкілік өніммен қамтамасыз ету;

– ұсталғандарды, олардың қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттері барысында айдауылдау мен күзетуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

– тергеудің қызметкерлерін тұрғын-үймен, пәтерлік телефондармен, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

– тергеліп жатқан қылмыстық істер бойынша тергеушілердің тапсырмаларын анықтау органдарының дер кезінде және сапалы түрде орындауын бақылауды қамтамасыз ету.

Тергеу бөліністеріне, әсіресе өз өндірісіндегі істер бойынша тергеушінің тапсырмасын міндетті түрде орындауға қатысты ережелер (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 60 бабы) тұрғысында, ведомстволық бақылау жүргізу бойынша анықтау органы бастығының осындай құзіреттерінен шыға отырып, тергеушінің анықтау органы бастығына әкімшілік бағыныста бола тұра, оған нұсқау беретінін, ал соңғысы оны орындауға міндетті болатын фактіні байқамай өтуге болмайды. Басқаша сөздермен айтқанда, бағынушы қызметкер өз бастығының қызметін басқарады. Мұндай ереже басшылық жасауды жүргізудің жалпы ережелерімен келіспейді және сондықтан да тергеу аппаратын анықтау органы бастығына ведомстволық бағынуынан шығару жөніндегі идея - көкейкесті күйінде қалуда. Сотқа дейінгі өндірісті анықтау органдары жүргізетін қылмыстар туралы істер бойынша анықтау органының бастығы Қазақстан Республикасы ҚПК-нде және де ведомстволық нормативтік актілерде көзделген бақылаудың процессуалдық секілді ұйымдастыру-басқарушылық нысаны бойынша анықтаушының әрекеттерінің өз уақыттылығы мен заңдылығына бақылау жүргізеді.

Анықтау органы бастығының процессуалдық құзіретіне келесілер жатады:

– қарамағындағы анықтаушылардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізудің заңдылығы мен негізділігін тексеру;

– жекелеген тергеу әрекеттері мен басқа да процессуалдық әрекеттерді жүргізу, айыпталушы ретінде жауапқа тарту және тергеу жүргізу барысына ықпал ететін басқа да шешімдер қабылдау туралы нұсқаулар беру;

– сотқа дейінгі тергеп тексерудің бастау және істі өз өндірісіне қабылдау жағдайында анықтауды жеке өзінің жүргізуі немесе жекелеген процессуалдық әрекеттерді орындау.

Анықтау органы бастығының, тергеу бөлімінің бастығы секілді тергеуді жеке өзі жүргізуі немесе жекелеген тергеу әрекеттерін орындауы қажеттілігінің себептері ретінде келесілер табылады:

– анықтау органы бастығының өзі қылмыстық сотқа дейінгі тергеп тексерудің бастауы;

– заң бұзушылықты шұғыл арада, егер бұл үшін басқа құралдар жеткіліксіз болатын болса, жоюдың қажеттілігі;

– қылмыстардың нақты түрлерін тергеуді немесе жекелеген процессуалдық әрекеттерді жүргізуді ұйымдастыруға және әдісіне өзі жеке үлгі болу арқылы анықтаушыларды үйрету [52, 16 б.].

Анықтаудың тергеу реттілігіне жатқызылған істер бойынша, анықтау органы бастығының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі, алдын-алдын ала тергеудің тергеу реттілігіне жатқызылған істер бойынша қызметімен бірдей. Бұл істі бір анықтаушыдан басқасына беру; анықтау жүргізуді бірнеше анықтаушыға тапсыру; қылмыстық процессті жүргізуші органның талап етуі бойынша немесе өз бастамасымен қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар жедел—іздігіру қызметінің нәтижелерін жолдау, сондай-ақ анықтау

бөлімшелерінің қалыпты қызметін ұйымдастыруға байланысты басқа да өкілеттіктері (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 62 бабы, «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында анықтауды ұйымдастыру және өндіріс бойынша Нұсқаулық») болып табылады.

Одан бөлек анықтау органының бастығы тергеудің нысандарынан тәуелсіз қылмыстың белгілері мен оны жасаған тұлғаларды анықтау, қылмыстарды ескерту мен жолын кесу (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 62 бабы) мақсатында қажетті қылмыстық-процессуалдық және жедел-ізвестірушілік шаралар қолдануды ұйымдастырады.

Тергеу бөлімі бастығының ведомстволық бақылауды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктерін қарастыруда айта кететін бір жайт, алдын ала тергеу органының негізгі тергеу аппаратының қызметін процессуалдық бақылауды жүзеге асыру байланысты процессуалдық мәртебесі қазіргі уақытқа дейін заңмен реттелмеген, сондықтан оның өкілеттіктері туралы сұрақ қазіргі уақытқа дейін жеткілікті дәрежеде өзекті болып қала береді.

Тергеу бөлімі бастығы қызметінің процессуалдық және ұйымдастырушылық сұрақтары көптеген көрнекті процессуалист-ғалымдардың жұмыстарында қозғалған: Б. В. Асриевтың, Э. И. Воронинның, А. П. Гуляевтың, В. Д. Дубровинның, А. А. Жидкихтің, В. Д. Зеленскийдің, М. Ч. Коғамовтың, Г. Н. Козыревтың, А. М. Ларинның, Б. Я. Петелинның, В. Ф. Статкустың, Б. Х. Төлеубекованың және т.б..

Мәселен, Б. Х. Төлеубекованың пікірі бойынша келесі мәселелер шешілмей қалған: Оларға

– процессуалдық өкілеттіктердің жеткіліксіз нормативтік нақтыланбағандығы мен тергеудің әртүрлі сатыларында (мысалы, қылмыстық істі қозғау сатысында) қолдану сұрақтарының теориялық жетілдірілмегендігі. Осы тергеу бөлімдері бастықтарының өздеріне берілген өкілеттіктерін пайдалануына байланысты мәселе, тәжірибеде оларды қолдануды ақталмаған шектеу мен қойылған міндеттерді атқармауға, не болмаса тергеушіні алмастыру қолайсыздық туғызатын бұл лауазымды тұлғалардың өздерінің құқықтарын асыра пайдаланды деп есептелетін жағдайларға әкеп соғады;

– Тергеу бөлімі бастықтарының өзіне бағынысты тергеушілердің тергеу дербестігін басқару бойынша тиімді қатынасын анықтау қажеттілігі. Сапалы тергеуді қамтамасыз ету үшін теңдей мөлшерде оның өндіріс барысын белсенді бақылауды жүзеге асыру және тергеушінің процессуалдық дербестігімен қамтамасыз етілетін тергеушінің жоғары жеке жауапкершілігінің сақталуы қажет [53, 60 б.].

Заттеу барысында бізбен жүргізген 2018-2020 жылдар аралығында тергеу қызметкерлерінен алынған сауалнаманың нәтижелерін талдау тергеу бөлімі бастығының бөлімшеге келіп түсетін әрбір қылмыс туралы арыз бойынша шешім қабылдайтындығын, зерттейтіндігін, талдайтындығын, оларды сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеруге тіркеу туралы негізделген шешім қабылдау үшін мәліметтердің жеткілікті тұрғысынан бағалайтындығын көрсетті. Олардың бар болуына байланысты сотқа дейінгі тергеп тексеруге тіркеу немесе



қосымша мәліметтер алу мақсатында тексеру жүргізу туралы шешім қабылданады. Сонымен қатар тергеу бөлімінің бастығының келесідей құқығы бар:

а) тергеу жүргізу туралы қарамағындағы тергеушіге жазбаша нұсқаулар беруге және оны жолдауға, және бұлардан басқа да процессуалдық әрекеттерді орындауға;

б) істі өз өндірісіне қабылдап, тергеу жүргізуге жеке өзі қатысуға;

в) тексеруге немесе қылмыстық істің материалдарын бір тергеушіден екіншісіне беруге.

Осы мәселеге байланысты Б.В. Асриевтың пікірінше жазбаша нұсқауларды беру тергеу бөлімінің бастығы мен тергеушінің өзара әрекеттестіктің маңызды формаларының бірі болып табылады. Жазбаша нұсқау — биліктік-басқарушылық сипаттағы құқық қолдану қызметінің жеке актісі. Тергеушіге оның өндірісіндегі қылмыстық іс бойынша бағытталған нақты ұйғарымнан тұрады. Бұл оның пікірінше қажетті процессуалдық не болмаса тергеу әрекетін жүргізу туралы шешім қабылдау туралы нұсқау [54, 30 б.]. Біз бұл пікірмен келісеміз және кез келген процесске қатысушылардың арасында белгілі құқықтық қатынастар туғызатын құжат сияқты тергеу бөлімі бастықтарының жазбаша нұсқаулары қылмыстық істің материалдарына тігілуі тиіс. Солай бола тұра, осы зерттеуді жүргізу барысында жүргізілген қылмыстық істердің материалдарын зерттеу, бұл ереженің тәжірибеде көбінесе орындалмайтындығын көрсетті. Сондықтан К.Т. Балтабаевтың тергеу бөлімінің жазбаша нұсқауларын тігуді (Қазақстан Республикасы КПК 59 б. 3б.) заңнамалық тұрғыда бекіту туралы пікіріне қосылған жөн.

Тергеуге қатысу не болмаса істі өз өндірісіне қабылдау сияқты бақылау нысанының қажеттілігі, прокурор немесе анықтау органының бастығы сияқты, тергеушілерді жеке өзінің қылмыстардың нақты түрлерін тергеуді ұйымдастыру мен әдістемесін, не болмаса жекелеген тергеу әрекеттерді жүргізуін үлгі ретінде көрсету арқылы оқыту. Одан бөлек тергеушінің өндірісіндегі қылмыстық істердің материалдарымен танысу, тергеу бөлімінің бастығына бұлтарпау шарасын таңдау сәтін анықтауда білікті көмек көрсетуге, қандай да бір тергеу әрекетін жүргізудің тактикасы бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік береді [55, 18 б.]. Тергеу бөлімі бастығының істі өз өндірісіне қабылдауы тек заң бұзушылықты басқа жолмен шешудің ешқандай мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана орын алады. Толық және объективті тергеу мақсатында тергеу бөлімінің бастығы істі бір тергеушіден басқасына беруі мүмкін. Бұл белгілі бір тергеу сатысымен байланысты емес және процессуалдық та, және ұйымдастырушылық-басқарушылық та себептерден туындайды. Масалы, субъективтік (сырқаттану, демалыс және т.б.), не болмаса объективтік (төмен біліктілік, тергеуден шеттету және т.б.) себептерден туындаған тергеушілер арасындағы жүктемені қайта тарату мақсатында. Бұл туралы шешім тергеу бөлімінің бастығымен дербес қабылданады және тергеушінің ауыстырылуын түсіндіру арқылы істің материалдарына тігілуге тиіс қаулы немесе нұсқау ретінде ресімделеді.

Солай бола тұра, Б.М. Нұрғалиев тергеу бөлімі бастығының процессуалдық өкілеттіктері кеңейтуді қажет етеді, себебі бұл оған тергеуді тиімді бақылау мен заңсыз және негізсіз шешімдерді қабылдауға жол бермеуден басқа анықталған заң бұзушылықтарды өз өкілеттігімен жоюға мүмкіндік беруге тиіс. Кез келген ведомствоның бастығы оған бағынысты тұлғамен қабылданған кез келген шешімді, егер ол заңға қайшы болса, жоюға құқылы. Тергеу бөлімінің бастығын мұндай құқықтан айыруға ешқандай негіздің жоқ екендігі көрініп тұр. Тергеушінің заңсыз немесе негізсіз қаулысын (мысалы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қысқарту, тоқтата тұру туралы) жоюға құқық тергеу бөлімінің бастығына қателіктер мен заң бұзушылықтарды жедел дұрыстауға, жоюға мүмкіндік береді. Бұдан тек істің мүдделері жеңеді [56, 77 б.], себебі ведомстволық бақылауды күшейту тек тергеуші жұмысының нәтижелеріне жағымды әсер етіп қана қоймай, сондай-ақ ведомствоның тергеу процессуалдық нормалардан ауытқусыз жүргізілгендігі туралы жауапкершілігін күшейтеді.

Бұл сұрақ тұрақты баспа беттерінде бірнеше рет көтерілген. Соған қоса, 1995 ж. 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақ ССРО ҚПК 118 б. тергеу бөлімі бастығының қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қысқарту, тоқтата тұру туралы тергеушінің заңсыз қаулыларын жоюға құқығы (24 сағат ішінде прокурорға хабарланған жағдайда) заңнамалық тұрғыда бекітілді. Дегенмен, бұл баптың ережелері белгісіз себептермен 1997 ж. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің редакциясына кірмеген. Солай бола тұра, бұл сұрақ өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазір тергеу бөлімдері мен басқармаларының бастықтары заңсыз қылмыстық істі қозғаудан бас тарту немесе оны қысқарту жағдайларын анықтаған жағдайда прокурорлардан заңсыз қаулыны жою туралы өтінуге мәжбүр болып жүр. Бұл, әдетте, тергеу басқармалары мен бөлімдерінің қалалық және аудандық бөліністерінің тергеушілері шешкен істерді тексеру кезінде орын алады. Сондай-ақ прокурорлар тергеушілердікі дұрыс еместігі үшін емес, қаулы шығарылған сәттен бастап ұзақ уақыттың өткеніне және оны жоюдың мақсатқа лайықсыздығы үшін өтініштерді қанағаттандыруға әрдайым келісе бермейді. Айтылғандарды ескере отырып, Қазақ ССРО ҚІЖК 121-1 б. 2 б. тергеу бөлімінің бастығына тергеушінің заңсыз қаулыларын жоюға, сонымен қатар тек қадағалаушы прокурормен келісілгеннен және одан кейін тергеушіге хабарлағаннан кейін ғана заңды күшіне енетін ережелеріне оралған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 59 бөлігіне енгізген жөн деп ойлаймыз. Бұл тергеу бөлімі бастығының нұсқауларына шағым берудің тәртібін оңтайландырады, және де екінші жағынан прокурорлық қадағалаумен тығыз өзара әрекеттестікте тергеуші тарапынан заңдылықты бұзушылықтарына жедел ықпал етуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, бұны Б.Х. Төлеубекова ұсынғандай тергеудің аяқталу сатысындағы өкілеттіктерін де, жекелей алғанда, айыптау қорытындысын құрастыру құқығы немесе сырқаттану, шұғыл шығу немесе тергеуді жүзеге асырып жатқан тергеушіні шеттеткен жағдайларда басқасына беру құқығын қарастыру қажет. Сондай-ақ тергеу бөлімі бастықтарына тек

тергеушілерді алмастыру, оларды көтермелеу немесе тәртіптік жазаға тарту туралы ұсыныстарды (соның ішінде жинақталғандар) жолдау ғана емес, сонымен қатар қылмыстардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды жою туралы ұсыныстар, оларды қарастыруға қатысу, сондай-ақ тергеушінің негізсіз жолдаған ұсыныстарын жою туралы ұсыныстар жолдау құқығын да беру керек [57, 18 б.].

Тергеу бөлімі бастығының ведомстволық бақылауды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктері прокурор мен анықтау органы бастығы сияқты қылмыстық- процессуалдық заңнамамен және ведомстволық нормативтік құжаттармен реттелген және процессуалдық және ұйымдастырушылық- басқарушылық формаларда көрінеді. Сондай-ақ осы қызметтің туындауына негіз болып тек нақты қылмыстық істі тергеу барысында заңды сақтамауға байланысты бұзушылықтар ғана емес, сонымен қатар тергеушілердің өндірісіндегі істер бойынша қылмыстарды тергеуді дұрыс емес түрде ұйымдастыру да табылады.

Тергеу бөлімі бастығының өкілеттіктеріне (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 59 бабы және ішкі істер органдары тергеу аппаратының қызметін ұйымдастыру бойынша Нұсқаулықтың 14, бөлігі) жатады:

– тергеу бөлімшесіне келіп түскен қылмыстық істерді қозғауға арыздар, хабарламалар және қылмыстар туралы тексерістердің материалдарын қарастыру және анықтау органына тергеу алдындағы тексерістің материалдарын, егер олар қылмыстық істі қозғау үшін жеткілікті себептер мен негіздерді қамтымаса, қайтару;

– тергеушілермен тергеліп жатқан қылмыстық істерді зерттеу олар бойынша жазбаша нұсқаулар беру, ал қажет болған жағдайда тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу не болмаса істі өз өндірісіне қабылдау Тергеу бөлімі бастығының ұйымдастырушылық-басқарушылық өкілеттіктеріне келесілерді жатқызуға болады:

– тергеу бөлімшесінің қызметін, оның ішкі істер органдарының жедел қызметтерімен, сондай-ақ басқа да құқық қорғау органдарымен және ведомстволармен өзара әрекеттестігін бағыттау. Сонымен қатар, ол өзіне бағынысты органның алдын ала тергеуді жүзеге асыратын тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алып, басқа осы немесе басқа органның алдын ала тергеуді жүзеге асыратын тергеу бөлімшесіне құқылы (мысалы, басқа органның тергеу реттілігін не болмаса істер байланысы бойынша тергеу реттілігін анықтау барысында);

– тергеушілердің өз өндірісіндегі істері бойынша әрекеттерінің дер кезінде орындалуын, соның ішінде, істің барлық мән-жайын жан-жақты, объективті зерттеуін, тергеу мерзімі мен қамауда ұстау мерзімдерін сақтауын, прокурордан және басқа да жоғары тұрған органдар мен тергеушілерден келіп түскен нұсқаулары мен тапсырмаларды, егер бұл заңмен қарастырылған болса, орындауын бақылау;

– тергеушінің жедел-іздігі қызметінің материалдарымен танысу құқығын қамтамасыз ету және осы материалдарды тергеуде дәлелдемелер ретінде пайдалану үшін уақытылы беруін бақылау;

– қалыптасқан жедел жағдайды есепке ала отырып бөлімше қызметін жоспарлауды қамтамасыз ету; бөлімше қызметінің кемшіліктерін жою және жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу; жедел жиналыстарда өзекті сұрақтарды қарастыру және алдыңғы қатарлы тергеу жетістіктерін тарату;

– өзіне бағынысты бөлімшесі қызметкерлерінің арасындағы өзара міндеттерін бөліп беру; жедел-тергеу топтарындағы кезекшілік кестелерін құрастыру; заңмен қарастырылған жағдайларда тергеуді бірнеше тергеушілерге тапсыру немесе тергеушіні іс бойынша өндірістен шеттету;

– аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жолдау; өндірісте тұрған қылмыстық істерді есепке алу; бағынысты бөлімшенің жұмысы туралы есепті құрастыру;

– тергеушіні қалыпты тұрмыстық, өндірістік және әлеуметтік жағдайлармен қамтамасыз ету; кадрларды іріктеу және орналастыру, өз өкілеттігі шегінде өзіне бағынысты тергеушілердің әрекеттері мен шешімдеріне түскен шағымдарды қарастыру және шешу;

– жоғары қауіптілік туғызатын қылмыстар туралы хабарламалар бойынша оқиға болған жерге жедел-тергеу тобы мүшелерімен бірге бару және оны тиісті түрде қарауды қамтамасыз ету;

– тергеу әрекеттерін ұсталғандардың қатысуымен жүргізгенде, оларды ұйымдастыру мен айдауылдауды қамтамасыз ету.

Осылайша, анықтау органының бастығы немесе тергеу бөлімінің бастығы тарапынан өздеріне бағынысты анықтау және тергеу бөлімшелерінің, олардың тергеп жатқан қылмыстық істері бойынша қызметін ведомстволық бақылау заң бұзушылықтарды ескертуге бағытталған осы бөлімшелердің күнделікті қызметінің негізінде туындайтын, процессуалдық және ұйымдастырушылық-басқарушылық өкілеттіктерін жүзеге асыруында не болмаса осы бөлімшелердің оларға қойылған міндеттемелеріне байланысты қалыпты жұмысын қамтамасыз ету.

Анықтау мен тергеу органдарының қаулылары мен әрекеттеріне, сондай-ақ қамауға алуға және оның мерзімін ұзартуға санкция беруге (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 106, 107 б.б.) прокурор шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін соттық бақылау туралы сұрақты қарастыру барысында қазіргі уақытқа дейін осы өкілеттіктерді іске асыру шарасы теориялық тұрғыда, соттық бақылаудың өзектілігі күмән тудырмағанымен, аяғына дейін өнделмегендігін мойындау керек. Бұл бірінші кезекте қылмыс жасауға кінәлі деп сотпен танылмаған тұлғаның жеке бостандығы тергеліп жатқан қылмыстық істің нәтижесінде тікелей немесе жанама мүдделі лауазымды тұлға шектей алатын жағдай қазіргі қоғамдық қатынастардың деңгейіне және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мәніне сәйкес деп тануға болмайды. Осыған байланысты, Г.Н.Козыревтың шағымдарды тексеру материалдарын зерттеу

барысында тергеуден жасырынғысы келген кәмелетке толмаған Колобовты қамаудан босату фактісін анықтаған мысалды келтірген жөн. Қамауға алудың заңдылығы мен негізділігін соттық тексеріс барысында жалтарудың себебі милиция жұмысшыларының жаңадан ұрып-соғуларынан қорқыныш болып табылғандығы анықталды. Тек қана соттың кәмелетке толмағанға қатысты қамауға алуды жойып араласуы ғана оны заңсыз тергеу әдістерін жүргізуді қорғап қалуға мүмкіндік берді. Осылайша, тек бір ғана Колобовтың босатылуының өзі соттың қамауға алуды шағымдау институтының маңыздылығын анықтайды. Ф. М. Достоевский айтып өткендей, «егер балалардың азап көруі ақиқатты сатып алуға қажетті сома толтыруға кеткен болса, онда... бар ақиқат мұндай бағаға тұрмайды» [58, 288 б.].

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын соттық шағымдау институты алғаш рет 1993 жылы 18 қазандағы Қазақ КСРО ҚІЖК (Қазақ КСРО ҚІЖК-нің 77-1, 77-2 б.б.) енгізілген болатын. Дегенмен, Қазақстандық заңшығарушы сол уақытта әрекеттегі Конституцияның 36 бабын және процестің алдыңғы сатыларындағы өндірістің заңдылығы мен негізділігін соттық бақылауды кеңейту туралы Қазақстан Республикасы мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасының талаптарын бұзып, заңдылық пен негізділікті соттық бақылау институтын артық деп санап, (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17 наурыздағы Жарлығының) екіжылдық мерей тойын күтпестен жойып жіберді. Оны қысқартудың ресми себебі — негізсіз немесе негізді болса да, бірақ тек формалды себептермен ғана соттардың қауіпті қылмыстар жасаған тұлғаларды қамаудан босату фактілері болды [59, 115 б.].

Сотқа қамауға алуға санкция беру функциясын беру қамауға алуды таңдауды бақылаудың қандай функциялары болу керек екендігі туралы сұрақтарын шешу толық сотқа қойылған және олар осы диссертацияда қарастырылмайды, себебі біздің зерттеуіміздің шегінен шығады. Соттың соттық бақылауды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктері қылмыстық-процессуалдық және процессуалдық және ұйымдастырушылық-басқарушылық нысандарда көрініс табатындығын атап өтеміз. Прокурорлық қадағалау, ведомстволық және соттық бақылауды жүзеге асыратын арасында өкілеттіктерін өзара шектеу бүгінде алдын ала тергеу және анықтау органдарының алдында тұрған көптеген проблемаларды шешіп, сотқа дейінгі кезеңдерде тергеуді оңтайландыруға мүмкіндік береді деп санаймыз.

## Қорытынды

Әрбір болған адам өлтіру фактілері анықталғанда қылмыстық істер қозғайды, бірақ қылмыс құрамдарының әртүрлілігі нақты қылмыстық істерді тергеу әдістемесінде белгілі ерекшеліктерді туындап, көптеген болжамдар қарастырылады. Осы орайда тергеушінің міндеті – кісі өлімінің себебін және кінәлі тұлғаларды анықтау, қылмысты кім жасады, неше адам, және олардың әрбіреуінің нақты әрекеті және әдейі немесе абайсыздықта өлтіргендігі, сонымен қатар адам өлтіруді тергеуге бағытталған басқа да сұрақтарды анықтай отырып қылмысты ашуға бағытталған шаралар осы диссертациялық жұмыста жан-жақты қарастырылды десе де болады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттері ретінде оның тақырыбына байланысты көптеген ғылыми еңбектер мен тәжірибеден мысалдар келтірілді. Сонымен қатар, адам өлтірудің мақсаты мен ниеті, оның салдарынан пайда болған басқа да қылмыстық әрекеттерді тексеріп қарастырылып оның маңыздылығын ашылды. Осы орайда тәжірибеден және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын зерттей отырып диссертациялық жұмыста адам өлтіру қылмысы жан-жақты сипатталды. Адам өлтірудің жалпы себебін анықтай отырып, оған дейінгі болған жағдайды көз алдына елестету арқылы адам өлтірудің бұл жердегі жағдайын, қылмыскердің қылмыс жасаған дәл уақытын және себептерін анықтау мақсатында көптеген ғылыми түрде әдістер мен шақты шаралар айтылды..

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік құндылығы ретінде адам өлтіруді тергеу әдістемесінің біршама ерекшеліктерін қарастыра отырып, барлық жағдайларды анықтап және жерде де сол қылмыс неден басталды және ол қылмыс қанша уақытқа созылды, қылмыскердің нешінші жасап тұрған қылмысы, оның жеке басын сипаттайтын мәліметтерді анықтап кеңінен зерттелінді. Сонымен қатар қылмыскер адам өлтіру барысында қандай қылмыстың құралын қолданды, осы және басқа да сұрақтарды анықтау мақсатында жүргізілетін тергеу әрекеттерге аса көңіл аудару қажеттілігі атап көрсетілді. Сондықтан осы аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешіліп қарастырылды:

– қылмыстық іс жүргізуде адам өлтіру қылмысының қылмыстық құқықтық, процессуалдық, криминалистикалық ұғымы және маңыздылығы айқындалды;

– адам өлтіру қылмысының болу себептері;

– адам өлтіруге байланысты тергеушінің жүргізілетін әрекеттерін, қылмысты тереп ашу мақсатындағы әдіс тәсілдері;

– адам өлтіру қылмысын ашуға бағытталған нақты шаралары;

– адам өлтіру қылмысында жүргізілетін тергеу әрекеттердің нақты түрлері ерекшеліктері;

– қылмыскердің жеке басына нақты сипаттама берілді;

– адам өлтіру қылмысына байланысты жүргізілетін сараптаманың түрленін айқындап сипатталынып салыстырылды.

Кісі өлігі табылған жерді тексеру қылмыстың тез ашылуына көп себебін тигізеді. Өлтіру әдісі өзіне оның әдістерін, қандай қарумен атылғандығын, қанша рет атылған, абайсыздықта немесе арнайы тапсырмамен, қаруларының жиынтығын құрайды. Сондықтан жәбірленушінің жеке басын анықтау қылмыстың себебін білуге көп себебін тигізеді. Қазақстан Республикасы қылмыстық процесілік кодексінің - заңына сәйкес тергеуші тергеу ісін өзіне қабылдап іс жүргізуді бастайды.

Адам өлтіру қылмысын тергеудің кейбір әдістемелері ұсынылып, оның алдын алу әдістемесі қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстарды да тергеудің сапасын арттыруға да, азаматтарды адамгершілікке тәрбиелеуге көп септігін тигізеді.

Жұмыста жүргізілген зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы атап өтілді және оларды әкімшілік, жедел-іздістіру, тергеу, құқық қорғау органдарының жұмыстарында пайдаланудың негізгі бағыттары көрсетілді.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан газеті 03.09.2019 ж.
2. Жәкішев Е. Криминалистік тактика. Алматы, 1997.
3. Звирбуль А.К., Расследование убийств. М.,1980
4. Белкин Р.С., Лузгин И.М. Том II. Под редакций заслуженного деятеля науки РСФСР профессора Р.С.Белкина и профессора И.М.Лузгина. Криминалистика. II-том Учебник для вузов МВД СССР. М.,1980
5. Еркенов С.Е., Сұлтанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы / Професс. Е.І. Қайыржановтың редакциясында - Алматы, 2002.
6. Образцов В.А. Учение о криминалистической характеристике преступлений // Криминалистика/ под ред. В.А. Образцова.- М., 1995
7. М.В. Салтевский Криминалистическая характеристика: структура, элементі /Специализированный курс криминалистики.- Киев, 1987
8. В.Н.Исаенко. О практике раскрытия и расследования убийств с применением огнестрельного оружия // Прокурорская и следственная практика, 2001. №3-4
9. Гусев С.И., Руководство по расследованию убийств.М.: "Юридическая литература", 1977
- 10.Пахомов А.В., Криминалистика.-Москва-Воронеж.-:2000.
11. Руководство по расследованию убийств. Руководители авторского коллектива А.М.Ларин., Г.Н.Мудьюгин. "Юридическая литература". М.,1977.
- 12.Зуйков Г.Г. Криминалистическое учение о способе совершения преступления: Дисс. ... д.ю.н. Т.1.М, 1970.
- 13.Гельманов А.Г.Сущность, криминалистическое значение и методы установления способа сокрытия преступлений против жизни, здоровья граждан: Дисс. ... к.ю.н. М., 1982.
14. Васильев А.Н. Следственная тактика. М., 1976.
- 15.Попов В. И. Осмотр места происшествия. М.: Госюриздат, 1959.
16. Белкин Р. С. Курс советской криминалистики. М., 1977.
17. Бурданова В.С. О понятии и значении негативных обстоятельств// Вопросы предупреждения преступности. Вып. 2. М., 1995.
18. Қалаев С. Адам өлтіру қылмысы бойынша оқиға болған жерді карау ерекшеліктері.-Республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. Заң 9-10/2004
19. Медведев С.И. Негативные обстоятельства и их использование в раскрытии преступлений. Волгоград: ВСШ МВД СССР,1973.
20. Орталық әскери аймақ бойынша әскери тергеу бөлімінің материалдары
21. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне түсінік. Алматы, 2015.
22. Л.О.Царева. Учебно- методическое пособие по криминалистике. Алматы. 2000. С.91



23. А.Желудков. Криминалистика: Конспект лекций. Москва, 1999. С. 57
24. А.Я.Гинзбург. Осмотр места происшествия. Освидетельствование. Алматы, 1998. С.142
25. Д.А. Корецкий. Криминальная армалогия: понятие и содержание // Правоведение, 2002. №3
26. Р.С.Белкин. Криминалистика: проблемы сегодняшнего дня. Москва, 2001. С.56
27. А.Н.Васильева. Криминалистика. Москва, 1980. С.39
28. В.С. Аханов. Криминалистическая экспертиза огнестрельного оружия и следов его применения. Волгоград, 1979. С. 25
29. Б.М. Комаринец. Криминалистическое отождествление огнестрельного оружия по стреляным гильзам. Москва, 1955. С.104
30. Звирбуль А.К., Расследование убийств. М., 1980
31. Белкин Р.С., Лузгин И.М. Том II. Под редакций заслуженного деятеля науки РСФСР профессора Р.С.Белкина и профессора И.М.Лузгина. Криминалистика. II-том Учебник для вузов МВД СССР. М., 1980
32. Гусев С.И., Руководство по расследованию убийств. М.: "Юридическая литература", 1977
33. Пахомов А.В., Криминалистика.-Москва-Воронеж.-:2000.
34. Руководство по расследованию убийств. Руководители авторского коллектива А.М.Ларин., Г.Н.Мудьюгин. "Юридическая литература". М., 1977.
35. Гельманов А.Г. Сущность, криминалистическое значение и методы установления способа сокрытия преступлений против жизни, здоровья граждан: Дисс. ... к.ю.н. М., 1982
36. Зуйков Г.Г. Криминалистическое учение о способе совершения преступления: Дисс. ... д.ю.н. Т.1.М, 1970.
37. Васильев А.Н. Следственная тактика. М., 1976.
38. Жәкішев Е. Криминалістік тактика. Алматы, 1997.
39. Попов В. И. Осмотр места происшествия. М.: Госюриздат, 1959.
40. Белкин Р. С. Курс советской криминалистики. М., 1977.
41. Бурданова В.С. О понятии и значении негативных обстоятельств // Вопросы предупреждения преступности. Вып. 2. М., 1995.
42. Медведев С.И. Негативные обстоятельства и их использование в раскрытии преступлений. Волгоград: ВСШ МВД СССР, 1973.
43. Статкус В. Ф., Жидких А. А. Органы предварительного следствия в системе МВД России: Учеб. пос. — М., 2000.- 103 с.
44. Яблоков Н.П., Крылов В.В. Учебник криминалистики. - М., 1990.- 970с.
45. Бурнашев Н.А. Учебник криминалистики.- Л., 1990. – 720с.
46. Герасимов И.Ф., Цыпленкова И.В. Некоторые проблемы раскрытия преступлений. — Свердловск, 1975. — 184 с.
47. Дубинский А.Я., Шостак Ю.И. Организация и деятельность следственно-оперативной группы. – Киев, 1981. С.8. – 120с
48. Дубинский А.Я., Шостак Ю.И. Организация и деятельность

следственно-оперативной группы. – Киев, 1981. – С. 8.- 120с.

49.Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика: Учебник для вузов./Под ред. Р.С. Белкина, м., 2001. - С. 800. – 990с.

50.С.Д. Оспанов. Уголовный процесс Республики Казахстан (общая часть) Алматы, 2002 г.

51.Нұрғалиев Б.М., Арыстанбеков М.А., Шәкенов А.О. Криминалистика (дәрістер курсы). Қарағанды: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚарЗИ, 2005

52.Дубровин А. П. Проблемы процессуального контроля за деятельностью следователей органов внутренних дел по расследованию преступлений: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1989.

53.Б.Х. Төлеубекова. Қылмыстық іс жүргізу құқығы Алматы. 1998ж

54.Асриев Б.А. Начальник следственного отдела: процессуальное положение и руководство следователями.- М., 1968

55.Балтабаев К. Т. Домашний арест в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2001.

56.Нургалиев Б. М. Организованная преступная деятельность. — Караганда: Карагандинская высшая школа ГСК РК, 1997.

57.Б.Х. Төлеубекова. Қылмыстық іс жүргізу құқығы Алматы. 1998ж

58.Достоевский Ф. М. Братья Карамазовы: Полн. собр. соч. в 12 т. —М., 1982. Т. 11.

59.Ким Д. В., Смирнов С. В., Хан А. Л. Рецензия на книгу Г. Н. Козырева «Судебная проверка законности и обоснованности ареста: учебно-практическое пособие» // Перспективы реформирования уголовно-процессуального права в Республике Казахстан: Сб. науч. тр. — Караганда: КВШ МВД РК, 1995.

---